Mentor
әдістемелік орталығы

“MENTOR”
ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

«Үздік қалам»



республикалық ғылыми-танымдық
әдістемелік журналы

№13(7)
2024

Ақтөбе қаласы

МАЗМҰНЫ
CONTENT
СОДЕРЖАНИЕ

Айтжан Жанар Ахметқызы 4
Акилбекова Салтанат Елтаевна 6
Акилбекова Салтанат Елтаевна 9
Аминова Гүлбаршын Токтарбаевна 13
Бурибаева Сауле Якубовна 16
Едербаева Молдир Табандиевна 18
Естекова Ботагоз Болатовна 22
Жанбаулиева Щаттык Жаксыбаевна 26
Жанбаулиева Щаттык Жаксыбаевна 29
Жангабыл Боранбай Турегалиулы 31
Жумалиева Гаухар Исенгельдовна 34
Иманбаева Гульмира Шукирбаевна 37
Нурписова Айгуль Харамановна 41
Карибаева Нургуль Амановна 43
Куатова Шайгуль Убаевна 47
Қуаныш Балбөбек 50
Матжанова Жанылсын Сапаровна 53
Салық Гүлдана Асанбайқызы 56
Тәжібаева Әсемгүл Оразалықызы 59
Оспанов Әнуарбек Бақтыбайұлы 62
Отаралин Мейрамбек Жаксылыкович ... 64
Салық Рысжан Жұмағұлқызы 67
Шакибаева Салтанат Абубакировна 69

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ ЕРЕЖЕСІ

Мақсаты:

Педагогтердің ғылыми-танымдық әлеуетін дамыту.

Басылымы Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды есепке қою туралы № KZ49VPY00083149 куәлігі 2023 жылы 04 желтоқсанында берілген, құжатқа сәйкес 2024 жылдан бастап шығарылады.

Кезеңдік басылым: 1 жылда 24 рет, қазақ, орыс және ағылшын тілінде жарық көреді.

Журналда Қазақстан Республикасының арнайы және жоғары оқу орындары, мектепке дейінгі ұйым, ЖББОМ педагогтерінің шетелдік ғалымдар, ғылыми-зерттеу мекемелерінің ғалымдары орындайтын (орындаған) іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің, эксперименттік әзірлемелердің нәтижелері, сондай-ақ ғылыми-ақпараттық материалдар және т.б. жарияланады.

ЖАУАПТЫЛАР:
Бас редактор:
Нурбергенова Сауле Турмаганбетовна
Бас редактордың орынбасары:
Жайтапова Алтынай Альбековна, п.ғ.д., профессор
Редакция алқасы:
Тихомирова Валентина Тихоновна п.ғ.к., доцент
Сулекенова Гульжан Утесиновна
Рысбекова Айнур Маратовна
Озган Мехмет
Дауметова Салтанат Турмаганбетовна
Дизайн:
Муханбедин Аружан Айбарқызы

Меншік иесі: «Mentor» әдістемелік орталығы
(Ақтөбе қаласы)
Редакцияның мекен-жайы: Индексі-030000
Ақтөбе қаласы, А.Молдагулова даңғылы 66/2
Авторлар қолжазбасы, суреттер өңделмейді және кері қайтарылмайды.
Редакция авторлар мақаласының мазмұнына жауап бермейді.
Журналда жарияланған материалдары көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, сілтеме жасалуы міндетті.
Журналға жинақтарыңызды kalam2025@mail.ru. почта арқылы жіберулеріңізге болады.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

Айтжан Жанар Ахметқызы

Ақтөбе қаласы, «Әбіш Кекілбайұлы атындағы №72 ЖББО IT мектеп – лицейі» КММ мектепалды даярлық сынып жетекшісі

ДЫБЫСТЫҚ ТАЛДАУ

Мақсаты: Сауат ашу оқу қызметінен алған білімдерін пысықтау. Дыбыстардың белгілерін ажырату, дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйрету.

Үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасау, дағдысын дамыту ұқыптылыққа, шапшаңдыққа баулу.

Міндеті: - Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын жетілдіру.

Әдіс–тәсілдері: Серпілген доп, топқа бөлу, дыбыстық талдау

Керекті құралдар: Суреттер, әріптер таңбасы, оқу құралдары

ҰІӘ барысы

Ұйымдастыру кезеңі:

1. **Шаттық шеңбер**

Үлкенге де сіз,
Кішігеде де сіз.
Барша жанды құрметтеп ,
Бас иеміз біз



2.Серпілген доп

1.Дыбыс нешеге бөлінеді?

2.Қандай дыбыстарды білесің?

3.Дауысты дыбыс қандай түспен белгіленеді?

4.Дауыссыз дыбыстар қандай түспен белгіленеді?

3.Қызыл,сары,көк,жасыл түстер арқылы төрт топқа бөлу

Топтық жұмыс

Жұмбақ жасыру


Қызыл топ

1.Бала біткен соғады
Жеңіл шарды домалақ
Ұрсаң ұшып жоғары
Жерге түсер домалап (**Доп**)



Сары топ

2.Алтын сандық ашылды
Шуағы жерге шашылды.(**Күн**)



Көк топ

3.Күн нұрын далаға береді
Дала оны гүлге береді
Гүл оны араға береді
Ара әкеліп бізге береді.(**Бал**)



Жасыл топ

4.Гүлдерден нәр тереді
Біздерге бал береді.(**Ара**)



1 ші топ қызыл түс,
Доп сөзіне дыбыстық талдау жасау

2 ші топ сары түс
Күн сөзіне дыбыстық талдау жасау
3 ші топ көк түс
Бал сөзіне дыбыстық талдау жасау.
4 ші топ жасыл түс
Ара сөзіне дыбытық талдау жасау





Сергіту сәті
Тербеледі ағаштар
Алдымнан жел еседі
Кіп кішкентай ағаштар
Су құйғанда өседі.

Қорбандаған аюдың
Құлпынайы көп екен
Теріп-теріп алайық
Қалтамызға салайық




Дидактикалық ойын : «Дыбыстар тастамақ»

Төрт топтан бір-бір оқушыдан шығып, көрсетілген дыбыстар арқылы дауысты дауыссыз дыбыстарды ажыратып,іздер арқылы жүреді.






Жеке жұмыс
Жазылым:«Көркем де, әдемі жаз »
(Суретті штрихтау, үзік сызықтардың үстінен бастырып жазу, жиіктерді жазу

Рефлексия .
1.Біз не білдік?
2.Балалар бүгінгі сабақ ұнады ма?
3.Біз қандай тапсырмалар орындадық?
4.Біз білімді ақылды болу үшін не істеуміз керек?

Бағдаршам әдісі.



ТАҢБАЛЫ ТАСТЫҢ СЫРЛАРЫ

Акилбекова Салтанат Елтаевна
гуманитарлық ғылымдар магистрі

Ақтөбе қаласы «Smart Bilim» мектеп-гимназиясының тарих пәнінің мұғалімі

Міне, еліміз тәуелсіздік алғаннан бері әлі толық ашылмаған өткен тарихымыз азды-көпті түгенделіп, олжамызға марқайып, айналаға асқан құмарлықпен қарайтын болдық. Осыдан болар, талай ғасыр ашық аспан астындағы қараусыз қалған тау мен үңгір қабырғаларындағы бедерленіп, қашалып жазылған суреттер мен белгілерге деген қызығушылық арқылы ата-бабалардың өткен өмірі мен тіршілігінен хабардар болғанымыз. Таңбалы шатқалындағы талайды тамсандырған тастағы қашалған, бедерленген петроглифтер қазіргі кезде туризм көзіне айналып, халқымыздың бай мұрасы ретінде алыс-жақыннан келгендердің назарына ұсынылып, «біздерде мынадай бар, мынадай бар» деп ауыз толтырып айтуға, мақтанышымызға айналғаны да тәуелсіздікпен келген игілік.

Мұндағы петроглифтер 1957 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының Оңтүстік Қазақстан экспедициясының күшімен ашылған. Еліміздің тұңғыш кәсіпқой археологы Анна Максимова тарихи жәдігердің ашылуына бірінші болып үлес қосқан.

Таңбалы шатқалы әлі толық зерттеліп бітпеген, ежелгі палеолит дәуірінен бастап, қола дәуірін қамтитын, содан темір дәуіріне дейін келетін кезеңде пайда болғанын ғалымдар болжап айтады. Бұл петроглифтердің ең көп, әрі жүйелі түрде орналасқан жері. Кейбір есептеулер бойынша ондағы петроглифтердің саны 5 мыңнан асады.

Археологтардың айтуы бойынша, Таңбалының көптеген суреттері қола дәуіріндегі Орталық Азияның жартастағы өнерінің бірегейлігі деуге болады. Сонымен бірге ежелгі Жібек Жолының бір тармағы болғанын да тарихи орындар айғақтайды. Таңбалы тастағы петроглифтердің ең көнелері б.з.б. 2-мыңжылдықтың ортасында, кейбірі ерте темір дәуірінің басында, сондай-ақ қола дәуірінде пайда болған деген тұжырымдар айтады. Қола дәуіріне тән бейнелер мен сюжеттер негізінен «күн басты» және «дәстүрлі киім» үлгісі сипатында. Таңбалы тас Орталық Азияда кең тараған антроморфты бейне – күн шапақты бет перде киген пішіндердің көптігімен ерекшеленеді. Жалпы Таңбалы тастағы суреттер осы тауды киелі санап, мәдени ғұрыптық орынға айналдырған қауымдарға тәу ету, ғұрыптық жоралғылар өткізу кезінде алыстан көрінуі үшін таң атқаннан күн батқанға дейін күн сәулесі түсетін жартастардың ұшар биігіне салынған. Ғұрып-жоралғылар өткеннен кейін тасқа салынған суреттер дәстүрлі шаралардың мән-мағынасынан хабар бере отырып, сол кеңістіктегі дүниетанымды көрсетеді. Осы киелі шағын кеңістіктегі дәстүрлі киім үлгісіндегілер мен күн басты бейнелер, рухани құндылықтарды сақтаушылар іспетті. Күн сәулесіне орай құбылып тұратын сурет түстерінде ғарыштық және мезгілдік циклдар ғана емес, сонымен бірге тәуліктік кезең де маңызды орын алады. Мұндай суреттер ежелгі бақсылардың діни билерінен кейінгі трансқа түсу барысында жасалған деген пікір де қалыптасқан. Сонымен бірге барлық «күн басты» бейнелер алғашқы құдайды бейнелемейді, керісінше кейбір рух пен құдайлардың араласуын білдіреді деген пікір де бар.

Негізінен суреттер ата-бабамыздың ой-санасы, тіршілігі, қоршаған ортамен байланысынан мағлұмат береді. Мәселен, шатқалдағы биік жазық жартастағы «Күн құдайы» мен «Ай құдайы» бейнеленген суретте (петроглифтер) екеуін он екі жан қоршап, билеп жүр. Сурет өте анық, әрі бергі беттің өзінен де көзге шалынады. Күн мен Айға табынып, оны ұлы күш, құдірет деген адамдар санын 12 деп бейнелеуі тегін емес. Әр мүшелді 12 жаспен түйетініміз, жылды 12 аймен атайтынымыз, әрі сол кездегі адамдардың осы санға тоқтағаны ата-бабадан бізге қалған ырым-жоралғы ма деп те қаласың. Қалай десек те екі ортада жанды байланыс бар.

Жадағай ғана жартастың бетіндегі аша тұяқты аңдардың бейнесінде жан-жағына аса сақтықпен көз тіккен арқар, киік, бұғы мен қолына садақ ұстап, аң аулауға шыққан аңшы бейнесі, тағысын тағы суреттер ертедегі адамдардың ұшқыр қиялына арқау болғандығы. Сондай-ақ бұл олардың көшіп-қонып жүргенде малды негізгі кәсібіне, күнкөріс көзіне айналдырғанының дәлелі.

Сонымен қатар кеуделеріне сурет салынған бұқа бейнелері жиі кездеседі, оларды кей зерттеушілер бақсылық транс сәттерінде қалыптасқан күйдің нәтижесі ретінде түсіндіреді.

Қола дәуірінің суреттерінде жаяу және салт атты садақшылар бейнеленіп, аңшылық дәстүрлері көрініс тапқан. Тас суреттер жасау барысында жергілікті ландшафт ерекшеліктері, ұрыптық-салттық дәстүрлер де негізгі рөл ойнаған және өзіндік семантикалық мәнге ие дыбыстық ерекшеліктері бар ойыстар негізге алынған.

Таңбалы тастың бір ерекшелігі петроглифтердің дені шығыстан Күн сәулесі молынан түсетін жақпар тастарға салынғаны. Бір төбешікте дүниенің төрт бұрышын бейнелейтін ежелгі обсерватория тәріздес ғибадатхана орны сақталған. Негізінен, бұрынғы адамдар Шығысты – Көк, Батысты – Ақ, Оңтүстікті – Қызыл, Солтүстікті – Қара түспен бейнелеп түсінгенін тарихи зерттеулерден білеміз. Енді мына қызыққа қараңыз, петроглифтердің көбісі оңтүстік жақта орналасқан.

Тағы бір қызық деталь – Таңбалы шатқалындағы дыбыс акустикасының ерекшелігі. Мұнда шамамен 25-30 метрдей жерде тұрып, жай ғана қалыпты сөйлеген адамның дауысы қарсы жақта тұрған адамның құлағына соншалықта анық естіледі. Сонда мұның құпиясы неде? Әлі ешкім таппаған сұрақтың бірі осы.

Мұнда екі қолын екі жаққа жайып, Тәңірге жалбарынып тұрған адамдардың бейнесін де кездестіреміз. Осы бойынша болжам жасасақ, сірә, Тәңірге /Көк аспанға табынып, қос қол жайып жалбарыну/, Күнге, Отқа табыну осы кезден бастау алған сияқты. «Авестада»/зороастризмнің қасиетті кітаптарының жинағы/ Заратуштра ілімінің көшпенділерден, нақтылап айтқанда, б.з.б. 1 мыңжылдықтың 1 жартысында Орта Азияда, не солтүстік-батыс Ауғанстан мен солтүстік-шығыс Иранға көрші аймақтардың бірінде мойындалған емес пе.

Таңбалы тастарда қос аяқты арбаға мінгендер сұлбасының ұшырасуы, арбаның дөңгелегі де Күннің бейнесінен алынып жасалғаны дәлелсіз шындық. Египеттіктер пирамида тұрғызғанда әлі дөңгелекті білген жоқ еді. Ғалымдардың: «Адамзат тарихында дөңгелектің ойлап табылуы - ракета жасап шығарумен пара-пар ғылыми революция болды» деп бағалауы бекер емес. Оны ойлап тапқан біздің ата-бабаларымыз. Себебі, олар Күн жүйесіндегі Жер мен Айдың айналатынын білген. Дөңгелекке қарасаңыз, тура Күн. Сыртқы шеңбері – жалпы ғарыш әлемі, Аспан кеңістігі, оның ішінде жан-жағына шапағын шашқан Күн. Күннің ортасынан ось өткізіп жіберген де арба жасаған арғы бабаларымыз. Басқаша болуы мүмкін емес.

Таңбалы - түркілік тас жазуының алғашқы тәжірибелік әліппесі, Таңбалы болмаса, Күлтегін қайда? Күлтегін болмаса, түркі елінің VII-VIIIғғ. тарихы бізге жетер ме еді?

Жарық пен түнекті, жақсылық пен жамандықты, Күн мен Айдың қозғалысымен байланыстырып, оларға үнемі құрбандық шалып табынған ежелгі адамдардың ізі Таңбалы таста сайрап жатыр.

«Болатын ел тарихын таспен жазады, болмайтын ел тарихын жаспен жазады» деген халқымыздың әдемі нақылы бар. Таңбалы – ата-бабамыздан қалған, әр дәуірлердің тегеурініне төтеп беріп, арыса да аршылып жеткен саф алтындай салт-дәстүр, әдет-ғұрпымыздың, халқымыздың рухани-мәдени, әлеуметтік сабақтастығының куәсі, бір сөзбен айтқанда бар болмысымыздың басы.

Таңбалы – аялап, қадірлейтін киелі мекен. Өйткені, ол келешек ұрпаққа ұлы рухтың мәңгілік символындай өткен мен бүгінгінің арасын жалғап жатқан ашық аспан астындағы тарихи құнды «кітап».


Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ә.Х.Марғұлан. «Тамғалы тас» жазуы. /Орта ғасырда тасқа бедерленген таңбалар//Жұлдыз, 1984. №1. 132-144бб.

2. Ә.Х.Марғұлан. «Тамғалы тас» сыры/Орта ғасырда тасқа жазылған қазақша таңба, ұрандар//Қазақ тарихы. 1993 №2. 10-12бб, 28-30бб.

3. Р.Сағид-Уahac. «Талайды таңқалдырған Таңбалы».// Егемен Қазақстан./ 2006. 10б.

4. Қазақ ССР тарихы. 1т. А., 1980. 234-236бб.



Таңбалы тастардың көрінісі



Акилбекова Салтанат Елтаевна
гуманитарлық ғылымдар магистрі

КЕТБҰҚАНЫҢ БАСШЫЛЫҒЫМЕН НАЙМАНДАРДЫҢ ИРАН МЕН ИРАК ЖЕРЛЕРІН ЖАУЛАУҒА ҚАТЫСУЫ

Ақтөбе қаласы «Smart Bilim» мектеп-гимназиясының тарих пәнінің мұғалімі

Найман тайпасының үлкен зауалдан аман қалуын, өзге де түркілік тайпалар сияқты моңғоддар державасында шаңырақ құрып, онан әрі өсіп-өнуін оның кемеңгер ұлы Кетбұқа қамтамасыз етті.

Біз жазушы К.Әбдірахманның "Кетбұқа - кемеңгер"[1] деген пікіріне толық қосыламыз. Күшілік қаза тапқаннан кейін наймандар Кетбұқаның басшылығымен Шыңғысханмен табысып, оның "оң жағынан орын тепті, жау емес жабал түгел біріккен жекжат-туысына айналып, онан әрі қырылып кетуден аман қалды. Шыңғысхан мен оның балалары, немерелері құрған ұлыстың, хандықтың құрамына кіріп, наймандар, басқа да Қазақстан аумағына келіп қоныстанған түркілік ру-тайпалармен бейбіт өмірге көшіп, өсіп-өне бастады. Солармен бірге XY ғасырдың ортасынан бастап қазақ ұлтының негізін қалауға атсалысты.

Рашид-ад-диннің мәліметі бойынша "Хулагу хан Завэ мен Хафа маңына жеткенде сырқаттанып қалды. Ол Көке-Елкейді, Кетбұқа ноянды басқа әмірлермен бірге исмаилилер иеліктерін жаулап алуды аяқтауға аттандырды"[2].

Тус қаласында Хулагу хан, ішінде Кетбұқа да бар, өмірлерімен біраз демалған соң исмаилилердің ордасын алуға аттанды. Кетбұқа үшке бөлінген әскердің сол қанатын басқарды. Исмаилилердің билеушісі Рокнеддин Хуршах біресе баласын, біресе уәзірін жіберіп, берілетіндігін білдірді. Бірақ, Хулагуден бір жылдай угқыт беруін өтінді. Хулагу өмірлерімен исмаилилер ордасын шабуылмен басып алу керек пе, әлде келесі жылға дейін шыдау керек пе деп кеңес құрды. Кетбұқа бастаған топ дереу шабуылға шұғыл жоспарын ұсынды [3].

Моңғол жағының бұл шешімін естіген соң исмаилиенің соңғы билеушісі Рокнеддин Хуршах қарсыласуға шамасы жетпейтіндігін түсініп, екі жүз жыл отырған ордасынан шығып, Хулагудың алдына келіп, тізе бүкті. Хулагу Аламутты қирату туралы Хуршахқа бұйрық берді. Қамалдың тұрғындары үйлерін тастап шығуға үш күнге рұқсат алды. Төртінші күні, яғни 1256 жылғы 15 желтоқсанда, Л.Н.Гумилев бойынша "1257 жылдың аяғына таман,[4] Аламут воеводасы қамалдан шығып, моңғол әскеріне қақпаны ашып берді. Сөйтіп, Хулагу мен оның әскерінің қолбасшысы Кетбұқа Рокнеддин Хуршахты "Рудбар мен Талқан арасында орналасқан Меймундез қамалынан шығарып алып, исмаилиенің Ирандағы күшін жойды[5].

1257 жылы қаңтарда Кетбұқа ноянның әскері Нахасия мен Сарсар жағынан келіп, Бағдадты қоршады.

Бағдадты басып алғаннан кейін Хулагу Египетті басып алуды жоспарлай бастады. Бұл жоспарды жүзеге асыруға асығыс кірісуге кресшілердің арандатушылығы себеп болды. Л.Н.Гумилевтің мәліметі бойынша: "Сидон графы Жюльен ешбір себепсіз әрі алдын-ала ескертусіз моңғолдардың күзетшілер тобына шабуыл жчсады. Өлтірілгендердің арасында Кит-Бұқаның жиені де бар Волып шықты. Бұған ызаланып аласұрған моңғолдар Сидонды тас-талқан етті, ал крест тагушылар моңғолдардың мейірімсіздігі ж:ійлы бүкіл элемге жар салды"[6]. Бұл жағдай Моңғол әскерінің Елшетке шабуылын тездетуге

себеп болды. Мысырдың сұлтаны Құтыз өзінің кеңесшілерімен ақылдаса келіп, моңғол әскерімен соғысу туралы шешім қабылдады. Бұл кезде Кетбұқаньщ әскері Сириядағы Баальбек қаласында тұр еді. Моңғол әскерінің алдынғы тобының қолбасшысы Байдар Кетбұқа ноянға мысыр әскерінің келе жатқаны туралы хабар беріп, не істеу керектігін сұрады. Кетбұқа: сол орныңда мені күт деп жауап қайтарып, әскерін оңтүстіктегі Назаретке қарай жылжытып, мысырлықтарға қарсы аттанды. "1260 жылының 26 шілдесінде мамлюктердің алдыңғы отрядты салт атпен Мысырдан шығып, Синай шөлін жанап өтті де"[7], Кетбұқа келіп жеткенше Газадағы Байдардьгң әскерін Аси өзеніне дейін куып тастады. "Сонан соң... Акра түбінде әскерлеріне қажетті азық-түлік алады. Мамлюктер онда тынығып, қатарларын қайта топтастырадь: да, Иерусалим корольдігінің территориясы арқылы Галилейге, монғол армиясының ту сыртына шығады"[8].

Екі жақтың әскері 1260 жылы 3 қыркүйекте Палестинаньщ солтүстігіңде, Назареттің маңьшдағы Айн-и Джалутта бетпе-бет кездесті.

Кетбұқаның моңғол-түркілік атты әскері, оларға көмекші армян-грузин жасақтары шаршап-шалдығып келіп, бірден шайқасқа үүсті. Мэмлүктердің алдьщғы саптағы қыпшақтық өмір Бейбарыс басқарған бөлігі [9] моңғолдар шабуылына біраз тойтарыс беріп, уақыт үтқан соң қашқан болып, кейін шегінді. Құттыз сұлтанның тасада жасырын үстап түрған әскерінің тұсына жеткенде Бейбарыстың тобы қайта бұрылып, шабуылға көшті.

Титықтап шаршаған моңғол-түркіліктердің аттары жүлқынып, тың түрған мэмлүктердің аттарынан қашып құтыла алмады.

Қоршауға түскен Кетбұқа әскерін саны жағынан бірнеше есе көп мысырлықтар жеңіп, қолбасшысын түтқынға алды. Кейбіреулер оны қашуға үгіттеп еді, ол қашқаннан гөрі ерлікпен өлгенім артық деп астындағы аты күлап, түтқынға түскенше арыстанша алысып, жан-жағын жайпап отырды.

Моңғол әскерінің аман қалған жауынгерлері шайқас алаңынаа жақын жердегі қалың қамыстың ішіне барып тығылып, жан сауғаламақ болды. Бірақ Құттыз қамысты өртеуге бүйрық берді. Сөйтіп, моңғол жауынгерлері өрттің ішінде қалып, жан тәсілім етті.

Киракос пен Вардан деген армян тарихшыларының мэліметіне ілйсне отырып, Г.Е.Грумм-Гржимайло Кетбұқа әскерінің шағын тобы ғана Евфраттың жоғарғы жағындағы таулы алқапқа қашып шықты деп жазады. Армян тарихшылары моңғол әскерінің жеңілуін мэмлүктер әскерінің сан жағынан едэуір басым болғандығынан деп түсіндірген [10].

Басқа бір мәлімет бойынша моңғол әскерінің бір бөлігі қырылды, көбі түтқынға түсті, біразы қашып құтылды. Мэмлүктердің бұл жеңісіне моңғолдармен әлі келісімге келмеген франк рыцарлары өз үлестерін қосты. Бұл жеңістен кейін мэмлүктер моңғолдардан Иерусалимды. Алеппоны, Дамасскіні қайтарып алды. Сонан кейін мэмлүктер Хулагу хан Кетбұқаның кегін алу үшін Мысыр мен Сирияға жорық жасамақ болып еді. Бірақ Мөңке ханның қайтыс болуына байланысты, Арық-Бұқа мен Хүбьшайдың арасьшдағы үлы хандыққа талас оньщ бул ойьш жүзеге асырмай тастады.

Енді Кетбұқа қашан өмір сүрген, оның арғы-бергі тегі кімдер еді деген мэселеге тоқтала кетелік. Бұл мэселелер бойьшша азды-копті мэліметтер Рашид-ад-диннің "Жылнамалар жинағынан" бвсқа кеңестік орыс тарихшысы Л.Н.Гумилевтің[11], тарихшы-ғалым М.Тыньшібаевтьщ[12], мемлекет қайраткері А.Асқаровтың[13], Жазушы, ғалымдар М.Мағауин[14] мен Т.Жүртбаевтың[15], жазушы К.Әбдірахманның[16] еңбектерінде келтірілген.

Кетбұқаньщ найман тайпасынан шыққан әскери қолбасшы болғандығы туралы нақтылы мэлімет иран оқымыстысы әрі мсмлекет қайраткері Рашид-ад-диннің (1247-1318)

"Жылнамалар жинағында" келтірілген. Онда Кетбұқаның 1253 жылғы күрьштайда Хз иагудың Иранға аттанған әскерінің алдыңғы тобының қолбасшысы болып тағайындалғандығы, оның Иран, Ирак, Сириядағы жаулап ;•'іушылықтары, ақыры 1260 жьшы 3 қыркүйекте қыпшақгык йэмлүктердің қолынан каза тапқандығы егжей-тегжейлі баяңцалған. Бірақ бұл дерек көзінде Кетбұқаньщ 1253 жылға дейінгі өмірі мен қызметі туралы, яғни оның күйшілік, шешендік өнері, Шыңғысханға Жошының өлімін естіртуі, наймаңдарды ұлы ханмен табыстыруы туралы мэліметтер келтірілмеген. ОнЫҢ өмірінің соңғы 7 жылын қалай өткізгендігі, 1260 жылы қайтыс болғандығы туралы мэселелер ешқаңдай дау туғызбайды.

Мемлекет қайраткері Асқаров Кетбұқаның сазгерлігіне, күйшілік өнеріне мэн берген. Ол кісі Кетбұқаный өмір сүрген жыддарьш дұрыс көрсете алмаған. Кетбұқаның тек сазгер, күйші, жырау, шешен ғана емес, ел басшысы, әскердің қолбасшысы болғаңдығы белгілі. Соңдай-ақ, оның Күшілік хан өлтірілген кезде (1218 ж.) шамамен 28-30 жаста болғандьны, 1260 жылы қыркүйекте қаза тапқандьны аньщ. Кетбұқа, А.Асқаров ағамыз айтқандай, Доспамбет жырауға тікелей (қандас, рулас) атадан емес. Олай дейтін себебіміз, Кетбұқа найман тайпасынан, оның ішінде бағаналы руынан болса, "Доспамбегтің руы кіші ноғайлы».

Аңыздардың эдеби жазбасьша сүйене отырьш, Кетбұқаның піешеңдік, күйшілік өнері туралы жазушы-ғалым М.Мағауин да ой толғаған. Алайда автор кейіпкердің өмір жолы жайлы мэлімет келтірмеген.

Кетбұқа туралы жазушы-ғалым Тарақты Ақселеу де қалам тартқан. Бұл автордың куэлаңдыруы бойынша "Кетбұға Найман тайпасының жыршысы, Дәулеткер күйшісі, көріпкел бақсысы, тіптен, Шыңғыс ханның хат таныған шежіреші замандасы. Яғни, Кетбұға шамамен 1150-1230 жылдар аралығында ғұмыр кешкен. ...Жошыньщ мерт болғандығын... Шынғысханға күймен естірткен. ...Кетбұға күйлері: 'Ақсақ құлан" (алты нұсқасы бар), "Нарату", т.б.".

Бұл жерде Кетбұқаның өмір сүрген жылдары дұрыс көрсетілмеген деп санаймыз. Кетбұқа қолбасшы 1260 ж. қыркүйекте қаза тапқандықган, ол тіптен 75-80 жаста да әскер басқарған және шамамен 1185 ж. туған болып шығады.

Осыған орай «Қазақстанның Ұлттық энциклопедиясыңдағы мәліметті келтіре кетелік. Онда Кетбұқа туралы мынадай жолдар бар: "Кетбұға (шамамен 1150-1225) - жырау, күйші, аңыз кейіпкері. Орта жүз курамындағы найман тайпасының бағаналы тармағынан щыккан 14 ғ-да жазылған "Шаджарат эл-атрак" ("Түрік шежіресі") апы кітаптағы деректер мен ел аузындағы аныздар бойынша, Жошы хан ан аулап жүріп қаза тапқаңца, Шыңғыс ханға қаралы хабарды жеткізуіе ешкім батпайды. Сонда Кетбұқа бас кетер ауыр міндетті өз мойнына алады[17].

Кетбуқа туралы шындыққа жақын құнды мәліметтер жазушы, ғалым Т.Журтбаевтың еңбегінде келтірілген. Бул автор алдымен Кетбуқаның өмір сүрген жылдары "шамамен 1185-1260 ж.ж." цеп көрсетеді. Т.Журтбаевтың мэліметі бойынша Кетбұқа "...елі үшін аңырата қобыз тартып, домбырамен күи шертіп, көкірегі қарс айрылған абыз; қабағынан қар жауған Шыңғыс ханның өзіне елі үшін басын тігіп, ұлының өлімін естірткен дана жырау, ең соңында, үрім-бутағын құртып жібермес үшін Иерусалимге жорыққа аттанған Хұлағу ханзаданың саяси кеңесшісі болған әскербасы"[18].

Оның куәландыруынша Кетбұқа - найманның ел көсемі, "ел атасы". "Ойранға ұшырап, жаугершіліктен, берекесіздіктен эбден зықысы шыққан көшпелі қазақ тайпаларының барлығы берекеге, ынтымаққа, татулыққа ұмтылып, жұдырықтай жұмылып, қандас Жошының төңірегіне топтасты. Алты арыс Ұлытауға жиналып, Кетбұқаны Ұлық би сайлады"[19]. Ал 1253 жылы оның Иранға аттанған Хулагудың кеңесшісі әрі қолбасшысы болып тағайындалуына

көптеген ізгі қасиеттерімен бірге "ислам дінінің шариғатын білгені, жергілікті мұсылмандармен тіл табыса" алатындығы да себеп болғандығы сөзсіз. Тарихи деректерді салыстыра қарағанда бұл айтылғандардың қисындары бар.

Сонымен қорыта айтқанда Кетбұқа XIII ғасырдағы найман іампасынан шыққан тарихи тұлға, мемлекет қайраткері десек а гелесе қоймаймыз. Ол шамамен 60-70 жас өмір сүріп, 1260 жылғы қыркүйекте қаза тапқан. Оның Шыңғысхан эулетінің сеніміне ие болып, әскери қолбасшылыққа көтерілуі наймандарды ұлы ханмен табыстыруға сіңірген еңбегінің, болашақты айқын болжай алған даналығының, адалдығының, батылдығының нәтижесі деп білеміз. Ол туралы зерттеуді терендетіп, нақтылы туған жылын, руын, Шыңғысхан дэуіріндегі Найман тұлғалары Таян, Бұйрық, Күшілік хандармен қарым-қатьшасы қандай болғаңцығъш, 1218-1253 жылдар аралығындағы қызметін нақтылы анықтай түсу керек деп ойлаймыз[20].

Пайдаланған әдебиеттері:

1. Әбдірахман К. Хан батыр – Қаракерей Қабанбай. Астана, 2005. 27-34 бб.
2. Рашид – ад – дин. Сборник летописей. Т. III. 27-б.
3. Рашид – ад – дин. Сборник летописей. Т. III. 28-б.
4. Гумилев Л.Н Қиял патшалығын іздеу.-Алматы,1992. -218б
5. Шабани Р. Иран тарихы – Алматы, 2002. 155-б.
6. Гумилев Л.Н Қиял патшалығын іздеу.-Алматы,1992. -224б
7. Гумилев Л.Н Қиял патшалығын іздеу.-Алматы,1992. -224б
8. Сонда,-224б
9. Қадырбаев А.Ш. За пределами Великой степи. А., 1997. 99 б.
10. Грумм-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урянхайский край. Т.2 -476б
11. Гумилев Л.Н Қиял патшалығын іздеу.-Алматы,1992. -224-226б
12. Тынышбайұлы М. Қазақ халқының тарихына қатысты материалдар. – Ташкент,1925
13. Асқаров А. Ұлы Тұранның ұлдары. –А., 1998.-62-63б
14. Мағауин М. Ғасырлар бедері. – Алматы,1991
15. Жұртбаев Т. «Дулыға»т.2 348-367б
16. Әбдірахман К. Хан батыр – Қаракерей Қабанбай. Астана, 2005. 19-26 бб.
17. Қ.Ұ.Э. т.4 – Алматы, 2002.-553 б
18. Жұртбаев Т. «Дулыға»т.2 348б
19. Сонда,- 357 б
20. Молдобаев И. Кыргызы в эпоху «Золотой Орды» Интернет-Санжыра. 25.05.2007



Аминова Гүлбаршын Токтарбаевна

Ақтөбе қаласы «Ә.Кекілбайұлы атындағы №72 ЖББО IT мектеп-лицейі» КММ мектепалды даярлық сынып жетекшісі

СУ-ТІРШІЛІК КӨЗІ

Білім беру саласы: «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру»

Бөлімі: Қоршаған ортамен таныстыру

ҰІӘ тақырыбы: «Су-тіршілік көзі»

ҰІӘ мақсаты: Судың адам үшін, табиғат үшін маңыздылығын түсіндіру; Су туралы алған білімдерін бекіту; Оны қорғауға, үнемді пайдалануға тәрбиелеу.

ҰІӘ әдіс-тәсілдері: Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, мозайка әдісі.

ҰІӘ көрнекілігі: Видео-слайд, қолшатыр, жаңбыр тамшылары, глобус

ҰІӘ барысы


Ұйымдастыру кезеңі:

І. Шаттық шеңбері:

Біз қандаймыз, қандаймыз,
Шұғылалы таңдаймыз.
Күлімдеген күндейміз,
Ренжуді біз білмейміз.
Қуанамын мен де, қуанасың сен де,
Қуанайық, достарым,
Арайлап атқан күнге.

ІІ. Психологиялық ахуал: «Мозайка» әдісі

-Балалар, бәріміз экранға назар аударамыз. Мен сіздерге жұмбақтар жасырып, сұрақтар қоятын боламын. Сол жасырылған жұмбақ пен қойылған сұраққа жауап беру арқылы, бүгінгі ҰІӘ тақырыбын ашатын боламыз.



Жұмбақ:

1) Дәмі де жоқ, түсі де жоқ,
Пайдаланбас кісі де жоқ. (Су)
2) Сылқ-сылқ күледі,
Аяғы жоқ, жүреді. (Су)

Сұрақтар:

1)Балықтар қайда тіршілік етеді;

2)Гүлдің құлпырып, әдемі өсуі үшін не қажет?

ІІІ. ҰІӘ барысы

-Бүгінгі біздің тақырыбымыз «Су-тіршілік көзі» деп аталады екен.

-Балалар, мен сендерге не әкелгенімді қараңдаршы. Бұл не деп ойлайсыңдар?

-Иә, бұл глобус. Глобус- жер шарының үлгісі. Ғарыштан біздің жер осылай көрінеді.

-Глобустан нені көруге болады?

-Глобустың көп бөлігі қандай түске боялған?

-Ол нені білдіреді?

-Теңіз бен мұхит сулары ащы болады. Ал, біз қандай суды пайдаланамыз? Ащы ма, тұщы ма?

-Ал, өзен, көл, бұлақтардың суы тұщы болады.

-Глобусты адамдар қай кезде қолданады? Білесіңдер ме?


-Адамдар глобусты саяхат жасағанда қолданады. Олай болса сендерді кememен саяхаттауға шақырамын. Ал, енді бәріміз көзімізді жұмайық. Бәріміз кемеде келе жатырғандай сезінейік.

(Теңіз толқыны)

-Көзімізді ашамыз. Біз кемедеміз, бізді алда қызықты аралдар күтіп тұр.

(Теңіз толқыны)

«Су кімге қажет?» аралына да келіп жеттік. Топтық жұмыс.




(Су кімге қажет екенін алдарындағы суреттер арқылы анықтайды. Әр топ су кімге қажет екенін дұрыс анықтап, тамшылармен белгілеу керек. Мысалы: гүлге, балыққа т.б.) Әр баланың жауабын тыңдау.

-Ал егер, жер бетінен су жоғалып кетсе не болады?

-Иә, сусыз барлық тіршілік жойылады. Барлық тіршілік иесі: адамдар, өсімдіктер, жан жануарлар, аң-құстар үшін су өте қажет. Мысалы, адам сусыз 3-5 күн ғана өмір сүре алады. Енді мына екі суретке қараңдаршы.

Шөлдала мен өзен жағасы. Шөлдалада су болмайды, ал өзен жағасы қандай әдемі көрініс.

(Гүлмен жеке жұмыс)





«Судың пайдасы, судың зияны» аралына де келіп жеттік.

Сіз бен біз болып, судың пайдасы мен зиянын анықтауымыз керек. Балалар, судың не үшін пайдалы екенін білесіңдер ме? (ішіеміз, жуынамыз, жуамыз, шомыламыз, гүлдерді суарамыз т.б.)

-Яғни, сусыз өмір сүру мүмкін емес дегенді білдіреді.Су тек ғана пайдалы емес, сонымен қатар зияны да болады. Оны қалай түсінесіңдер?

(Суда жүзе алмасаң батып кетесің, мұздай су ішсең тамағың ауырады, жерге төгілген суға құлап кетіп, ауыр жарақат алуы мүмкін, гүлге көп су құйсаң шіріп кетеді, су тасқыны болса бәрін жояды.) Судың қауіпсіздік ережесін сақтамасаң, ол зиян келтіруі мүмкін.

«Күн мен жаңбыр» аралы

Сергіту сәті: «Күн мен жаңбыр»

-Балалар, үйде және бау-бақшада суды қалай қолданамыз? Суды үнемдейміз бе? Қалай үнемдеуге болады?

Суға қоқысты тастауға, ластауға болмайды.Суды бекерге төкпей үнемдей білуіміз керек. Дана халқымыз"Суды бекерге төкпе", "Судың да сұрауы бар"деп айтатыны сондықтан.

Кememен мектебімізге қайтайық.

Рефлексия: «Тәттілер алу» қолшатырдан тәтті алу.

Қорытынды:

Балалар, бүгін қандай тақырыппен таныстыңдар? Не білдік? Не үйрендік?

Сусыз өмір сүре алмаймыз. Оны тамаққа пайдаланамыз, ішіп, шөлімізді басамыз. Сумен кір жуамыз. Сонымен қатар, өсімдіктерді, бау-бақшаны, егінді суарамыз, өрт сөндіреміз. Жан - жануарлар, балықтар, құстар да сусыз

өмір сүре алмайды. Суға адамдар да, жануарлар да шомылады. Суға қоқысты тастауға, ластауға болмайды.Суды бекерге төкпей үнемдей білуіміз керек. Дана халқымыз "Суды бекерге төкпе", "Судың да сұрауы бар" деп айтатыны сондықтан.

«Шаттық шеңбері»





«Су кімге, неге қажет? » аралы





«Судың пайдасы мен зияны» аралы





Рефлексия: «Тәттілер алу»





«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ИНДУКТИВНЫЕ СПОСОБЫ ОБУЧЕНИЯ ГРАММАТИКЕ В ОБУЧЕНИИ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ: ПРИМУЩЕСТВА И ОГРАНИЧЕНИЯ

Бурибаева Сауле Якубовна

учитель английского языка школы-гимназии «Smart Bilim» города Актобе

Изучение грамматики – это увлекательный процесс, который вводит в мир новых понятий, позволяет лучше понять культуру и менталитет носителя языка. Хорошо сформированные навыки грамматики позволяют сделать речь правильной и облегчают процесс коммуникации.

В настоящее время грамматика занимает достойное место в обучении иностранным языкам, так как «без изучения грамматики речевые навыки учащихся были бы очень ограничены» (Richard and Renandya «Approaches to Teaching»). В обучении грамматике выделяют два основных подхода:

1. Эксплицитный (на основе правил).
2. Имплицитный (без правил).

В рамках каждого из указанных подходов сформировались по два основных метода, которые корнями уходят в стратегию этих подходов, но значительно отличаются принципами, практическими приѐмами, последовательностью действий. На современном этапе данные методы редко используются в «чистом виде». В практике обучения иностранному языку преподаватель может варьировать использование тех или иных методов. Выбор метода зависит от возраста, уровня языковой компетенции учащихся, целей курса, а также особенностей самого грамматического материала. Наиболее распространѐнным в настоящее время в практике обучения грамматике является дифференцированный подход, построенный на основе выборочного использования положений двух традиционно сложившихся подходов.

В рамках имплицитного подхода используется структурный метод, в основу которого положены упражнения на обработку структурных моделей, а также коммуникативный метод, для которого характерно формирование грамматических навыков в речи, т.е. ознакомление и тренировка включены в языковую практику. Грамматические явления изучаются и усваиваются не как «форма» и «структура», а как средство выражения определѐнных мыслей, коммуникативных намерений. Обучение происходит на ситуативно-функциональной основе, т.е. от ситуации к употребляемым в речи грамматическим средствам. Данный метод полагает реализовать принцип коммуникативности и разнообразить речевые контексты, однако создание под-линно речевой обстановки представляет определѐнные склонности. Эксплицитный подход включает два метода – дедуктивный и индуктивный. Дедуктивный подход отражает более традиционные методы обучения, индуктивный подход относится к более современной методике и практике. Дедуктивный подход представляет более традиционный стиль преподавания, потому что сначала учащихся изучают грамматические структуры и правила. Этот подход имеет определѐнное сходство с грамматико-переводным методом. Синтаксические конструкции в каждом конкретном случае разъясняются самим преподавателем.

Индуктивный подход представляет собой более современный стиль преподавания, где новые грамматические конструкции и правила преподносятся ученикам в реальном языковом контексте.

Индуктивный или вовлекающий метод полностью противоположный предыдущему. Задача учителя тут обеспечить много примеров и правильно задавать на-

водящие вопросы. Как правило, грамматику “извлекают” из текстов, аудио, диалогов и анализируют почему использована та или иная конструкция. Правила если и объясняются, то только в финальной части и как бы между прочим. Выглядит это примерно так: “Прочитали текст? А теперь обратите внимание на вот это предложение. Что имел в виду автор? А вот еще одно. Похоже ли оно на предыдущее? А вот это предложение? Чем оно отличается от двух предыдущих? О чем тут хотел сказать автор?”.

Преимущества. Ученик становится не пассивным потребителем информации, а сам активно ее извлекает. Им интересно и они чувствуют, что тоже играют в игру, а не наблюдают за ней из трибун. В результате уровень запоминания и понимания значительно выше.

Недостатки. Чтобы получить комплексную картину, нужно намного больше времени как со стороны учителя на подготовку материалов, так и со стороны учащихся потому что процесс активного исследования требует более длительных размышлений, чем пассивное прослушивание правил. Дедуктивный или что называется “в лоб”: те самые таблицы и правила, которые знакомы еще со школы. Большинство современных учебников по грамматике составлены по принципу дедуктивного метода. Ученикам объяс-няют теорию с использованием специфи-ческих терминов. Например, “Present Simple — это простое настоящее время, которое образуется с помощью вспомогательного глагола … “.

Преимущества. Экономит время. Можно сразу перейти к сути грамматического явления, дав короткое и ясное объяснение. Кроме того, такой подход оправдывает ожидания многих учеников о занятиях: учитель говорит –ученик слушает.

Недостатки. Теоретические объяснения зачастую бывают скучными и не так хорошо записываются в памяти, как живые примеры и личный опыт. Кроме того, слишком много ответственности возлагается на учителя, а ученики остаются пассивными.

При дедуктивном подходе вначале изучается правило, сформулированное обычно с использованием специфических грамматических терминов. Например: Present Simple обозначает обычное, повторяющееся действие, общеизвестные истины или действие, происходящее по графику, расписанию. Затем учащиеся находят данное грамматическое явление или структуру в предложениях или в тексте, называют его форму, объясняют, в каком значении оно употреблено в данном контексте. Это могут быть отдельные предложения, примеры из художественной литературы или связные тексты, короткие диалоги. Например, предложения с глаголами в форме Present Simple:

He works at the college.

Water boils at 100 C.

The train arrives at 2 o’clock.

He goes to the gym every day.

Затем выполняются подстановочные упражнения по аналогии с образцом. Далее происходит переход к упражнениям на трансформацию в соот-ветствии с правилом. Выполняются переводные упражнения с родного язы-ка на иностранный. Учащиеся также составляют ситуации, диалоги, интер-вью с использованием изучаемого времени, что предоставляет возможность использовать изучаемые структуры в дискурсе.

Использование индуктивного метода возможно в аудитории, где учащиеся уже имеют некоторые базовые знания английского языка, что позволит использовать способ изучения «поиск». Урок, проведѐнный с использованием данного метода, будет интересным и насыщенным, способствуя развитию языковой догадки и наблюдатель-ности у учащихся.

Список литературы:

1. Brown H.D. Principles of language learning and teaching. White Plains, NY. Brumfit, C., Mitchell, R., & Hooper, J., 2006.

2. Hammerly, H. «The Deduction/Induction Controversy». Modern Lan-guage Journal. LIX, 2005.

3. Krashen, S. Principles and practice in second language acquisition (pp. 65-78). Pergamon: Oxford, 2001.

КӨРКЕМ ЕҢБЕК САБАҒЫНДА ЖОБАЛАУ ӘДІСІН ҚОЛДАНУ

Едербаева Молдир Табандиевна

Ақтөбе қаласы «Кемел-Білім» мектеп-интернатының көркем еңбек пәні мұғалімі

Жобалау – «proicere» деген латын сөзі. Бұл сөз «жоспарлау, дайындау» сияқты мағынаны немесе жоспардың жүзеге асырылуын білдіреді. «Жоба» ұғымы педагогика саласында ғана емес экономика, басқару, зерттеу салаларында да кеңінен қолданылатыны белгілі. Мысалы: құрылыс жобасы, зерттеу жобасы, оқыту жобасы т.б. Жоба әдісі оқушылардың бір проблеманы шешуін талап етеді. Ал проблеманы шешу үшін олар бір жағынан әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданса, екінші жағынан әр түрлі пәндерден алынған білімнің интеграциясын пайдалануы керек. Демек, жоба әдісі оқушылардың білімділік ситуацияға түсіп, өз проблемаларын іздеп, тауып, шешуі, өзіндік жұмыстарын, іс-әрекетін ұйымдастыруы.

Жобалау әдісі практикаға бағытталған, оқушының өз бетімен жасаған жұмысын топтың және коллективтің жұмысымен ұштастыру мүмкіндігін береді, оқушылардың қажетті ақпаратты өз бетінше іздеуіне түрткі болады, табылған ақпаратты дұрыс ұйымдастырып, оны басқаларға таныстыру үшін шығармашылық фантазияның дамуын талап етеді. Жобалау әдісі оқушыны жан-жақты белсенді етеді; оның интеллектуальді сферасын, типологиялық ерекшеліктерін және мінез - құлқын; қызығушылығын, еңбекқорлығын, табандылық, коммуникативті іскерлігін, сезімін, эмоциясын оятады. Сабақтан және мектептен тыс жұмыс жасағанда оқушы мен мұғалім арасында, оқушылардың өздерінің арасында түрлі оқу және тәрбие ортасы қалыптасады.

Жоба — бұл «бес П» жобасы арқылы жүзеге асады.

1. Проблема.
2. Жобалау (жоспарлау).
3. Ақпаратарды іздеу.
4. Өнім.
5. Презентация.

Мұғалім шығармашылық жобамен жұмыс істеу барысында жалпы:

- оқушыларға қажетті ақпаратты табуға көмектеседі;
- ақпарат көзі болып өзі табылады;
- барлық үдерісті үйлестіреді;
- оқушыларды көтермелейді;
- оқушылардың жобалармен тиімді жұмыс жасауы үшін қайта байланысты ұдайы қолдап отырады.

Сонымен, жобаның тиімділігі – көзбен көріп, құлақпен естіп,есте сақтай отырып, оқушыны ізденіске, іскерлік пен танымдық ынтаға, шығармашылық қабілетті жетілдіру арқылы түрлі мәселелерді шеше білуге, тапқырлыққа, жаңа ғылыми ізденіске жетелеуде.

Жобалаудың жалпы құрылымы :

1) алдымен жобаның тақырыбын, типін таңдау;

2) зерттеудің маңыздылығы;

3) міндеттерді топтарға бөлу, зерттеу әдістерін талқылау, ақпарат іздеу, шығармашылық шешімдер қабылдау;

4) зерттеулердің, шығармашылдық міндеттері бойынша өздік жұмысы, бақылау;

5) алған ақпараттары бойынша талқыға салу;

6) қорғау.

Неге оқушы жоба әдісін үйрену керек? Жоба әдісі бойынша оқушы өз бетімен жұмыс жасай алады. Оқушы жұмыс жоспарын өз бетінше құрып, егер де қате жіберсе, қатесін өзі көріп, жіберген қатесінен үйрене алады. Қазіргі уақытта көп тапсырмалар қиын, оны жалғыз адам шеше алмайды, сондықтан белгілі бір тапсырмалар үшін жоба командалары құрылады. Бұл командалар белгілі бір уақыт ішінде белгілі бір тапсырманы шешу керек. Әркайсысы өзінің пәні бойынша білімін және бейімділігін жұмыста көрсетеді. Жоба жұмысы жүру үшін кім, не, кіммен, қай уақытта, қалай жасайтыны келісілуі керек. Тек қане, егер де әркім жоба жоспарын ұстанса, сол уақытта ғана проблема шешіледі. Мектеп жобаларындағы жұмыс оқушыны шыңдайды, болашақ мамандықтарының талаптарын орындай алатындай етеді.Сонымен қатар, оқушы жұмыс тапсырмаларын бөліп, ұйымдастыра алуға үйренеді, сөйтіп кез келген жұмысты орындай алатындай шеберлік қалыптасады.

Мен өз сабақтарымда жобалау әдісін пайдаланамын. Өйткені біздің көркем еңбек сабағы тікелей заттың нобайын, эскизін, жобасын, планын жасау арқылы жұмыс жасалады. Мен өзімнің жобалау сабағыма гипсті пайдаландым. Оқушылармен жұмыс барысында керек құралдар: гипс немесе гипс сылақ силиконнан жасалған қалыптар, композицияны сұйылтуға арналған сыйымдылық ыдыс, алтын акрил бояуы. Таспалар (тәжірибеге сәйкес, жіңішке ленталар; ең танымал жылы реңдер қызыл, жасыл)

Жасау тәсілі:

1. Қолөнерге арналған гипс ерітіндісін дайындау: 1 кесе су, 1 кесе гипсі - суға гипс қосып қыл қаламмен арластырамыз. Кесек болматындай сұйық болу қажет.

2. Сұйық гипсты қалыптарға құйыңыз. Гипс - бұл өте тез құрғайтын материал, сондықтан біз қарқынмен жұмыс істейміз. Ойыншыққа арналған гипс ерітіндісін жоғарғы жағына дейін құйып жылы жере қоямыз.

3. Форманыың ішіндегі құйылған гипс тез қатады. Мүсінді қалыптан алып тастаймыз. Кепкеннен кейін гипс дайындамалары оңай шығарылады. Аюдың дайындеклорацияс даын болды. Сипстан жсалған ойыншықтары бояумас бұрын, 01 наждакпен сыртын қырып өңдеу қажет.

4. Бояу: Гипстен жасалған мүсінді әшекейлеу үшін жартылай құрғақ щеткамен акрил бояуымен бояу қажет, мүсін сыртын керекті түспен бояп шығыңыз, сіз ойыншықты сәл алтындата аласыз.

5-қадам. Қорытынды: Жануарларды кептірілген мүсіндерін қосалқы бөлшектерден бояп кептірген соң лак пен бояған абзал.

Жобалау әдісі арқылы оқытуда баланың ізденушілік – ойлау әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің бұған дейінгі білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезетіндей жағдайға түсуі керек. Содан барып оның білім алуға деген ынтақыласы артады, білім алуға әрекеттенеді. Сабақ мұндай жағдайда төмендегідей 3 құрамдас бөліктерден тұратын болады.

1. Оқу мақсаттарының қойылуы.

2. Оны шешудің жолын бірлесе қарастыру.

3. Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу.

Оқушы алдына оқу мақсаттарын қоюда ешқандай дайын үлгі берілмейді. Мақсатты шешу іштей талқылау, сосын жинақтау арқылы жүзеге асады. Мұғалім сабақ үрдісін ұйымдастырушы, бағыттаушы адам рөлінде шешім табылған кезде әркім оның дұрыстығын өзінше дәлелдей білуге үйретіледі. Әр оқушыға өз ойын, пікірін айтуға мүмкіндік беремін, жауаптарын тыңдаймын. Әрине, жауаптар барлық жағдайда дұрыс бола бермес. Дегенмен әр бала жасаған еңбегінің нәтижесімен бөлісіп, дәлелдеуге талпыныс жасайды, жеке тәжірибесін қорытындылауға үйренеді. Жобалау әдісі арқылы оқыту

жүйесінде оқушылардың ойларын жетілдірудің маңызы зор.

Біріншіден – шығармашылық жоба білім даяр күйінде берілмейді, оған оқушы өз оқу әрекеті арқылы қол жеткізеді. Сабақтың алғашқы ізденіс кезеңінде жаңа ақпарат жайлы не білетіндіктерін ортаға салып, мәселені өз беттерінше шешуге талпынады. Сөйтіп олар осы мәселе туралы өз білімдерінің жеткіліксіз, таяз екенін сезіну арқылы сабаққа деген қызығушылықтары оянады, ішкі түрткілері пайда болады. Мысалы : «Жеңіл көйлек тігу»тақырыбын өткен кезде «Түсіну деңгейі» топқа сұрақтар жазылған көйлек мозайкалары таратылады, оқушылардың өз білетіндерін еске түсіріп, жаңа тақырыпқа дайындық жұмысы жүргізілді.

Екіншіден — оқушы жоғары қиындықтағы мәселелерді шеше отырып өзінің санасының саңылауларын ашады. Әр оқушының өзінің деңгейіне дейін дамуға қол жеткізе алады. «Жақсы оқушы», «Жаман оқушы» ұғымының болмауы, балаларды танымдық әрекеттерге ұмтылдырады, құштарлығын арттырады. «Қолдану деңгейі» бойынша әр топ көйлектің бөлшектерінің сызбасын сызып құрастырады Бұл жерде оқушылар «Топтастыру стратегиясы» арқылы постер қорғайды.

I топ ұлттық көйлек.

II топ заманауи көйлек.

III топ тұрмыстық көйлек.

Әр топ көйлектің бөлшектерінің сызбасын сызып құрастырады. Үшіншіден – оқушының жеке басын дамытатын басты құрал – ол өзінің әрекеті. Сол себепті шығармашылық жоба оқушыны белсенді жұмыс жағдайына қоя отырып, мәселелерді, қайшылықтарды шешу мақсатын қояды. Бұл деңгейде оқушылар шығармашылық тапсырмалар орындайды. Жұптық жұмыс орындайды және қалдықтармен жұмыс жасап, көйлектің эскизін дайындайды. Топтағы оқушыларға сұрақ парақшасы таратылады. Бұйымды әрлеп үтіктеу үлгі дайындайды. Фурнитураларды (түйме, ілмек, гүл т.б) қадау материалды пішу, сызба дайындау бұйымды тігу. Оқушылар жеңіл көйлек дайындаудың технологиялық реттілігін дұрыс орналастырады. «Жинақтау деңгейі» бойынша оқушылар өз ойларын ортаға салып, бір-бірін тыңдау арқылы қорытынды пікірге келеді. «Бағалау деңгейі» бойынша: Не білдік?, Не үйрендік?, Сен қалай ойлайсың? Осы сұрақтар арқылы оқушылар бүгінгі сабақта не біліп, не үйренгендерін ортаға салады. Кері байланыс: Қай тапсырма қиын болды? Қайсысы оңай болды? Сарамандық жұмыстағы қателіктерге талдау жасау керек. Оқушылар смайлик арқылы көрсетеді. Төртіншіден– шығармашылық жоба нәтижелі болуы оқушы мен мұғалімнің арасындағы жаңаша қарым — қатынасы арқасында ғана өз жемісін береді.

Жаңа әдіс – тәсілдерді тиімді пайдалана білу — оқушы шығармашылығы мен дүниетанымын кеңейтудің негізі. Осы технологияларды қолдана отырып, шығармашылық іс — әрекет талаптарын орындау мақсатында, оқушылардың қызығушылықтарын арттыру мақсатында бағдарламадағы мәтіндерге сәйкес деңгейлік, шығармашылық тапсырмаларды алып, практика жүзінде қолданып, мынадай тұжырымдар жасадым:

- оқушының шығармашылық дербестігін дамыту арқылы оның жеке тұлғасын қалыптастыруға болады;
- қызығушылық ісәрекет түрлері төменнен жоғары қарай, кезекті түрде, белгілі бір ретпен, жүйемен жүргізілуі нәтижесінде шығармашылығы дамиды;- қызығушылық ісәрекетті дұрыс ұйымдастыру біліктері мен ізденімпаздықтың қалыптасуы оқушыларды шығармашылыққа баулиды;
- оқушыларды танымдық тапсырмаларды орындау мүмкіндіктеріне қарай топтарға бөлініп, сәйкес жұмыс түрлерін таңдап, жүйелі жұмыс жүргізудің маңызы зор;
- қызығушылық іс-әрекетте дәстүрлі емес әдіс-амалдар пайдалану интеллектуалдық қабілеттерін дамытып,

оқу-танымдық және ғылыми ізденістер жасауға талаптандырады.

Тәжірибе көрсеткендей күнделікті сабағыма қарағанда жаңа әдіс- тәсілдерді пайдалана өткен сабағымдағы оқушының белсенді іс-әрекетін, қызығушылығын байқадым. Қазіргі таңда ғылыми негізде және жаңа зерттеушілік бағытта құрастырылған электронды оқулықтарды тиімді пайдалану оқушының пәнге қызығушылығына жол ашады. «Робин раунд» әдісі бойынша сыныптағы оқушылар бір –бірін қайталамай сабақ мазмұнына сай пікірін айтып сабақты қорытындылай алады. «Ыстық орындық», «Сұрақтарды ұстап ал», «Ассоциация», «Джигсо» әдістері, яғни диалогтік оқыту барысында оқушылар келісілген нәтижеге жету үшін күш жігерін жұмсайды. Сондықтан бір-бірін оқыту оқушылардың өз пікірін еркін айтуына мүмкіндік туғызары анық. Сабақта жаңа технологияларды, техникалық құралдарды жан- жақты қолдану, сабаққа керекті материалды ақпараттық кеңістіктен іздеу, мұғалімнің жұмысын жеңілдетіп, оның уақытын үнемдейді, жаңа ақпарат түрі көбейіп, оқушылардың қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе айтарым, жоба әдісі шынайы практикалық нәтижеге бағытталған проблемалық, зерттеу, іздестіру әдістерін қарастырады. Дүние жүзінің барлық елдерінде жобалар әдісі кең қолданылады, себебі, ол бір проблеманы шешу барысында оқушылардың алған білімдерін практикада қолдану мүмкіндіктерін береді. Жобалау әдісінің басты идеясы: балалардың танымдық қызығушылығын дамыту, өз беттерінше және тәрбиешісі мен ата-анасының көмегі арқылы өз білімдерін дұрыстап ақпараттық кеңістікте жөн таба білу және сыни ойлауды дамыту.



«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА АУЫЗША ЕСЕПТЕУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІ МЕН ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІКТЕРІН АРТТЫРУ

Естекова Ботагоз Болатовна

Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы Құмжарған негізгі орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Оқушылардың өз бетімен жұмысын қалыптастыру оқушының пәнге деген қызығушылығынан және қажеттілігінен туады. Мектеп оқушыларының өз бетінше жұмыстарын ұйымдастырудың басты формасы – жұмыстарды орындау, ептілік, іскерлік, шеберлік дағдысын дамыту.

Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында жалпы білім берудің мақсаты – қазіргі қоғам талабына сай алынған терең білім, білік, дағдылар мен құзырлықтардың негізінде еркін бағдарлай білетін, қойылған мақсатқа танымдық қызмет жасау арқылы жете алатын, өз бетінше дұрыс, тиімді шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру екендігі көрсетілген. Оны жүзеге асыру – мектептерде оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға септігін тигізетін оқу процесін ұйымдастырудың тәсілдерін, әдістері мен нысандарын іздестіруге өзекті сипат береді.

Сондай-ақ, мемлекеттік бағдарламада, оқу процесіне педагогикалық пайдалану - оқушылардың танымдық белсенділігін дамытудың басты бағыттардың бірі екендігі атап көрсетілген.

Оқушылардың өз бетімен жұмысын қалыптастыру оқушының пәнге деген қызығушылығынан және қажеттілігінен туады. Өз білімін көтеру жекелеген оқушылардың өз бетімен жұмыс істеу дағдысын дамытып, шығармашылық белсенділігін арттырады. Оқушылар оқыту барысында білім алады, ал содан соң оны қолдану ары қарай шығармашылыққа үйлеседі. Математиканы оқытуда сабақтың нәтижелілігі мен оқушылардың ойлау белсенділігін арттыруда түрлі әдіс тәсілдерді іздестіруге көп көңіл бөлінеді.

Қызықты жаттығу жұмыстарын жүйелі түрде жүргізіп отыру – сол тиімді әдістердің бірі. Қызықты жаттығулар балалардың ойлау белсенділігін арттырып, оларды есептеуге деген үлкен қызығушылық тудырады, осындай жұмыстар кезінде оқушылардың есте сақтау қабілеті арта түседі, математикалық тілі жетіледі. Мұғалім қызықты жаттығулар арқылы аз уақыт аралығында көлемі жағынан көп жұмыс тындырып, оқушылардың жаңа материалды меңгеруге дайындығын және қандай мәселелерге көбірек көңіл бөлу керектігін анықтай алады.

Сабақтың басында өткізілетін жаттығулар оқушыларды бірден жұмысқа кірістіретіндей қызықты болуы тиіс. Сабақтың ортасында немесе соңында, балалар жазбаша немесе практикалық жұмыстан шаршаған кезде, қызықты есептеулер оларды сергітеді, жұмыс қабілетін арттырады.

Қызықты жаттығуларды орынды әрі шеберлікпен пайдалана білу сабақтың нәтижелілігі мен сапасын арттырудың да негізгі тәсілдерінің бірі екендігін тәжірибе

көрсетіп отыр. Ең алдымен оқушылардың зеректілігін, ойлау қабілетін дамытатындай есептер шығара білуге үйрету керек. Орта буында әзіл есептер мен сұрақтар ауызша есептеулерде зеректілікке, тапқырлыққа баулиды. Оқушыны ұшқыр ойлауға, тез шешім қабылдауға дайындайды. Әзіл есептер шығару арқылы қарапайымнан күрделіге қарай көңіл аудару керек. Бірте – бірте ақыл ойды жетілдіруге көмектесетін есептерді шешуге әкеледі. Осы арқылы баланың өзіндік көзқарасы қалыптасып, өзіне деген сенімі артады.

Мысалы:

«Бір адамнан оның неше баласы бар екенін сұрайды. Жауабы ойланарлықтай болады: «Менің 6 ұлым бар, ал әрбір ұлымда туған қарындасы бар». Осы жанұяда неше бала бар?». Жауабы: жеті бала (6 ұл, бір қыз)

Қарапайым логикалық, яғни әртүрлі мазмұндағы стандартты емес есептерді ауызша шығара білудің білімділік және тәрбиелік мақсаты зор. Бұндай есептер оқушылардың математика пәніне қызығушылығына және ойлау қабілетінің дамуына әсерін тигізері сөзсіз.

Мысалы:

1. Бірдей жеті бөлке нанды 12 адамға қалайша тең бөліп беру керек? (Бір бөлке нанды 12-ге бөлуге болмайды). Жауабы: үш нанды төрт тең бөлікке бөліп, қалған төртеуін үш тең бөлікке бөліп кесу керек. Сонда әрбір адамға наннан келетіндей 12 тең үлеске бөлінеді.

2. **1• 2 • 3 • ... • 18 • 19 - 1• 3 • ... • 17 • 19** айырмасы қандай цифрмен аяқталады?

Жауабы азайғыш нөлмен, азайтқыш 5-пен аяқталады, онда айырма 5-пен аяқталады.



Зеректілікке берілетін арифметикалық есептерді шешудің өзіндік жолы бар екендігін түсіндіру керек. Бұл қиынға түссе де, ойлау қабілетін дамытуға көп әсерін тигізеді.

Мысалы:

1. Үш сөреде кітап тұр. Төменгі сөредегі кітап қалған екі сөреге қарағанда екі есе аз, ал ортаңғыда қалған екеуіне қарағанда үш есе аз, ал үстіңгі сөреде 30 кітап тұр. Үш сөредегі кітап қанша?

Шешуі: Төменгі сөредегі кітаптарды бір бірлік десек, онда ортаңғы және жоғарғы екі сөреде екі бірлік , ал үш сөредегі барлық кітаптар үш бірлік. Бұдан төменгі сөреде барлық кітаптың бөлігі, ортаңғы сөреде барлық кітаптың бөлігі. Төменгі және ортаңғы екі сөреде барлық кітаптың бөлігі, бұдан жоғарғы сөредегі 30 кітап барлық кітаптың бөлігі; барлық үш сөредегі кітап (кітап).

2. Ағайынды үш адам бірге тұрмақшы болып үй сатып алды.Үй сатушы үйін тек жылқыға бермекші болды. Сондықтан үйдің құны үшін ең үлкені үш тай , ортаншысы екі тай берді. Жылқысы болмағандықтан кенжелері өз үлесі үшін ағаларына 10 қой берді. Сонда ағалары неше қойдан бөліп алулары керек?

Шешуі: Үйдің құнының бір үлесі 10 қой болса, құны 10*3= 30 қой. Немесе 3+2=5 тай. Сонда 1 тайдың құны 30 : 5= 6 қой. Үлкені 3*6 = 18 қойдың құнын төлеген. Ендеше

18 - 10 = 8 қой алуы керек. Ортаншысы 2*6 = 12 қойдың құнын төлеген, ендеше

12 – 10=2 қой алуы керек.

Жауабы: 8; 2.

Оқушылардың білім деңгейін арттырудағы мұғалімнің іс-әрекеті дегеніміз – оқушының білімін жетілдірудегі, түрлі қажеттерді өтеуге байланысты белгілі мақсатқа жетуге бағытталған процессті айтамыз. Яғни мұғалімнің сабақ үстінде оқушыға білім беру мақсатымен жүргізілетін жұмыс түрлері. Оқушылардың білім деңгейін арттырудың жолдары: Ауызша есептеуге үйрету тәсілдері

Есеп шығаруға үйрету алғашқы сабақтардың өзінде-ақ басталып, сынып ілгерілген сайын бірте-бірте сәйкес шеберлік те қалыптаса бастайды.

Ауызша есептеуге үйрету уақыт үнемдеу тұрғысынан тиімді. Бір ғана мысалдың нәтижесін бірнеше тәсілмен есептегенде берілетін түсіндірмелер, аралық нәтижелердің қалай шығатыны, ақтық нәтижеде не болатыны ауызша айтылады да, оларды жазуға уақыт жұмсалмайды. Оған қоса қай тәсілді қолдану оқушының өз еркінде болғанымен, олардың барынша тиімдісін іріктеп алуды үйретуге де мүмкіндік мол.

Ауызша есептеуге үйретуде оқушылардың білімі мен дағдысын тексеру кезінде математикалық диктант ретінде қолдануды ескеру қажет. Диктанттан кейін тексеруді ауызша жүргізген қолайлы.

Математика сабағында ауызша есептеу дағдыларын қалыптастыру жұмыстарын жүргізудің маңызы зор. Сабақта оқушылардың ойлау қабілетін дамыту үшін есеп шығарғанда орындайтын амалдарды ойша шешіп алуды дағдыландырған жөн.

Сабақтарда балалардың математикаға деген ынтасын арттыруға,олардың өз бетінше жұмыс істей білу дағдысын тәрбиелеуге ерекше назар аударылады. Пәнге деген ынтасы мен өз бетінше ойлай білу өзара тығыз байланысты. Сабақ балалар үшін қызықты өткенде, олардың оқу жұмысында да белсенділігі артып, өз бетінше жұмыс жасап, белсенділігін арттырғандығынан олардың пәнге деген ынтасы өседі. Оқушыларды өз бетімен ойлауға тәрбиелеп, математикаға деген ынтасын арттыру үшін оқыту әдістерін дұрыс таңдап алудың маңызы зор. Оқудың белсенді әдістерінің бірі – оқушыларға өз бетімен жұмыс істете білу. Барлық сабақтың елеулі бөлігінде өз бетімен жұмыс істегенде оқушы жұмыстың мақсатын айқын түсіне білуі, оны орындауы, тексеруі және қателіктерді түзетуі сияқты өз бетімен істелетін жұмыстың жалпы әдістерін бірте-бірте игеріп алуы тиіс.

Оқушылардың сабақта өздігінен орындайтын жұмыстарын тиімді ұйымдастыру үшін математика кабинеттерінде дидактикалық материалды, үлестірмелі материалдар, баспа негіздегі дәптерлер, тағы басқа оқу құралдары жинастырылуы қажет. Дегенмен оқушыларға оқулықпен жұмыс істеуді үйретудің орны ерекше. Барлық ғылыми-техникалық білімнің көзі – кітапқа, оның ішінде оқулыққа оқушылардың сүйіспеншілігі мен құрметін арттыру, олармен өздігінен жұмыс істеуді үйрету мұғалімнің басты міндетінің бірі.

Өзіндік жұмыс үшін оқулықтан берілген жаттығулармен қатар көбінесе тақтаға жазылған, сондай-ақ қалталы полотноға белгіленген тапсырмалар ұсынылады. Өзіндік жұмыс үшін кейде тапсырма әрбір оқушыға жеке түрде беріледі. Бұл жағдайда тапсырмаларды әр оқушының шама-шарқын ескере отырып, сараптауға болады. Сонда жұмыстың өз бетімен орындалу дәрежесінің жоғары болуы қамтамасыз етіледі. Өзіндік жұмысты сыныпта жүргізу оқушыларға дағдыларын игертеді және олардың сабаққа деген ынтасын арттырады. Өзіндік жұмыстарды жүргізгенде тапсырмаларды карточкалар бойынша ұсынған тиімді. Мұнда оқушылардың жеке дара ерекшеліктері және үлгерім деңгейлерін барынша ескеру мүмкін болады. Оқушыларды жалықтырып жібермес үшін, өзіндік жұмыс түрлерінің өзгермелі болғаны жөн.

Балалардың сабақта өз бетімен орындаған жұмысы сыныпта қандай формада болса да ескерілуі тиіс. Мұғалім тапсырманың орындалуын қарап шығуға уақыт бөлуі және өз бағасын айтып, жақсы жұмыстарды атап көрсетіп, қатесін табуға көмектесуі тиіс.

Мектеп оқушыларының өз бетінше жұмыстарын ұйымдастырудың басты формасы – жұмыстарды орындау, ептілік, іскерлік, шеберлік дағдысын дамыту. Бұл

үшін төмендегідей тиісті талаптарды орындауға тура келеді:

Өз бетінше істелетін кез-келген жұмыстың нақты мақсаты болу керек. Әрбір оқушы жұмыстың орындалу тәртібін жетік білу керек.

Өз бетінше жұмыс оқушылардың бойындағы танымдық қабілетін, творчестволық ойлау жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жұмыстың мазмұны оқушының қызығуын, талпынысын оята білуі тиіс. Яғни оның тілегі жұмыстың соңына дейін бәсендемейтіндей болуы керек.


Өз бетінше жұмысты оқушылар еңбек дағдылары мен әдістерін жетік игеріп түсетіндей етіп ұйымдастыру қажет.

Өз бетімен орындайтын жұмыстары біріншіден, олардың ақыл-ойын таным белсенділігін, екіншіден сабаққа ынталарын, қызығушылығын, үшіншіден ешкімнің көмегінсіз дербес жұмыс істеу қабілеттерін дамытады.

Сабақта өтілген метериалға сәйкес дұрыс жүргізілген дидактикалық ойындар оқушылардың сабаққа қызығушылығын, белсенділігін арттырып, тақырыпты дұрыс меңгеруіне ықпал тигізеді.

Оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, қызығушылығын арттыру мақсатында, өз бетімен және топ болып жұмыс атқаруға баулу жағдайында сайыс сабақтарын өткізу өте қолайлы. Мықтылар өздерінің қабілеті мен икемділігін одан әрі бекіте түседі, бір – бірімен сайысып алға ұмтылды. Әлсіздер өзін - өзі сынап қарауға үйренеді, өзіне деген сенімсіздіктен арылады. Күшті топтарда оқуға деген ынтасы арта түседі. Білім дәрежесі деңгейлес оқу топтарында оқу жеңілдейді.

Оқушылардың оқу белсенділігін арттыруда олардың өздеріне міндеттер жүктеу тиімді. Үй тапсырмасының теориялық сұрақтарын оқушылар бір – біріне айтып, бірін – бірі бағалайды. Сол кезде білімі орташа немесе нашар оқитын оқушының білімін тексеруге тырысамын. Бағалауды оқушының жұмыс жасау белсенділігін ескере отырып бағалау парағына «+», «-» деп белгілеймін, сабақтың соңында «+», «-» - ты есептеп, қорытынды шығарамын. Егер оқушы қиналса, оған жеңілдетілген тапсырма беріледі. Кейін оқушы деңгейлік тапсырмалардың келесісін орындауға кіріседі. Жаңа тақырыпты оқушылар шығармашылық ізденіс үстінде меңгереді. Сондықтан мұндай сабақтарда оқушының ынтасын, белсенділігін арттыру үшін оларға проблемалық сұрақтар қойылады.



СЫНЫПТАН ТЫС МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Жанбаулиева Щаттык Жаксыбаевна

БҚО Теректі ауданы Талпын ауылы Талпын негізгі орта мектебінің музыка пәнінің мұғалімі

Бүгінгі таңдағы әлеуметтік-экономикалық жағдай, демократияланған, ізгіленген кезең мектептерде оқу-тәрбие мазмұнын қайта қарап жаңғыртуды, халықтық педагогиканы тәрбие процесінде негізге алуды талап етіп отыр. Әр халықтың тарихы, ұлттық дәстүрлері бүкіл адамзат мәдениеті дамуымен диалектикалық бірлікте қарастырылып, ол мектептегі білім, тәрбие мазмұнын жаңартудың қайнар көзі бола алады. Қоғамды дамытатын жас азаматтың жеке тұлғасы жан- жақты жетілген, іскер, белгілі дәрежеде ғылыми білім жүйесін, ана тілін игерген, жаңа жағдайда, білімді өздігінен түсініп, бағалай, талдай алатын болуы керек. Сондықтан білім мазмұнын қазіргі ғылымның құрылымына сәйкестендіру, оқу тәрбие ісінде оқушылардың шығармашылық ойлауы мен өздігінен еңбек етуіне, білуге үйрету, дүниені дұрыс тануға, жалпы азаматтық мәдениетті, музыкалық талғамды бойына дарыту көзделіп отыр. Ал білім мазмұны – жеке ұрпаққа музыкалық эстетикалық білім-тәрбие беру ісініің мазмұнын тәрбиелеуге батыл шығармашылықпен кірісу мәселесі іспетті.

Сонымен, оқыту ісін жастардың белсенді ақыл- ой еңбегі саналы іс-әрекеті негізінде ұйымдастырса, ал тәрбие процесін ғылыми- тәжірибелік бағытта, ұлттық психология, сана- сезім, мінез – құлықты қалыптасыру негізінде ұйымдастырған абзал.

Байқап отырғанымыздай, халыққа білім беру қызметкерлерінің, яғни мұғалім соның ішінде музыка пәні мұғалімінің алдында жас ұрпаққа музыкалық, эстетикалық білім - тәрбие беру ісінің мазмұнын тәрбиелеуге батыл, шығармашылықпен кірісу мәселесі тұр.

Жас ұрпаққа тек тәрбие объектісі ретінде ғана емес, өзіндік ақыл- ойы, талап- тілегі, қажеті бар субъекті ретінде қарап, бойындағы туа біткен, табиғи мүмкіндіктерін дамыту, бағалау, сенім, үлгі көрсету, талап ету арқылы жауапкершілігін жетілдіру, ынтымақтастық педагогикасын қолданып, оқу- тәрбие жұмысын жүргізу арқылы жеке тұлғаны қалыптастыруға жол ашылады.

Музыкалық білім беру дегеніміз- музыкалық шығармалар арқылы жас ұрпақты өмірдегі, қоғамдық-әлеуметтік ортадағы, еңбектегі, табиғаттағы және әдебиет пен өнердегі әсемдікті, сұлулықты, асқақтықты, азаматтықты, адамгершілікті дұрыс қабылдап, түсініп бойына сіңіре білуге, әділ бағалауға, тіршілікте іске асырып отыруға баулу, әсемдікті тани, жасай білуге үйрету. Музыкалық білім берудің мақсаты - әр адамның ақыл- ойын, әсемдік жөніндегі сауаттылығын арттырып, мінез- құлқының, тән- мен жанның қалыптасуына ықпал ету. Жасампаздықты мұрат тұтып, өзінің тұрмысын, мінез- құлқын, адамдармен қарым- қатынасын, ұйымдастыра білу қабілетін, қиялын, эстетикалық талғамын дамыту. Эстетикалық тәрбие жан- жақты дамыған, еңбек сүйгіш, достыққа берік, жаны сұлу, әдепті жастарды тәрбиелеудің басты бір саласы.

Музыкалық білім - кең ұғым. Ол әсемдікті сезе білуге көркемөнер құралдары арқылы ғана емес, қоғамдық өмірдің, оқудың, еңбектің, табиғаттың сұлулығын тану кезінде, адамдармен

қарым- қатынас үстінде тәрбиеленеді. Өскелең ұрпаққа музыкалық білім берудегі біздің алдымыздағы ең басты міндет - оқушыларға көркемдік білім беру мен эстетикалық тәрбиені айтарлықтай толық, өнер шығармалырының, туған табиғаттың сұлулығы мен байлығын түсініп, бағалай білу қасиетін қалыптастыру. Осы мақсатта әрбір оқу пәнінің, әсіресе, зор танымдық және тәрбиелік күші бар әдебиет, музыка өнерінің эстетикалық мүмкіндіктерін жақсы пайдалану қажет. Музыкалық тағылым мен эстетикалық тәлім- тәрбие беру жөнінде көптеген айтарлықтай тәжірибе жинақталды.Жинақтарда жазылған кейбір образдар арқылы, олардың жақсы жақтарымен оқушылар санасына сіңіп кету, олардың бойында өнер мен әдебиет арқылы жақсы азаматтық қасиеттердің пайда болуы көзделіп, елге, жерге, Отанға, ата-ана, туған ел мен қоршаған ортаға деген махаббат сезімінің қалыптасуына көмектеседі. Жеткіншек ұрпаққа музыкалық білім беру мәселелері бойынша материалдарда бүгінгі мектептердің практикалық тәжірибесі бар болғанына қарамастан бұл проблеманың көптеген жүйелері әлі толық зерттелмеген. Мәселен, егер қазақ халқының музыка өнерін игеруде сабақ пен сыныптан тыс әрекеттердің өзара байланыстылығы мен халықтың музыка мұрасын игеруге тартуда қазақ музыкасының өзіндік ерекшеліктері ескеріліп, мақсатты бағытталған әдіс-тәсілдермен жүзеге асырылса, онда оқушылардың музыкалық тәрбиесінің тиімділігі анағұрлым артады. Сол сияқты әртүрлі жүйелерде пайдалану, халықтық педагогика, ұлттық музыка тәрбиесі негізінде жұмыстар жүргізу, онда жаңа жолдарын іздестіру жас жеткіншектерге рухани тәрбие беру, музыкалық тәрбие беруде бағалы жолдары болып табылады.

Ғалымдар эстетикалық білім беруді қоғамдық - мәдени өмірдің жан- жақты дамуымен байланыстыра қарайды, сондай-ақ өткен дәуірдің алдыңғы қатарлы дәстүрі мен тәжірибесіне сүйенеді. Әсемдік болмыста объективті түрде өмір сүреді, адам өзінің шығармашылық қызметінде өмірді және оның әсемдігін сәулелендіреді. Адамның әсемдікті сезе, тани білу қабілеті әсемдікті жасауға қатынасы оның сезім байлығы мен эстетикалық мәдениетінің даму дәрежесіне байланысты.

Музыкалық тәрбиені бала дамуының алғашқы сатысынан бастау жан- жақты жарасымды дамыған ұрпақ тәрбиелеудің алғы шарты.

Музыкалық білім берудің міндеттері:

1. Оқушылардың музыкалық-эстетикалық қабылдауын жүйелі түрде дамыту. Осының негізінде қоғамдық өмір мен айналаны терең таныту және олардың адамгершілік бейнесін қалыптастыру. Олардың зейінін өмірдегі, табиғаттағы, еңбектегі, адамдардың тәртібі мен іс-әркетіндегі, тал бойындағы әсемдікті көре білуге аудару, өмірдегі шын әдемілікті жасанды әдеміліктен ажырата білуге, оны дұрыс бағалауға үйрету.

2. Оқушылардың музыкалық-эстетикалық түсінігі мен құштарлығын, сезімталдық қабілетін дамыту. Эстетикалық жан құбылысын тудыратын қуану, қайғыру, қобалжу, әсерлену, бейжай болу, көркемдікті қабылдауда шығармада бейнеленген кейіпкердің қуанышы мен ренішіне, табысына бірге қуанып, бірге қайғырып әсерленуін, көңіл-күйінің толқуын дамыту.

3. Оқушылардың көркемдік талғамын тәрбиелеу. Оларды жақсы мен жаманды, сұлулық пен кейіпсіздікті, нәзіктік пен дөрекілікті, бір түстілік пен ала-құлалықты ажырата білуге, өлең, ән, музыка, бейнелеу өнері шығармаларының не себептен ұнамайтынын аңғара білуге үйрету.

Музыкалық-эстетикалық талғам-өте кең түсінік. Ол өнер шығармаларын түсініп, нәр алу ғана емес, сонымен қатар табиғаттың, өмірдің, еңбектің, тұрмыстың, киімнің әсемдігін түсіну және бағалай білу.

4. Оқушылардың күшіне сай өзін өнерде көрсете білу қабілетін, айналаға

қажетті әдемілік жасауға талпынысын тәрбиелеу, көркемдік- шығармашылық қабілетін дамыту.

5. Музыкалық-эстетикалық тәрбиенің тағы бір мәнді міндеті жас ұрпақты жас ерекшелігіне қарамай, өмірдегі, табиғаттағы әсемдікті қорғауға, бағалауға, сақтауға, молайтуға үйрету. Табиғаттағы әсемдікті өнердегі көрсеткіштер - ескерткіштер мен сәулет өнері туындыларын көзінің қарашағындай етіп аялауға баулу. Бұл адам еңбегін бағалауға, Отан, табиғат байлығын ұқыпты қарауға ұйрету.

Музыка пәні мұғалімінің күнделікті тәрбие жұмысында төмендегі міндеттер көрініс табуы тиіс:

Оқушылардың жалпы мәдениетін көтеру қазақ халқының озық салт-дәстүрлері рухында тәрбиелеп, дүниетанымының дербестігін, мінез-құлқын жетілдіру көзделеді. Оқыту процесі сияқты тәрбие жұмысы да белгілі ұстанымдар негізінде жүргізіледі. Тәрбие ұстанымдары және тұлғаны тәрбиелеу жөніндегі ілімдерге және ғасырлар бойы жинақталған халықтық тәжірибеге және ғылыми педагогикаға сүйенеді. Бұл ұстанымдардың идеялық негізі мектептің өмірмен тәжірибемен еңбекпен байланысына сай Әл-Фарабидың айтуынша: «Музыка теориясының негізгі принциптерін тек тұйсік тәжірибе арқылы білуга болады», - дегендей ғылыми педагогика мен халық педагогикасындағы тәжірибеде тексеріліп кеңейтілгені, музыка мұғалімінің сыныптан тыс жұмысын тиімді де нәтижелі атқаруына көп ықпалын тигізеді.



Эстетика



Музыка

Жанбаулиева Щаттык Жаксыбаевна

МУЗЫКА САБАҒЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРІ

БҚО Теректі ауданы Талпын НОМ музыка пәнінің мұғалімі

Қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеті-сапалы білім алуға жағдай жасау. Педагогика өзінің арсеналында көптеген тиімді әдістерді жинақтады. Дегенмен, оқудағы тұрақтылық мәселелері, сондай-ақ әрбір оқушының жоғары нәтижелерге қол жеткізуі бүгінгі күнге дейін маңызды. Ғылым мен техниканың дамуымен адамның мүмкіндіктері едәуір кеңейді, орасан зор оқыту ресурстары бар жаңа технологиялар (өнеркәсіптік, электрондық, ақпараттық) пайда болды.

Оқыту технологиясы – білім берудің неғұрлым тиімді түріне қол жеткізу үшін адами және техникалық ресурстарды есепке алу және олардың арасындағы өзара іс-қимыл арқылы бүкіл оқу процесін жоспарлау, қолдану және бағалаудың жүйелі әдісі. Қазіргі білім білім, білік және дағдылар түрінде оқыту нәтижелерін дәстүрлі түрде ұсынудан бас тартады. Қойылған міндет жаңа жүйелі-белсенді білім беру парадигмасына көшуді талап етеді, ол өз кезегінде жаңа стандартты іске асыратын оқытушы қызметінің түбегейлі өзгерістерімен байланысты. Сондықтан білім, білік, дағдыларды жинақтауға бағытталған дәстүрлі оқытуды білім алушылардың жеке басын дамыту процесіне айналдыру мәселесі туындайды.

Негізгі міндеттердің бірі-оқыту мен тәрбиелеудің заманауи білім беру технологияларын игеру арқылы мұғалімнің педагогикалық шеберлігін арттыру.

1. Оқушылардың ассоциативті-бейнелі ойлауын дамыту технологиясы. Бұл технология бойынша жұмыс жүйесі студенттердің ассоциативті ойлауын дамытуға көмектеседі, бұл өз кезегінде баланың өзін өмірінің жаңа қырларын ашу процесіне тікелей тартуға мүмкіндік береді, әлемнің көптеген көріністерін түсінуге көмектеседі.

2. Музыка сабақтарында проблемалық оқыту технологиясын қолдану. Пайдалану мақсаты:

- оқушылардың ойлауы мен қабілеттерін дамыту, шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- оқушылардың проблемаларды белсенді іздеу және дербес шешу барысында алған білімдерін, іскерліктерін игеруі, нәтижесінде бұл білім, іскерліктер дәстүрлі оқытуға қарағанда анағұрлым берік болады.
- стандартты емес мәселелерді көре, қоя және шеше алатын оқушының белсенді шығармашылық тұлғасын тәрбиелеу.

3. Денсаулық сақтау технологияларын қолдану шамадан тыс жүктемені жеңілдетуге, оқушылардың жағымды эмоционалды - энергетикалық тонусын қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

4. Жобалық қызмет технологиясы оқушыларға жағдай жасайды:

- әр түрлі көздерден жетіспейтін білімді өз бетінше алады;
- танымдық және практикалық міндеттерді шешу үшін алған білімдерін пайдалануды үйренеді;
- әр түрлі топтарда жұмыс істей отырып, коммуникативті дағдыларды игеру;
- зерттеу дағдыларын дамытады (проблемаларды анықтау, ақпарат жинау, бақылау, эксперимент жүргізу, талдау, гипотеза құру, қарым-қатынас жасау дағдылары);
- жүйелік ойлауды дамыту.

5. Сыни ойлауды дамыту технологиясы ықпал етеді:

- ойлауды жандандыру, мотивацияны арттырады;
- оқушылардың өзін-өзі көрсетуіне, өзін, шығармашылық қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік береді;

➢ мәселені шешудің жолдарын өз бетінше табу, өз пікірін басқалармен салыстыру, негізделген шешім шығару;

➢ өзара сыйластық, өзара қарым-қатынасты ынталандырады, қарым-қатынас дағдыларын дамытады, оқушыларды ойлауға үйретеді.

Бұл мақсатқа жетудің жолы –рефлексия, ол өзін-өзі тану, өзін-өзі бағалау, өзіне-өзі талдау жасау сияқты тәсілдер мен педагогикалық технология ретінде оқу материалын белсенді қабылдауды қамтамасыз етеді. Бұл үшін білім беруге педагогикалық және әдістемелік өзгерістерді енгізуді талап етеді. Бүгінгі білім беру саласының өзекті мәселелерінің тағы бірі-оқушының құзырлылығын қалыптастыру. Құзырлылық –қоғамға қандай, жеке тұлғаға қандай білім қажет және ол қоғамның қандай қажетін өтей алады деген сұраққа жауап береді. Құзыреттілік білім беруде оқушылардың тұлғалық ойлау сферасына екпінді назар аударылады, олардың қолы жеткен шындық қа қарым қатынасының ерекше белгісі оның құнын жете түсіну, іздеу себебі және айналада болып жатқандардың мәні болып табылады, басқаша айтқанда толғаныс жасай білу сыни тұрғыдан ойлай білу болып саналады. Оқу-тәрбие үрдісінде толғаныстың туу механизмін сыни ойлауды дамыту тәсілдеі арқылы жүзеге асыруды қарастырдым.

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» жобасы әр түрлі пәндер саласында қолданылатын түбегейлі жоспарлар мен әдістемелік тәсілдер жүйесі болып табылады. Бұл жоба арқылы жұмыс жасай отырып мынадай нәтижелерге қол жеткізуге болады:

➢ үнемі жаңарып тұратын ақпараттар ағынымен жұмыс жасай білу;

➢ өз ойларын жеткізе білу;

➢ айналасындағылармен анық, сенімді, нақты қарым қатынас жасай білу;

➢ түрлі тәжірибелерге, идеяларға және ұсыныстарға өз пікірін пайымдау негізінде жеткізу проблемаларды шеше білу;

➢ өз бетінше білім алу;

➢ топта бірлесе еңбектену және жұмыс жасау;

➢ басқа адамдармен сындарлы қарым –қатынас жасау ;

Сын тұрғысынан ойлау-ашық демократиялы қоғамда асқан шеберлік және ақпаратты қабылдап оған шешім қабылдауға дейінгі және осы аралықтағы күрделі ойлау процесі. Сын тұрғысынан ойлау жобасында оқушылар ұжымдық ізденуде жақсы нәтиже береді. Пәнге қызығушылақтары, сабаққа белсенділіктері, ойлау қабілеттері артады, ең бастысы сын тұрғысынан ойлай отырып өз ойын ашық жеткізуге мүмкіндік туады.

6. Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар:

➢ ойлауды белсендіруге ықпал етеді, мотивацияны арттырады;

➢ оқушылардың өзін-өзі көрсетуіне ықпал етеді, өзін, шығармашылық қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік береді;

➢ олар мәселені шешудің жолдарын табуға, өз пікірін басқалармен салыстыруға, негізделген шешім шығаруға үйретеді;

➢ өзара сыйластыққа ықпал етеді, өзара іс-қимылды ынталандырады, коммуникативтік дағдыларды дамытады;

➢ оқушыларды ойландырады.

7. Мақсат қою технологиясы музыканы қабылдау және орындау процесінде оқу міндеттерін шешудің мақсаттары мен тәсілдерін өз бетінше таңдауды; музыканы қабылдау, орындау процесінде өз іс-әрекеттерін жоспарлауды, көркемдік және жобалау-зерттеу қызметіне қатысуды; ерікті күш-жігерді өзін-өзі реттеуді, сабақта музыкалық шығармаларды орындау процесінде күштерді жұмылдыру қабілетін, процестегі өз іс-әрекеттерін жоспарлауды қамтиды музыка туралы білім.

8. Ынтымақтастықта оқыту технологиясы. Ынтымақтастық бойынша оқыту-бұл бірлескен (бөлінген, бөлінген) оқыту, нәтижесінде оқушылар бірлесіп жұмыс істейді, ұжымдық түрде құрастырады, жаңа білім шығарады және оны дайын күйінде тұтынбайды.

Ынтымақтастық технологиясы талаптардың педагогикасынан қарым-қатынас педагогикасына көшуді көздейді және оқушылардың шағын топтардағы бірлескен жұмысына, өзара оқытуға негізделген.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Жангабыл Боранбай Турегалиулы

Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы Бегімбет ауылы Б.Сүлейменов атындағы ЖОББ мектептің бастауыш сынып мұғалімі

Қазіргі жағдайда жаңартылған біліммен, әсіресе математика саласында оның өзіндік әдіс-тәсілдерімен, арнайы тілімен қарулану қоғам мүшелерінің қай саласына болса да аса қажетті. Оқу пәні ретінде математика оқушылардың белгілі бір білім көлемін игеруін көздейді. Математикалық сауаттылық нақты түрде ұсынылмайды тікелей оқушыны қоршаған ортамен байланыстырады, демек олардың танымдық қызығушылығын тудырады, ғылыми көзқарасын қалыптастырады. Егер адам шындыққа құмар жан болса, онда өмірдің қойған сансыз сауалдарына жауап беруге тырысады деген ойдамын. тек математикада емес, сонымен қатар – өмірдің сан алуан белгісіз, құпия, сыры ашылмаған, әлі беймәлім, тығырықтан шығар жолды іздеумен, тек ізденумен жұмыс жасауды қажет етеді. Кез келген оқиғаның ақиқат не жалған екендігіне көз жеткізу дұрыс деп білемін. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру-бүгінгі күннің басты талабы. Математикалық сауаттылықтың әдістемесі мазмұнын кіші жастағы оқушыларға математиканы оқытудың әдістемелік ерекшеліктерін сипаттайтын ережелер, сондай-ақ оқытуда дамытушылық және тұлғалық-іскерлік тұрғыдан қарау әрекеті құрайды. Математикалық сауаттылықтың мақсаты бүгінгі күн талабына сай, жан-жақты дамыған, белсенді, өмірге талпынысы, тұрақты қызығушылығы бар, алған білімді іс- әрекетте еркін қолдану дағдысы қалыптасқан тұлға. Математика білім мазмұнының ең алғашқы бастамасы бастауыш буында жүзеге асатыны белгілі. Себебі, бастауыш буында жоғары сыныптарда оқылатын бүкіл пәннің іргетасы қаланып қана қоймайды, сонымен қатар білім алуға талпынушылық, яғни балалардың оқу әрекеті, танымдық белсенділік, жеке бастың адами қасиеттерінің негізі осы кезеңде қаланады. Сонымен қатар, осы кезеңде баланың белсенділігі, оның рухани және дене күші де дами бастайды. Осы жасқа лайықты мазмұн мен оны оқытудың әдісін саралау, бала жанына жақын қарым-қатынас арқылы оларды дамыту мәселесін ғылыми жолға қою оңай мәселе емес.

Бастауыш баласы үшін жаңа рөл - оқушы, жаңа әрекет - оқу болса, осы мәселелерге олардың шаршамай, жалықпай, қызығушылықпен араласып кетуіне, маңайы мен қарым-қатынасының күшеюіне жағдай жасау мұғалімнің шеберлігін және осы жастағы оқушының психологиялық ерекшелігін жете білуін керек етеді. Бастауыш сыныптардағы математикалық сауаттылық оқыту материалының мазмұны кіші жастағы оқушылардың математикалық дайындығына, білім, білік және дағдылар

деңгейіне қойылатын талаптардың өзгеруімен байланысты дәстүрлі модельге елеулі түзетулер енгізген жаңа мектеп бағдарламасымен анықталады. Ал функционалдық сауаттылық пәндік сауаттылыққа қарағанда кіші ұғым, немесе оның саласы болып есептелінеді. Осыған орай функционалдық математикалық сауаттылық дегеніміз - пәнде игерген білімді іс-әрекетте, тұрмыс-тіршілікте қолдана білуі.

Оқушыда функционалдық математикалық сауаттылық қалыптастыру үшін ең алдымен пәндік сауаттылық қалыптасуы керек.

Математиканы оқыту мен математика пәнінен сауаттылықты қалыптастырудың негізгі мақсаттарына тоқталайық:

1) Математика –барлық ғылымдардың логикалық негізі – күре тамыры ретінде қарастырылады;

2) Математика, ең алдымен оқушылардың дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады, дамытады және оны шыңдай түседі;

3) «Математикалық сауаттылық» (ауызша және жазбаша) қабілетін қалыптастыру арқылы оқушының «математикалық сауаттылықты» меңгере білу қабілетінің болуы;

4) Математика әлемде болып жатқан түрлі құбылыстарды, жаңалықтарды дұрыс қабылдап, түсінуге көмектеседі;

5) Математиканың болашақ тұлғаны моральдық, эстетикалық және этикалық тұрғыдан да тәрбиелік мәні бар.

Математика дүниетанымды қалыптастыруда, математикалық модельдеу идеяларын ұсынады, математикалық сауаттылық жалпы функционалдық сауаттылықты меңгеруде математикалық білім мен біліктіліктің алар орны ерекше. Математикалық сауаттылық математикалық сөйлеу және жазу мәдениетіне қоршаған ортаны және олардың заңдылықтарын баяндау, оны оқып үйренудің оқушылардың дүниенің ғылыми бейнесін меңгерудегі басты құралы ретінде ерекше көңіл бөлу қажет. Математикалық сауаттылық оқушылардың математикалық тексті оқуына, жазуына және қайта айтып беруіне, жазылғандар мен айтылғандарды түсіне білуіне ең төмен талап ретінде қарау қажет. Сонымен математикалық біліктіліктердің негізгі құрамдас, толыққанды тіршілік жасауға қажеттілік ретінде оны арнай, бағдарлы түрде дамытып, қалыптастыру керек.

Математика пәнін игеру барысында оқушыларды математика ұғымдарын оқумен бірге өзінің ойын жеткізе білуге, оқыған математикалық ұғымдарды дұрыс тани біліп, қолдана алуға баулудың маңызды айрықша екендігі белгілі. Математикалық ұғымдарды біліп қана қоймай, оның қолдану ерекшеліктерін ұғуға, оларды іс- тәжірибеде қолдана алуға үйрету қажеттігі туындайды.

Математикалық ұғымдарды оқытуда, келесі мәселелерге көңіл бөлу қажет:

а) математиканы, қарапайым ұғымдарды мектепте оқытуда теориялық жақтарын таныстырумен бірге, іс-тәжірибеде қолдана алу бағытында жұмыс жүргізу;

ә) математикалық ұғымдарды үйретуді олардың жас ерекшеліктеріне байланысты күнделендіріп, алған білімді тұрмыс- тіршілікте қолдана білуге үйрету;

б) математикалық ұғымдарды қалыптастыруды сабақта, сыныптан тыс жұмыстарда жүргізу.

Математика пәні мұғалімінің оқушылардың мектепте математиканы оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жұмысын нәтижелі жүргізуі үшін төмендегі біліктіліктерді игеруі қажет:

- математикалық сауаттылықты қалыптастыру нәтижесі болатын құзыреттілік деңгейлері - еске түсіру деңгейі, байланыстарды орнату деңгейі, пайымдаулар деңгейлерін меңгертуге жағдай жасау;
- математика пәнінің басты мақсаты болып табылатын оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту, оның ең бастысы есеп шығара білуге үйрету;
- оқушылардың математикаға қызығушылығын арттыру;

- оқушылардың ақыл-ой қабілетінің, шығармашылық дарынының дамуына ықпал ету;
- практикалық есептер шығару жағына көңіл бөлу;
- математикалы қойлау, жалпылау, интуицияға басымдық беру;
- аңғарғыштыққа және дәлелдеуге арналған есептерді жиі рек қолдану;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулу.


Қазіргі кездегі шапшаң жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде. Қоғамның әлеуметтік – экономикалық өміріндегі түбірлі өзгерістерге байланысты білім жүйесінде және оның мазмұны мен оқыту технологиясында да өзгерістер болып жатыр.

Қорыта айтқанда, математикалық сауаттылықты жүзеге асырудың басты міндеті – оқушылардың теориялық білімдерін практикалық тұрғыда қолдануымен қатар тәуелсіз еліміздің келешегіне үлкен жауапкершілікпен қарауға үлестерін қосу болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1.Оразахынова Н., Кенжебаева Г. М. - «Оқушылардың функциональдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары» ғылыми мақаласы, 2012. - Б. 42-47.

6.Рауандина А.К. «Математиканы оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру» автореферат дисс. – Алматы, 2010. - 26 б.




Жумалиева Гаухар Исенгельдовна


АНАСЫН САҒЫНҒАН БАЛА

Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Қаракемер негізгі мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Бөлім	Отбасы құндылықтары
Класс	5
Сабақтың тақырыбы	Т.Нұрмагамбетов «Анасын сағынған бала».
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	➢ Көркем шығармадағы кейіпкерлерді бір-бірінен ажырата алу. ➢ Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу. ➢ Көркем шығармадағы кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі/ уақыты	Педагогтың іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақ басы	➢ Ұйымдастыру кезеңі Жағымды ахуал қалыптастыру мақсатында «**Амандасу**» арқылы бір бірімен амандасады. (**Кубик әдісі)** ➢ Топқа бөліну. «Қима қағаздар» әдісі. ➢ **Үй тапсырмасын сұрау** **1.Wordwall** тапсырмасы арқылы 10 тест сұрақтарын орындайды. Әр дұрыс жауапқа 1 жұлдызша беріледі. https://wordwall.net/resource/68914047 	Екі қатарға қарама-қарсы тұрып кубикті лақтыру арқылы бір бірімен амандасу түрлері арқылы амандасады Оқушылар тест сұрақтарына жауап береді. Оқушылар әңгіме не туралы екенін табады (Уәде.)	Саусақ әдісі арқылы бағаланады 	 Қима қағаздар, суреттер Оқулық,дәптер, түрлі карандаштар
ЕБҚЕ	5 класындағы ЕБҚЕ оқушыға **«Жинақта» әдісі** арқылы суреттерді сәйкестендіру арқылы ойлау қабілеттерін дамыту			

	2.**ЖЖ.** Берілген кестемен тапсырманы орындау.  **Үзінді** / **Кейікерге мінездеме** Мамам айтқан… Алматыда жаз кезінде де түн суық болады деп… — Аққөңіл Сондықтан мен қалған балмұздақтарды Сағынай деген досыма беріп кетемін. Әрі көрші, бір үйден кейін тұратын… Оның балмұздақ сатып әперетін аталары да жоқ. — Ақылды көздері күлімдеп тұрып, кішкентай саусақтарымен Есмағамбеттің білегінен ұстады. — Зерек Мамам кеткен соң, жеміс ағаштарын аралап жүріп атам да жылады. Ол солай… үнемі жұрттан жасырын жалғыз жылайды. Ал мен оны бәрібір білім қоям-м… — Бауырмал	Оқушылар берілген қима қағаздары арқылы жұптық тапсырманы орындайды.		
Сабақ ортасы	**1-тапсырма: (1,2,3 топ) «Өрмекші»** әдісі арқылы әңгіме желісіндегі «Ана», «Ата», «Бала» бейнесін өмірмен салыстыра отырып, постерді қорғау. **Нұсқау.** Шығармадағы кейіпкерлердің ішкі және сыртқы бейнесін мәтін мазмұны және өмірмен байланыстырып, ақпаратты қағазға түсіріңіз. **Дескриптор:** 1. Әңгіме желісі бойынша кейіпкерлердің образын ашады; 2. Кейіпкерлер бейнесін өмірмен байланыстырады; **2-тапсырма: (4-топ)** Әңгімені өз ойыңмен аяқта. Әңгіме желісін оқушылар өз ойлары бойынша аяқтап жазады. **Дескриптор:** 1. Өз ойын жинақтап, әңгіме желісін аяқтайды. 2. Әңгіме 10 сөйлемнен тұру керек.	Жаңа тақырыпты түсіндірілгеннен кейін дәптерге кейіпкерлерді жазып, сипаттамаларын суреттеу. Оқушылар сол топта отырып берілген тапсырмалар бойынша бір бірден орындап соңында топпен бірге қорғайды. .  	«ТЕРКА» әдісі арқылы топтар бірін бірі бағалайды. 	Оқулық дәптер плакат түрлі түсті карандаштар Оқулық кеспе қағаздар
Сабақ соңы	**1-тапсырма:** Әңгіме желісі бойынша Сержанның атынан анаңа хат жаз. **Дескриптор:** 1. Өз ойын жинақтап, хат жазады; 2. Хат 15 сөйлемнен тұру керек. **2-тапсырма: Шын және жалған.** 1.Ауылына төрт жылдан кейін оралған кейіпкер, Есмағамбет. **(шын)** 2.-Мамаа-аа...мама-аа.. Сенсің ғой ең дана-аа Мәңгі дос сен ғана-аа деп әндеткен кейіпкер, Балмағамбет. (Жалған), кім? **Төрт жасар Сержан.** 3.-Үш жүз жиырма теңге деп ,баланың уысындағы балмұздақты пакетке сала бастаған кейіпкер, Күміскүл**, (жалған, сатушы)**	Топтар берілген тапсырманы дәптерлеріне орындап бір бірін кезекпен тексереді. Сұрақтарға жауап береді дұрыс жауап берген оқушыға 1 жұлдызшадан беріледі.		

	4.Атаңның мазасын алма. Баламыз тентек екен деп кетеді,ғой деген кейіпкер, әжесі Мейіркүл **(шын)** 5**.**Мен туралы қайта ойлан.Уәдеңді ұмытпа деген сияқты күйде томсырайып тұрған кейіпкер. Сержан, **(шын)** 6.Балмұздақ алып жеуге «теңгем жоқ! деп, теңге бермейтін Сержанның атасы, Аяз бай ата. **(Балмағамбет)** 7.Атасы Сержанды қалаға анасына алып кетемін деген уәдесінде тұра алмаған кейіпкер, Есмағамбет. **(шын)** 8. «Балалық үйдің ұрлығы жатпас»әңгіменің мазмұнына сай мақал? **(шын)** **Кімнің іс –әрекетінен көрінеді? Сержан.** 9.Әңгімеде ауыл тіршілігі суреттеледі? **Шын.** 10.Сержан ата-анасымен тұрады. **Жалған.** Бағалау критерийі: **Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу.** **Дескриптор:** 1.Кейіпкердің мінезін аша білуі. 2.Кейіпкерлерге өмірмен байланыстыра отырып, өз көзқарасын білдіруі. (1минут)			
Рефлексия	**«Арал»** 	Қима қағаздардан арал түрлерін таңдап алу арқылы бүгінгі сабақтан алған әсерін айтады. Жақсы жауап берген оқушыға сыйлық табысталады.		Қима қағаздар сұрақтар жазылған
Үй тапсырмасы	• Шығармадағы кейіпкерлерді өзіндік құндылығы бойынша талдап, әдеби эссе жазу.			

КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІН ОҚЫТА ОТЫРЫП ОҚУШЫЛАРДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА БАУЛУ

Иманбаева Гульмира Шукирбаевна

Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы Қ.Мұханбетқали атындағы орта мектеп-гимназиясының көркем еңбек пәнінің мұғалімі

Бүгінгі таңда Қазақстанда білім берудің деңгейі мен сапасына жаңа талаптар қойылып отыр. Қазақстан Республикасында соңғы жылдары білім беру саласындағы жүргізіліп жатқан реформалар еліміздегі білім беру сапасының әлемдік деңгейге сәйкес келуін қамтамасыз ету, сол арқылы әлемдік сұранысқа жауап бере алатын мамандарды даярлау және бәсекеге қабілетті білім беру болып табылады. Қазір бүкіл әлемде интерактивті қатынас жасауға оны жүзеге асыратын техникалық мүмкіндіктерді дамытып отыра алатын ақпараттық қоғамға көштік. Бүгінгі күні инновациялық әдістермен ақпараттық технологияларды қолдану арқылы оқушының ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, қызығушылығын тудыру, белсенділігін арттыру ең негізгі мақсат болып айқындалады. Көркем еңбек сабағында оқушылармен жұптық және топтық жұмыс жасаудамын. Бүгінгі таңда білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді. Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру оның философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді.Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр. Ақпараттық және педагогикалық технологиялар негізінде оқытушының рөлін түбегейлі өзгертуге мүмкіндік туды, оқытушы тек қана білімді алып жүруші ғана емес, сонымен қатар оқушының өзіндік шығармашылық жұмысының жетекшісі және бағыт берушісі болып анықталды. Оқушының өз бетімен жұмыс жүргізуі шығармашылық қабілетті дамытудың басты жолы. Оқушыларым жыл бойы ізденіс үстінде. Бұл ізденіс, ойлау әрекетімен тікелей байланысты. Ол үшін балаға берілетін білім сабақтастықты қажет етеді.

- Оқушының ойын жүйелеуде әртүрлі әдіс-амалдар қолданылады:
- жаңа материалды меңгеру;
- оқушыға бағыт беруғ яғни түрткі сұрақ, реплика беру;
- оқушының өзін көбірек сөйлету;-тақырыпты бекіту;
- игерілген білімді тиянақтау;
- көрнекіліктердің әсерлігін тиімді пайдалану.

Оқушының өз бетімен ізденісіне деген қарым-қатынастық машықтар жүзеге асырылып, олар оқушылардың шығармашылық қабілетін жетілдіре түседі, яғни мәтін тақырыбын түсіну, ашу, ондағы негізгі ойды бөліп алу; өз ойын дұрыс жазу, айту. АКТ-ны пайдалану бұл оқушыларға интертақтамен жұмыс жасай білуге, ол арқылы сурет сала білуге, интернет желісін пайдаланып ақпараттар алуға, сюжетті суреттерді анық көруге, видеороликтер көруге дағдыландырады. Қазақстанның көркеюі үшін оқушылардың таланты мен қабілетін ашып, оларды оқыту барысында дамыту өте маңызды. Мектепішілік шаралар өткізуде әр оқушының талантын байқаймын, ал ешқандай шараға қатыспайтын тұйық оқушылар арасында әртүрлі қызықты жарыстар өткізу арқылы

дарынын байқау болып табылады. Оның нәтижесінде әр оқушы өзін-өзі өзгертуші субъект дәрежесіне көтерілуі көзделіп, соған оқыту барысында лайықты жағдайлар жасау үлкен нәтиже берді. Дамыта оқытуда баланың ізденушілік – ойлау әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің бұған дейінгі білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезетіндей жағдайға түсуі керек. Содан барып оның білім алуға деген ынта-ықыласы артады, білім алуға әрекеттенеді.

Сабақ мұндай жағдайда төмендегідей 3 құрамдас бөліктерден тұратын болады.

1. Оқу мақсаттарының қойылуы.
2. Оны шешудің жолын бірлесе қарастыру.
3. Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу.



Оқушы алдына оқу мақсаттарын қоюда ешқандай дайын үлгі берілмейді. Мақсатты шешу іштей талқылау, сосын жинақтау арқылы жүзеге асады. Мұғалім сабақ үрдісін ұйымдастырушы, бағыттаушы адам рөлінде шешім табылған кезде әркім оның дұрыстығын өзінше дәлелдей білуге үйретіледі. Әр оқушыға өз ойын, пікірін айтуға мүмкіндік беремін, жауаптарын тыңдаймын. Әрине, жауаптар барлық жағдайда дұрыс бола бермес. Дегенмен әр бала жасаған еңбегінің нәтижесімен бөлісіп, дәлелдеуге талпыныс жасайды, жеке тәжірибесін қорытындылауға үйренеді. Дамыта оқыту жүйесінде оқушылардың ойларын жетілдірудің маңызы зор.

Біріншіден– шығармашылық жоба білім даяр күйінде берілмейді, оған оқушы өз оқу әрекеті арқылы қол жеткізеді. Сабақтың алғашқы ізденіс кезеңінде жаңа ақпарат жайлы не білетіндіктерін ортаға салып, мәселені өз беттерінше шешуге талпынады. Сөйтіп олар осы мәселе туралы өз білімдерінің жеткіліксіз, таяз екенін сезіну арқылы сабаққа деген қызығушылықтары оянады, ішкі түрткілері пайда болады.Мысалы: **«Жеңіл көйлек тігу»**тақырыбын өткен кезде **«Түсіну деңгейі»**топқа сұрақтар жазылған көйлек мозайкалары таратылады,оқушылардың өз білетіндерін еске түсіріп, жаңа тақырыпқа дайындық жұмысы жүргізілді.

Екіншіден — оқушы жоғары қиындықтағы мәселелерді шеше отырып өзінің санасының саңылауларын ашады. Әр оқушының өзінің деңгейіне дейін дамуға қол жеткізе алады. «Жақсы оқушы», «Жаман оқушы» ұғымының болмауы, балаларды танымдық әрекеттерге ұмтылдырады, құштарлығын арттырады. **«Қолдану деңгейі»** бойынша Әр топ көйлектің бөлшектерінің сызбасын сызып құрастырады Бұл жерде оқушылар **«Топтастыру стратегиясы»** арқылы постер қорғайды.

I топ- ұлттық көйлек
II топ -заманауи көйлек
III топ- тұрмыстық көйлек

Әр топ көйлектің бөлшектерінің сызбасын сызып құрастырады.

Үшіншіден – оқушының жеке басын дамытатын басты құрал – ол өзінің әрекеті. Сол себепті шығармашылық жоба оқушыны белсенді жұмыс жағдайына қоя отырып, мәселелерді, қайшылықтарды шешу мақсатын қояды. Бұл деңгейде оқушылар шығармашылық тапсырмалар орындайды. Жұптық жұмыс орындайды. Қалдықтармен жұмыс жасап, көйлектің эскизін дайындайды.

«Талдау деңгейі» «Реттілік» кезеңі.

Топтағы оқушыларға сұрақ парақшасы таратылады.Бұйымды әрлеп үтіктеу үлгі дайындайды. Фурнитураларды (түйме,ілмек,гүл т.б) қадау материалды пішу. Сызба дайындау бұйымды тігу.Оқушылар жеңіл көйлек

дайындаудың технологиялық реттілігін дұрыс орналастырады.

«Жинақтау деңгейі»бойынша оқушылар өз ойларын ортаға салып, бір-бірін тыңдау арқылы қорытынды пікірге келеді.

«Бағалау деңгейі» бойынша: Не білдік?, Не үйрендік?, Сен қалай ойлайсың? Осы сұрақтар арқылы оқушылар бүгінгі сабақта не біліп, не үйренгендерін ортаға салады.

Кері байланыс: Қай тапсырма қиын болды, қайсысы оңай болды. Саламандық жұмыстағы қателіктерге талдау жасау. Оқушылар смайлик арқылы көрсетеді.

Төртіншіден – шығармашылық жоба нәтижелі болуы оқушы мен мұғалімнің арасындағы жаңаша қарым-қатынасы арқасында ғана өз жемісін береді. Жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалана білу-оқушы шығармашылығы мен дүниетанымын кеңейтудің негізі.

Осы технологияларды қолдана отырып, шығармашылық іс-әрекет талаптарын орындау мақсатында, оқушылардың қызығушылықтарын арттыру мақсатында бағдарламадағы мәтіндерге сәйкес деңгейлік, шығармашылық тапсырмаларды алып, практика жүзінде қолданып, мынадай тұжырымдар жасадым:

- оқушының шығармашылық дербестігін дамыту арқылы оның жеке тұлғасын қалыптастыруға болады;
- қызығушылық іс-әрекет түрлері төменнен жоғары қарай, кезекті түрде, белгілі бір ретпен, жүйемен жүргізілуі нәтижесінде шығармашылығы дамиды;
- қызығушылық іс-әрекетті дұрыс ұйымдастыру біліктері мен ізденімпаздықтың қалыптасуы оқушыларды шығармашылыққа баулиды;
- оқушыларды танымдық тапсырмаларды орындау мүмкіндіктеріне қарай топтарға бөлініп, сәйкес жұмыс түрлерін таңдап, жүйелі жұмыс жүргізудің маңызы зор;
- қызығушылық іс-әрекетте дәстүрлі емес әдіс-амалдар пайдалану интеллектуалдық қабілеттерін дамытып, оқу-танымдық және ғылыми ізденістер жасауға талаптандырады.

Тәжірибе көрсеткендей күнделікті сабағыма қарағанда жаңа-әдіс тәсілдерді пайдалана өткен сабағымдағы оқушының белсенді іс -әрекетін, қызығушылығын байқадым. Тарих сабағында оқушы шығармашылығын дамыту тарихи көркем әдебиеттерге жол сілтеу болып табылады. Қазіргі таңда ғылыми негізде және жаңа зерттеушілік бағытта құрастырылған электронды оқулықтарды тиімді пайдалану оқушының пәнге қызығушылығына жол ашады. «Робин раунд» әдісі бойынша сыныптағы оқушылар бір-бірін қайталамай сабақ мазмұнына сай пікірін айтып сабақты қорытындылай алады. «Ыстық орындық», «Сұрақтарды ұстап ал», «Ассоциация» «Джигсо» әдістері, яғни диалогтік оқыту барысында оқушылар келісілген нәтижеге жету үшін күш жігерін жұмсайды. Сондықтан бір-бірін оқыту оқушылардың өз пікірін еркін айтуына мүмкіндік туғызары анық. Сабақта жаңа технологияларды, техникалық құралдарды жан- жақты қолдану, сабаққа керекті материалды ақпараттық кеңістіктен іздеу, мұғалімнің жұмысын жеңілдетіп, оның уақытын үнемдейді, жаңа ақпарат түрі көбейіп, оқушылардың қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, Онлайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болу тиіс. Мен өз тәжірибемде ғаламтордан тақырыптық бейнекөріністер алып оған талдау жасау жұмыстарына үлкен мән беремін. Осы арқылы оқушылардың тарихи түсініктері бір жерде ғана тоқталып қалмайды. Мысалы: **5сыныпта «Ою-өрнек жасалу жолдары»** тақырыбында сабақ өткізгенімде алдымен сыныпты түстер бойынша 3 топқа бөлдім. Әр топқа қазақ халқының ұлттық киімдері, баспанасы, зергерлік бұйымдарымен мен әдет-ғұрып,

салт-дәстүрін оқытып үйрету мақсатында оқушыларға сұрақ қоя отырып қазақ халқының баспанасы, ұлттық киімдер, зергерлік бұйымдары барлығы дерлік оюөрнекпен әшекейленеді деген мәтіндер бойынша топтық тапсырмалар бердім. Оқушылар сабақ барысында өз пікірлерін еркін жеткізе білуге,бір — бірін тыңдай білу мен пікірлерімен санаса білуге дағдыланды. АКТ- ны пайдалана отырып алған мәліметтерін баяндай алды. Қазіргі таңда АКТ-ны тиімді пайдалану оқушыларымызды мына қадамдарға бағыттайды.

1.Оқушы танымын кеңейтеді 2.Оқушыны ғаламтормен тиімді жұмыс жасай білуге бағыттайды. 3.Оқушының өзіне сенімін нығайтады және жұмыс жасай білу дағдысын қалыптастырады. Ақпаратты технологияларды пайдалану арқылы мектептегі сабақтарды жаңаша ұйымдастыру, мұғалімнің рөлі мен қызметінің артуына жағдай жасау, теориялық, ғылыми – педагогикалық және психологиялық зерттеулерге сүйене отырып, оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру, ақпараттық технологиялар мен инновациялық оқыту әдістері арқылы оқушыларды ізгілікке, елжандылыққа, саналыққа, адамгершілікке, имандылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Инновациялық әдістерді баланың білім деңгейіне және жас ерекшелігіне қарай оқу үрдісінде пайдалану негізгі міндет болып табылады.

Ақпараттық және педагогикалық технологиялар негізінде мұғалімнің рөлін түбегейлі өзгертуге мүмкіндік туды, мұғалім тек қана білімді алып жүруші ғана емес, сонымен қатар оқушының өзіндік шығармашылық жұмысының жетекшісі және бағыт берушісі болып анықталды. Осыған орай сабақ беру үрдісінде қазіргі күннің, яғни инновациялық әдістерді оқытудың интерактивті оқыту моделі болып табылады.





Нурписова Айгуль Харамановна

Воспитатель ТОО " Ясли детский -сад" Нурзерек " г.Актобе

ОГОНЬ – НАШ ДРУГ, ОГОНЬ – НАШ ВРАГ

Цель: Объяснить детям, насколько опасен пожар, и расширить их знания. Мотивировать детей предотвращать пожары. Воспитывать бережное отношение к окружающей среде с помощью вопросов и ответов. Понимать вред, который пожар может нанести человеческой жизни, и знать правила безопасности при использовании спичек и бытовых приборов. Объяснить, что огонь – это молчаливый враг. Научить способам защиты от огня и пожара. Понять полезные стороны огня и его пользу для человеческой жизни.

Воспитатель:

1. Греет, когда мёрзнешь,
   Но если его отпустить,
   Может всё разрушить (огонь).
2. Ласкается с ветром,
   Но боится воды (огонь).

Рассказ сказки с помощью мнемотехнологии.

«Сердитый огонь»

Давным-давно в густом лесу жили зайчиха и её два зайчонка. Их звали Ушка и Муня. Однажды их мама собиралась пойти в лес за фруктами и сказала своим зайчатам:

- Ушка, Муня, не играйте со спичками. В них живёт сердитый огонь, он очень опасен, – и ушла в лес.

Два зайчонка играли с игрушками, строили дом, играли в лото. Устав от игр, Муня заметила на столе спички и захотела их взять.

Муня: – Давай посмотрим, что на коробке.

Ушка: – Нет, нет, мама говорила, что в них сердитый огонь, не трогай их.

Муня: – Мы только посмотрим, не будем открывать.

Муня взяла коробок и увидела на нём картинку большого корабля. Она потрясла коробок, и внутри что-то затрещало.

Муня: – Давай посмотрим, какие там спички.

Ушка: – Мы же обещали маме не трогать их, не открывай.

Неожиданно спички случайно зажглись, и из коробка появился огонь. Он начал расти и вскоре достиг стола, а затем и потолка. Внутри дома стало жарко и душно. Зайчата сильно испугались и спрятались под кровать. Но огонь добрался и до кровати. Ушка и Муня выбежали и побежали на второй этаж. Вылезли на крышу и начали кричать: «Спасите, помогите!»

В это время два медвежонка, Плюм и Брюм, шли с рыбалки. Они услышали крики зайчат и увидели дым, выходящий из дома.

Брюм: – Скорее, давай вызовем лесных пожарных, – и побежал к телефонной будке. Плюм залез на спину Брюма и набрал 101.

Брюм: – Пожар! Срочно! Горит дом Муни и Ушки, поторопитесь!

Дежурная белочка ответила на звонок:

- Поняла, – и забила тревогу. – Звон, звон, опасность! Пожар! Быстрее к дому зайчат, он горит!

В этот момент пожарная машина выехала на дорогу.

- Би-би, расступитесь, мы спешим спасти зайчат. Уйдите с дороги. Би-би, уберите хвосты и лапы, мы их можем задавить.

На крыше Муня и Ушка сильно испугались и полезли выше. Огонь следовал за ними. Медвежата не стояли без дела, вылили ведро воды и полезли на дерево на помощь.

- Не бойтесь, мы идём на помощь! – кричали они.

Зайчата, выглянув из окна, увидели медвежат и обрадовались. Но выбраться через маленькое окно было трудно. Несмотря на трудности, Брюм вытащил зайчат одного за другим через окно. Сначала Ушку, затем Муню. Они посадили их в ведро, и Плюм аккуратно спустил ведро вниз.

В это время приехала пожарная машина, и пожарные начали тушить сердитый огонь с помощью длинных шлангов. Огонь, испугавшись воды, начал разбегаться в разные стороны. Пожарные не останавливались и продолжали лить воду. Вскоре огонь исчез. Пожарные осмотрели дом, но не нашли огонь. Возможно, он вернулся в коробку.

Из леса прибежала мама-зайчиха и обняла своих зайчат:

- Вы в порядке, мои дорогие? – спросила она, плача. Затем поблагодарила пожарных и медвежат за помощь.

Ушки и Муни обгорели лапки и ушки. Им было очень больно, и они сильно стыдились своего поступка. Мама перевязала им лапки и ушки, открыла окна, чтобы проветрить дом. Медвежата помогли навести порядок. Когда всё было убрано, все сели на кровати, так как стол и стулья сгорели. Мама угостила зайчат морковкой, а медвежат мёдом.

Ушка и Муня пообещали маме больше никогда не трогать спички. Мама поверила им и простила.

- Понравилась сказка, дети?

Игра: «Кто быстрее»

Правила: Дети делятся на две команды. Из ведра в центре комнаты нужно как можно быстрее донести воду в свои ведра с помощью черпака, не пролив её. Побеждает та команда, которая быстрее и больше принесёт воды.

Выучим стихотворение:

Огонь не зажигай, обожжёшься,
Сгорит всё, что найдёшь.
Спички не трогай,
Иначе беды не обойдёшь.

Заключение: Игра «Не ошибись».

Назвать детям предметы, которые горят и не горят. Когда называются горящие предметы, дети поднимают руки.

Похвалить детей и подарить карточки с номерами телефонов, куда можно звонить в случае пожара.



Запомните, дети: пожар не возникает случайно, он случается, когда не соблюдаются правила безопасности. Помните, что огонь – молчаливый враг. Не играйте со спичками.



Карибаева Нургуль Амановна

В МИРЕ СОЗВЕЗДИЙ. ПРАВОПИСАНИЕ НЕ В ОТРИЦАТЕЛЬНЫМИ МЕСТОИМЕНИЯМИ

учитель русского языка и литературы КГУ «Тассайская средняя школа» Актюбинской области

Цели обучения, которые достигаются на данном уроке (ссылка на учебную программу):	
5.1.5.1 участвовать в диалоге-расспросе, меняя позицию «говорящий» на «слушающий» и учитывая возрастные особенности исполняемой роли; 5.2.2.1 определять основную мысль на основе содержания и композиции; 5.3.7.1 корректировать текст, исправляя орфографические ошибки с помощью словаря, редактируя предложения; 5.4.1.1 правильно писать *НЕ* с отрицательными местоимениями, глаголами, а также окончания в разных частях речи.	
Цели урока	Все учащиеся будут: знать лексические и грамматические признаки местоимения; как созвездия помогают людям **уметь** определять основную мысль текста на основе его содержания и композиции; корректировать текст, восстанавливая по предложенному плану порядок абзацев, предложений в нем; **писать** правильно *не с* именами существительными, прилагательными, отрицательными местоимениями, глаголами.

Ход урока

Этапы урока	**Действия педагога**	**Действия учеников**	**Оценивание**	**Ресурсы**
Начало урока	1.**Организационный момент. Приветствует учеников.** Добрые пожелания учащимся Давайте, друзья, улыбнемся друг другу, Улыбки подарим гостям. У вас все готово? Тогда за работу. Удачи желаю всем нам! **Прогнозирование темы урока.** **Деление на группы.** **II. Актуализация** **Прием “Шаг за шагом”.** Активизация полученных ранее знаний.	Приветствуют учителя Просматривают видеоролик и прогнозируют тему урока. Каждый ученик берёт карточку и садится за своё место Ученики, шагая к доске, на каждый шаг называют термин, понятие, явление и т.д. из изученного материала.	ФО: похвала учителя ФО: похвала учителя	Видеоролик Карточки 

Середи-на урока	**III. Изучение нового материала.** **«Несколько минут теории».** • Местоимение - самостоятельная часть речи, которая указывает на лицо, предмет, признак, количест-во, но, не называя их. • Отрицательные местоимения указывают на отсутствие предметов, признаков, количества, например, *никто, ничто, некто, нечто.* • Отрицательные местоимения образованы от вопросительных. **«Лови ошибку» (*И,П*)** **Задание:** ⦿ - *прочитайте текст,* ⦿ - *исправьте ошибки,* ⦿ - *запишите отредактированный текст.* Никогда люди заметели что звезды на неби оброзуют причюдливые фигуры. Нисколько звезд звезные фигуры называюца созвесдиями. В никоторых из них наши далекие претки видели очиртания сказочьных существ и мефических персонажей: Орион, Персей, Геркулес, Пегас, Дракон. Древние греки определили нисколько созвездий. **<u>Задание для Даурена</u>** Списать, подчеркнуть местоимения. Меня во всю жизнь никто ещё не наказывал; отец не только не трогал меня пальцем, но я от него не слышал никогда ни одного резкого слова. Теперь меня томило тяжёлое предчувствие. Наконец меня позвали к отцу, в кабинет.	Открывают учебник на странице 95-96 и знакомятся с правилом Читают, исправляют ошибки и записывают исправленный текст. После идет взаимопроверка. Списывает, подчеркивает местоимения.	В течение урока учащиеся будут проверять свои работы. Красная звезда – без единой ошибки. Зеленая звезда – 1 ошибка. Оранжевая звезда – 2 ошибки. Синяя звезда – 3 ошибки. Клеить будут звезды по одному ученику с каждой группы. Учитываются ошибки каждого участника группы. Если в группе один выполнил с 1	Презентация к уроку Учебник Карточки Презентация Карточка

	«Кто быстрее?!» Прочитай названия телепередач, в которых употребляются местоимения. Укажи разряд местоимения***. (И)*** «Сам себе режиссер». «Жди меня». «Вы очевидец». «Самый умный». «Эти забавные животные». «Мы» «Кто хочет стать миллионером». «Наш сад» «Своя игра» **«Магический квадрат»** Задание. Заполни магический квадрат. Впиши в квадраты только вставленные в отрицательные местоимения буквы: закрась черным цветом квадрат с буквой И, квадрат с буквой Е оставь белым. ***(Г***) * Н...чем не удивишь ⦿ Н...чего рисковать ⦿ Н...чего не видел ⦿ Пожаловаться н…кому ⦿ Н...кого позвать в гости ⦿ Не пригласил н...кого ⦿ Н…чем похвастаться ⦿ Н...что не раздражало ⦿ Н…кто не помог ⦿ Н…кого винить ⦿ Н…кто не увидит ⦿ Н…чего есть ⦿ Н…кому рассказать ⦿ Н…кто не похвалит ⦿ Н…чем гордиться ⦿ Не получить н…какого результата **«Будь внимателен!» (И,Г)** Стр 96 упр 490. Спиши, вставляя пропущенные буквы, раскрывая скобки. Отгадай загадки**.** 1. Если б не было его, не сказал бы ничего (язык). 2. Никто меня не видит, а	Поднимают руку, называют местоимение и разряд. Внимательно читают, вставляют пропущенные буквы.	ошибкой, другой с 2мя, то соответственно клеятся звезды.	Презентация Рабочая тетрадь по русскому языку. Айтпаева А.В.. стр 10 задание 3 Презентация Рабочая тетрадь Айтпаева А.В. Стр 12 задание 7

	всякий слышит (эхо). 3. Громко стучит, звонко кричит, а что говорит никому не понять (гром). 4. Вечером рассыпался горох, утром встал — нет ничего (звезды). **«Восстанови-ка!». (И,Г)** Упражнение 491А стр 97 Прочитай план легенды о Персее. Восстанови по нему порядок абзацев легенды. **«Попробуй ответить»** Упр.489 стр 96 Ответьте письменно на вопросы, используя отрицательные местоимения. Обозначьте приставку в местоимениях, объясните их правописание. 1. Кто видел когда-нибудь созвездие Ориона? — Никто не видел его. 2. А какое созвездие находится около Полярной звезды? — Никакого созвездия там нет. 3. У кого ты спросил об этом? — Ни у кого не спрашивал. 4. Тебе есть у кого спросить? — Не у кого спросить. 5. Ей есть с кем пойти в кино? — Не с кем пойти.. «**Блиц-опрос» (П)** **Подведение итогов урока** Работают в парах, отвечают на вопросы.	Записывают в тетрадь. Отгадки записывают. Читают восстановленный текст Выполняют упражнение	ФО: словесная похвала учителя	Учебник Учебник Учебник
Конец урока	**Рефлексия.** **«Билет на выход»**  «Билет на выход» 1 Задание №___ мне показалось самым легким 2 Задание №___ мне показалось самым сложным 3 Задание №___ я смог бы объяснить одноклассникам 4 Задание №___ я хочу, чтобы мне разъяснили еще раз. Дата_____ Подпись _____ Домашнее задание: упр.492 стр 98	В конце урока учащиеся проводят устную рефлексию		Обратная связь по итогам рефлексии

БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ОҚЫТУ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН ПАЙДАЛАНУ

Куатова Шайгуль Убаевна

Ақтөбе қаласы, «Ақбөбек» мектебінің бастауыш класс мұғалімі

Білім беру мазмұнын жаңарту білім берудің қазіргі заманғы үрдістерін және қазақстандық білім берудің үздік практикасын кіріктіруге бағытталған. Бастауыш білім беру мақсаты — келесі негізгі кең ауқымды дағдыларды көздейді:

- білімдерді функционалдық және шығармашылық қолдану;
- сыни ойлау;
- зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- ақпараттық-коммуникативтік дағдыларды пайдалану;
- әр түрлі коммуникация тәсілдерін пайдалану;
- топта және жеке жұмыс істеу ептілігі;
- проблемаларды шешу және шешімдер қабылдауға ие оқушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін құру.

Педагогикалық әдіс-тәсілдер:

- құндылықты-бағдарланған;
- әрекетті;
- тұлғалық-бағдарланған;
- кіріктірілмелі;
- Коммуникативті әдіс-тәсілдер пән бойынша оқу бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын құрудағы негізгі бағдарлар болып табылады.

Оқушылар барлық пәндерді оқу кезінде АКТ қолдану дағдыларын дамытады. Ақпаратты іздеу және өңдеу барысында ұжымда идеялармен алмасады, өз жұмыстарын бағалайды және жетілдіреді, түрлі жабдықтар пен қосымшалардың кең ауқымын пайдаланады. АКТ оқушы білімінің, оларды тиімді қолдану бойынша дағдыларының дамуына жәрдемдеседі. Күнделікті білім беру үдерісі оқу мақсаттарына жетуге және оқушыларда алынған білім мен дағдыларды кез келген оқу және өмір жағдайында шығармашылық пайдалануға дайындығын қалыптастыруға бағдарланған.

Оқыту әдіс-тәсілдері: Құндылықты-бағдарланған тәсіл-оқушының құндылықтар жүйесін қалыптастырушы оқу-тәрбиелік үдерістің сәйкесінше формалары арқылы тұлғаның өзін-өзі танытуы үшін алғышарттар құруды көздейді.

Білім беру құндылықтары: қазақстандық отансүйгіштік және азаматтық жауапкершілік; құрмет; ынтымақтастық; еңбек және шығармашылық; ашықтық; өмір бойы білім алу. Тұлғалық-бағдарланған тәсіл— педагогтің назарын оқушы тұлғасының тұтастығына, оның тек ақылойы, азаматтық жауапкершілік сезімінің ғана емес, сондай-ақ эмоционалдық, эстетикалық, шығармашылық нышандары мен даму мүмкіндіктерімен қоса рухани дамуы туралы қамқорлыққа шоғырландыруды көздейді.

Жүйелік-әрекетті тәсіл— оқу-тәрбие үдерісінде оқушының өз бетінше білім алуына бағытталып, осы мақсатта мұғалімнің тиімді іс-әрекеттің түрлі формаларын қолдануын көздейді.

Коммуникативтік тәсіл-бірінші кезекте оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамытуға, қарастырып отырған мәтін, қатысып отырған әңгіме мазмұнын түсініп,

туындаған жағдаятқа сәйкес тілді қолданып үйренуге бағытталған.

Интегративтік тәсіл-оқу үдерісін жобалау және өткізу кезінде әр түрлі оқу пәндерінің мазмұнын өзара кіріктіру есебінен оқушыда әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға жәрдемдеседі.

Бастауыш білім беру мазмұнына ортақ тақырыптарды енгізу әр түрлі пәндік салалардан білімдерді кіріктіруге және сол арқылы алынатын білімдердің функционалдығына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Зерттеу тәсілі — зерттеушілік әрекет дағдыларын дамытуға, ғылыми таным әдістерімен танысуға жәрдемдеседі, оқушыларда танымдық қызығушылық қалыптастырады.

Интербелсенді әдіс. Интербелсенді әдіс– үйретуші мен үйренушілердің өзара әрекеттесуін оқытудың негізі деп танитын және сондай қатынасқа жағдай жасайтын әдістер. (inter – аралық, бірнеше, action-әрекет дегенді білдіреді) Өзара әрекеттестік әдетте, белгілі бір мәселені шешу, ол шешімнің тиімділігі Біз оқытуды және білім беруді, егер сабақ барысында мұғалім мен оқушы арасында өзара әрекеттестіктің жоғары деңгейіне қол жеткізсе, «интерактивті" деп атаймыз. Интерактивті сөзі – ағылшын тілінен аударғанда туралы әңгімелесу, талқылау түрінде өтеді. Ең бастысы, мұнда мәселені шешу процесі жауапқа қарағанда маңызды екендігін түсіну қажет. Бұл интерактивті әдістің мақсаты– тек ақпаратты беру ғана емес, оқушыларға жауаптарды өз бетінше табу дағдысын меңгерту екендігімен байланысты. Интерактивті негізде оқу мақсаты – білу емес, үйрене білу өзіне деген сенімге тәрбиелейді шешендік өнерін жетілдіреді танымның мәнін түсінуге көмектеседі (яғни, кейде абсолютті шындық болмайтынын) сыни ойлау дағдыларын дамытады өз пікіріне деген құқығын түйсінуі артады.

Интербелсенді оқыту- әрекетпен және әрекет арқылы оқыту, бұл ұстаным үлкен нәтижелерге жеткізетін тиімді жүйе деп есептелінеді, себебі адам санасында бірінші кезекте өзінің әрекеттері мен өз қолымен жасаған істер қалады. Кезінде көне қытай ғұламасы Конфуций (Күн-цзы) былай деген екен : «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – есте сақтармын, ал өзіме жасатсаң – үйренемін!» деген пікірі дәлел бола алады. Сондықтан интербелсенді оқыту оқушылардың оқу үдерісіндегі белсенді әрекеттерін үйренудің негізгі құралдары ән тәсілдері ретінде танылады. Интербелсенді әдісте оқушылар төмендегідей білім, білік, дағды, машықтарға үйренеді:

- терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту;
- өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;
- ақпаратты өздігімен түсініп, жан-жақты талдап, таңдап алу;
- өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру;
- пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеу;
- шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу;

Сол себепті интербелсенді оқытуда оқушылар келесі әрекеттерді атқаруға дайын болу керек:

- бірлескен жұмыс;
- танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік тұрғыдан белсенділік таныту.

Интербелсенді әдістемесінің жұмыс түрлері мен әрекеттері:

- бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, ұжымдық),
- рөлдік және іскерлік ойындар, пікірталастар,
- ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет,

құжаттар, мұражай т.б.)

- презентациялар,
- тренингтер,
- интервью,
- сауалнама т.б.

Интерактивті әдістерді қолдануда кейбір ережелерді есте сақтау қажет:

Бірінші ереже. Жұмысқа балалар толығымен қатысуы керек.

Екінші ереже. Балаларды психологиялық тұрғыдан дайындау, сабақ барысында сергіту сәті, балаларды

белсенділігі үшін марапаттау, баланың өзін — өзі көрсетуіне жол беру.

Үшінші ереже.Кабинет талапқа сай болуы қажет.

Төртінші ереже. Жұмыс орнына назар аудару қажет. Оқу орны ыңғайлы және жайлы болуы қажет. Бала өз пікірін, көзқарасын білдіріп, дәлелдеп беруге мүмкіндік жасалуы қажет.

Бесінші ереже. Оқу барысында процедураға және регламентке назар аудару қажет. Мысалы, белгіленген уақыттан асып кетпеу, бөгде кісінің пікірін сыйлау, сөзді бөлмеу, оның ар-ожданын сыйлау.

Алтыншы ереже. Оқушыларды проблема шешу барысында топқа бөлуге мұқият қарау.

Интерактивтік әдістеме өзара қарым – қатынастың мол ауқымын қамтиды. Дегенмен, әдістемелік амал қандай болса да, оқушылардың өздерінің өмірлік тәжірибелерін білім берудің негізгі көзі саналады. Оқу процесінің барысында мынадай қарым – қатынасқа түседі:

- Мұғаліммен (оқушылар мұғалімнің сұрағына жауап берген кезде);
- Өзге балалармен (қосақталып жұмыс істеу барысында) Шағын топтармен (3-5 баламен);
- Балалардың үлкен тобымен (көбіне пікірталас, сынып болып әлдебір мәселені талқылау барысында);
- Балалардың тобымен және халықпен (топ әлеуметтік сауалнама жүргізеді);
- Кейбір техника түрлерімен (мысалға , компьютермен);

Оқыту мен оқудың бұл тәсілі оқытудың сындарлы тәсілімен тығыз байланысты, себебі оқушылар бірлесіп жұмыс істей отырып, пәндердің аралығындағы мәселелерді талқылайды, зерттейді. Оқушылар тек тыңдаумен айналыспай, білім алуда белсенді әрекет етуі керек екенін көрсетеді. Белсенді оқу аясында көңілді білім алады. Жаңарту және критериалды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан мұғалімдер өз шеберлігін көрсетеді. Мұғалімдер әр сабақ соңында оқушыдан күтілетін нәтижелерін анықтайды, яғни бүгінгі тақырыпқа деген жаңаша түсінік пайда болды ма, немесе жоспар іске асты ма деген сияқты ……т.б.

Интербелсенді әдістер қолданылған сабақтарда сыныпты екі немесе үш, төрт ұялы топтарға бөліп, барлығына бірдей бір тапсырма не әр ұялы топқа бөлек-бөлек тапсырма беруге болады. Оқыту тәжірибесі барысы пікірталасқа негізделген және оқыту үдерісінде қолданылатын дидактикалық ойындар сияқты интербелсенді әдістерді пайдалану тиімді екенін көрсетеді. Соның ішінде дидактикалық ойындар оқушылардың білім алуға деген ынтасын, белсенділігін арттырып, алған білімдерін тәжірибеде дұрыс қолдануына көмектеседі.



«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҚЫЗМЕТТЕ ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Қуаныш Балбөбек

Ақтөбе қаласы №42 «Айналайын» мектепке дейінгі ұйым МКҚК, тәрбиеші

«Жас ұрпақтан біз күшті адамдарды жасауымыз керек, ал күшті адамдар деп біз дербес әрі ерікті адамдарды айтамыз»

Мектеп жасына дейінгі балаларды жалпыға міндетті біліммен және тәрбиемен қамтамассыз ету өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Мектепке дейінгі ұйымның негізгі мақсаты мен міндеті қазіргі заманғы қоғамның талаптарына сай жан-жақты дамыған ұлттық сезімі бар азаматты тәрбиелеу.

Балабақшада жаңа технологияларды пайдаланудың басты мақсаты оқыту мен тәрбиелеуге инновациялық ойын технологиясының элементтерін пайдалана отырып, жан-жақты білімді, құзыретті тұлға тәрбиелеу. Саналы білім беруде жаңа көзқарастар пайда болды және біздің алдымызға жаңа міндеттер жүктеп отыр. Осы міндеттердің бірі білім берудің әдіс-тәсілдерін түрлендіріп, жетілдіріп отыру және инновациялық білім технологиясын меңгеру. Жаңа технология бойынша білімді үнемі бүгінгі жас ұрпақ тәрбиелеушілерге меңгертіп отырсақ, балалардың жаңаша көзқарас дамиды.XXI ғасыр табалдырығын білім мен ғылымды инновациялық технологиялық бағытты дамыту мақсатымен аттауымыз үлкен үміттің басты нышаны болып табылады.Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды деп дана халқымыз бекерден бекер айтпаса керек.

«Инновациялық технологиялар – бұл білімнің басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің: оқу – тәрбие процесін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан жаңа міндеттерінің, мазмұнының, формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әр позиция басқаларына әсер етіп, ақыр аяғында баланың дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды»

Қазіргі кезеңде білім ғылым саласында инновациялық педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымдардың біріне айналды.

Яғни, инновациялық технологияны қолдану негізінде келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау қазіргі таңдағы әрбір педагогтың міндеті. Қоғамның қазіргі даму кезеңінде мектепке дейінгі мекемелердегі білім беру жүйесінде оқыту, тәрбие беру үрдісін технологияландыру – басты мәселенің бірі. Осыған орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеудің әр түрлі технологиялары жасалып енгізілуде. Білім беру жүйесінде инновациялық технологияны қолдану келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау әрбір педагогтың міндеті болып табылады.

Білім беру жүйесінде қолданылып жүрген инновациялық технологиялар мынадай: *ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру, ойын арқылы*

оқыту, проблемалық оқыту, модульдік оқыту, тірек сигналдары арқылы оқыту, дамыта оқыту, оқытудың компьютерлік технологиясы, бағдарламалап оқыту, деңгейлеп оқыту т.б.

Ойын арқылы оқыту технологиясының мақсаты – дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық, әлеуметтендірушілік мақсатқа жету. Ойын технологиясының ерекшелігі ойындық іс-әрекеттің психологиялық механизмі жеке бастың өзіндік талап-талғамдарына сүйенеді. Баланың бойындағы білімділік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсуді көздейді. Ойын – балалар үшін оқу да, еңбек те. Ойын айналадағы дүниені танудың тәсілі. Сонымен қатар, ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймайды, олардың ұйымдастырушылық қабілеттерін де қалыптастырады.

Ойын-әлеуметтік қызмет. Ол баланың жасына қарай өзін қоршаған ортаны танып білуге құштарлығын арттырады.

Дамыта оқыту технологиясы — баланы оқыта отырып, дамыту. Бала бойында еркіндік, мақсаткерлік, ар-намыс, мақтаныш сезім, дербестік, адамгершілік, еңбексүйгіштік, белсенділік т.б. қасиеттер дамыту болып табылады.

Заман талаптарына сай мектепке дейінгі мекемелерде АКТ оқыту процесінде кенінен пайдаланады. Түрлі танымдық салаларына арнаулы компьютерлік бағдарламалар құрылуда. Баланың жас ерекшелігіне және пайдаланатын компьютерлік бағдарламаларға сай интерактивті тақта ойындағы баланың оппоненті, бағдарлаушы (әңгімелеуші), жаттықтырушы, емтихан қабылдаушы болуы мүмкін.

Оқытуда балалардың түрлі психикалық функцияларын дамытуға арналған пайдаланатын компьютерлік құралдар бар*: олар қөру, есту арқылы қабылдау, зейін, есте сақтау, логикалық ойлау* т.б.

Интерактивті тақтаны пайдалану. Оқытуда интерактивті кешендерді пайдалану сапалы, қызықты және оңтайлы болып келеді. Электрондық мультимедиялық бағдарламаларды дәстүрлі оқыту және педагогикалық инновациялармен қатар, оқыту үрдісінде үнемі қолдану дайындығы әртүрлі деңгейдегі балаларды оқыту тиімділігін көтереді. Бірнеше технологиялардың пайдаланудың әсері, оқыту нәтижесінін сапасын күшейтеді.

Электрондық жүйеде оқытуда мультимедияны пайдалану, балаларға ақпаратты беру жылдамдығын, оны түсінуді көтеріп ғана қоймай, сонымен қатар интуиция, образдық ойлауын дамытады.

Мектепке дейінгі мекемеде интерактивті тақтаны пайдалану тәсілдері өте көп. Бұлар презентациялар, интерактивті оқыту бағдарламалары, графикалық, бағдарламалық орталықтарда жобалар құрастыру екені мәлім.

Интерактивті тақтаны пайдалануда қандай дағдылар болу қажет:

Компьютерді қолдана білудің бастапқы білімі;

Word, Power Point бағдарламаларымен жұмыс;

Интернет жүйесінде жұмыстану практикасы(бейнелерді, әзір презентациялар мен оқыту бағдарламаларын тауып алу).

Проблемалық оқыту технологиясы – баланы өз бетімен ізденуге үйретіп қана қоймай, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытады. Яғни, балалардың белсенділігі арттыру, оқу материалына баланы қызықтыратындай мәселе тудыру, бала материалды сезім мүшелері арқылы ғана қабылдап қоймайды, білімге деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгереді. Бұл технологияда бала оқытуды өмірмен және еңбегімен байланыстырады.

Ынтымақтастық педагогикасы – педагогтың талап ету педагогикасынан қарым-қатынас педагогикасына көшуі. Балаға ізгілік тұрғысынан қарау, оқыту

мен тәрбиенің ажырамас бірлігі: тәрбиеші-бала, бала-тәрбиеші, бала-бала, яғни бала да тәрбиеші де субъектілер болып табылады. Сонымен қатар, баланың жеке басына ізгілік қарым-қатынас, бала мен тәрбиеші арасындағы өзара түсінушілік, ынтымақтастық қарым-қатынас жасау.

Бұл технологияның негізгі мақсаты – баланы азамат етіп тәрбиелеу, олардың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту, баланың жаны мен жүрегіне жылылық ұялату.

Модульдік оқыту технологиясы– оқытудың тұтас технологиясын жобалау, алға қойған мақсатқа жетуді көздейтін педагогикалық процесті ұйымдастыру, тәрбиешіге нәтижені талдап, түсіндіріп бере алатындай жүйені таңдау және құру. Балалармен жүргізілетін жұмыстарда кездесетін қиыншылықтардың алдын-алу және түзету жұмыстарының жүйесін құру.

Қорытакелгенде, аталған педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдар балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктеріне сай пайдалануға болады. Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Осыған сәйкес, мектепке дейінгі балалардың оқу іс-әрекеттеріне көрнекілік, ойын технологиясын кеңінен қолданған жөн деп санаймы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. К.Ж.Бұзаубақова. Жаңа педагогикалық технология./Оқулық/ - Тараз:ТарМУ, 2003.

2. «Бала мен балабақша» журналы № 11,2011жыл

3. http://bilimdiler.kz/balabaksha/15272-mektepke-deyingi-bilim-berude-innovaciyalyk-tehnologiyalardy-koldanu.html

4. Б.Бөрібаев, Е.Балапанов «Жаңа ақпараттық технологиялар».– Алматы,2001.



Матжанова Жанылсын Сапаровна

Ақтөбе облысы Қобда ауданы Талдысай ауылы Талдысай орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Оқушыларға әдебиеттің құдіретін, оның адам баласы жаратылғаннан бері бірге жасасып келе жатқандығын, мәңгілік жаңарып, жасарып отыратын үрдіс екенін айтып, түсіндіре отырып, сол әдебиетті жасаушылар, ақын-жазушылар туралы, олардың көркем шығармалары жайында айтуымыз керек.

«Көркем шығарма-әдебиеттің құндылығы. Көркем шығарманы оқыту-оқушының сөз қадірін түсінерлік ойлау әрекетін дамыту, рухани дүниесін байыту, эстетикалық талғамын жетілдіру, адамгершілік қасиетін қалыптастыру.» - деген болатын әдебиет зерттеуші-ғалым, белгілі жазушы, ұлағатты ұстаз Қажым Жұмалиев. Оқушы әдебиет сабағында көркем шығарманы қабылдау керек. Бұл – оңай үрдіс емес. Қабылдау деген сіз бере салғанды ол ала қоятын зат емес. Ол – оқушының өзінің жан қалауымен, жүрек сезімімен, рухани әрекетімен жүзеге асатын дүние.

Қандай жақсы көркем шығарма болмасын оқушы қабылдау үшін әрекет жасамаса, автордың жай күйзелісін, шалқар шабытын бойынан өткізіп, көркем суретті көз алдына елестетіп, келтіре алмаса бәрі бос сөз.

Оқушыдағы осы сезімді ояту – мұғалімнің қолында, яғни, оқушыға әдеби білім беру, әдеби, эстетикалық, адамгершілік қасиеттерін дамыту үшін мұғалім әдебиетті оқыту барысында әдіс – тәсілдерді орнымен қолдану қажет. Мысалы:

- сөз өнерінің ерекшеліктерін түсініп, тануға, ой көзімен зерделеуге негіз болатын білім, білік, икем – дағдылар қалыптастыру;
- ойын сауатты ауызша (жазбаша) айта да, жаза да білу, байланыстырып сөйлеудегі тіл мәдениетін қалыптастыру және дамыту, өзіндік ой – пікірін дәйекті, жүйелі айта білуге баулу.

Әдебиет – ұлттық танымның қайнар көзі, сондықтан көркем шығармадан алынған үзінділерді оқулыққа ендіруде төмендегідей қағидалар басшылыққа алынған:

1. Шығарманың жанрлық, композициялық тұтастығы;
2. Оның ұлттық қазына екендігі;
3. Мәтіндердің сәйкестігі мен сабақтастығы;
4. Әдебиетті сөз өнері ретінде таныту;
5. Оқушы тілін дамыту негізінде оқырмандық біліктілікті қалыптастыру;
6. Оқушылардың тілдік қатынасын коммуникативтік түрде дамыту;

Бұл жерде міндетті түрде оқушылардың пән бойынша іскерліктерін танытатын, жалпы іскерліктерін дамытатын шығармашылық әрекет қажет. Әдістеме аппаратының басты функциясы – көркем шығарманы қабылдатуға үйрету болғандықтан оқушы мен мұғалім арасында жүйелі байланыс орнығуы керек. Міне, осы жүйелі байланысты өз тәжірибемде қалай іске асырып жатқандығымды көрсету үшін, көркем шығарманы оқытудың қағидаларында кездесетін кейбірқиыншылықты шешудің

тиімді жолдарын көрсету мақсатында «Қазақ әдебиеті сабағында көркем шығарманы оқытудың тиімді жолдары.» атты тақырыпты таңдап алдым.

Әдебиетті оқыту көркем шығарманы оқудан басталады. Көркем шығарманы оқу үйде, сыныпта жүргізіледі. Көркем туындыны оқуда мәнерлеп оқу, әр сөзді айқын, түсінікті оқу, жинақы оқу, дауыс естілімінің де ашық болуы талап етіледі. Оқушыны көркем мәтіннің оқу түрлеріне дағдыландыру керек. Көркем мәтінді оқу түрлерін жіктеп ажыратамыз:

- көркем мәтіндегі жазушы ойын мұғалім көмегімен аңғара оқу. Оның мән-мағынасын тұшына, түсіне оқу. Қиын, түсініксіз образды, айшықты сөздерді ұғына оқу, яғни лингвистикалық түсіндірмелі оқу;
- 2) таңдап оқу. Белгілі мақсатпен қойылған сұрақтарға жауап іздеп, тіл көркемдігін дәлелдеу, портрет, пейзаж, образды табу;
- 3) іштен оқу немесе өздік оқу. Іштен оқудың оқушыны жеке, өз бетімен жұмыс істеуге баулудағы маңызы ерекше зор. Ойлану, өз бетімен іздену, жауап табу, дербес белсенділігін арттырудағы іштен оқудың атқарар рөлінің ерекше екендігі;
- 4) рөлге бөліп оқу. Рөлге бөліп оқу таным белсенділігі, қызығушылығын арттыруда, қабілеттерін дамытуда, сабақтың эмоциялық, психологиялық мәнін нәрлендіруде пайдалы;
- 5) хормен оқу. Оқу техникасын жетілдіру, мәнерлі, айқын оқу, көркем мәтінмен жұмыс істеуге баулу бүкіл сынып оқушыларын көркем оқуға ұйымдастыруда тиімді;
- 6) ұжымдық оқу. Әсіресе, даралап оқытуда тиімді. Оқу техникасына, мәнерлеп оқуына қарай, оқушыларды топқа бөле отырып, мұғалім ұжымдық оқуды тиімді ұйымдастырса, көркем мәтінді тез меңгертуге ықпал жасайды, мәтінді оқуға деген оқушы ынтасын арттыруға әсер етеді;
- 7) жұптық оқу. Жұптық оқудың тиімділігі, біріншіден өз беттерімен оқу техникасын жетілдіру дағдыларын дамытады, екіншіден ұқыпты тыңдай білуге, бір-бірінің жұмысына талдау жасай білуге икемдейді;
- 8) мәнерлеп оқу. Мәнерлеп оқу-әдебиетті оқытудың басты әдістемелерінің бірі. Мәнерлеп оқудың мақсаты:

а) оқушыларға көркем туындының эмоциялық-эстетикалық әсерін сезіндіру;

ә) көркем мәтінге жан беру, әр сөздің мәні мен мағынасын, сөз бояуларының нақышын сезе білу;

в)көркем мәтіндегі айтар ой мен поэтикалық көркемдікті өздеріне болжату, түсіндіру, мәтінді талдау дағдыларын дамыту.

Әдебиет сабағының күре тамыры көркем мәтінмен жұмыс істеу деп санаймын. Оның ерекшелігі сол — ол оқушының жүрегіне, сезім қылына әсер етуі. Оқушылармен бірге көркем шығармамен жұмыс істей отырып, олардың ойлауына, толғауына, пікір айтуына ықпал жасаймын. Оқушылар көркем шығарманы оқып біткен мерзімде, ауызша, жазбаша сұрақтар арқылы мазмұнын айтқызамын, өзіне ұнаған бір эпизодты қысқаша баяндатамын, бір кейіпкердің іс-әрекетінен мысалдар келтірткізем, ең негізгі деген жерлерден үзінді жазып, «Ол қай оқиғадан алынды, кімнің сөзі?» деген сұрақтарға жауап аламын, әр түрлі әдеби ойындарын жүргіземін.

Көркем мәтінді талдау шығармашылық жұмыстарды талап етеді. Көркем мәтінді оқыту мен талдауда оқушының мәтін мазмұнын меңгеруіне көңіл бөлу керек. Көркем шығарманы оқығанда, оқушылардың ол туралы өзіндік әсері, пікірі туындайды. Оқушылардың зейіні, есте сақтау, қабылдау қасиеттеріне қарай мұғалім мәтінді тұтастай емес, ең негізгі басты мәселелерін ғана мазмұндатып, оны меңгеруді одан әрі жалғастырғаны тиімді болады. Үзіндіні мазмұндағанда, оқушыларды мүмкіндігінше жазушы тілімен мазмұндатуға икемдеу керек. Оқушыларды әңгімелеу, мазмұндау

кезінде жиі мәтінге үңілдіріп, кейбір негізгі мәселелерді мәтінге жуық айтуды талап етемін. Көркем шығарманы үйге тапсырма ретінде бергенде, түсініксіз сөздерді, сөйлемдерді оқушылардың алдын ала белгілеп келуін талап еткен жөн. Сабақ барысында шығарманың мазмұнына талдау жұмысын жүргіземін. Күрделі, түсініксіз сөздерге түсінік беремін. Мысалы: қыстау, атан, шам, ру, шариғат бұйрығы, ердің құны. Кейбір диалогтарды оқи отырып, ең басты мәселелерді түсіндіремін.

-«Арысыңды, ендеше, арыстан жеді» (Бөжейдің сөзі).

-«Ақ қарамды тексермедің бе, өңшең қан жұтқан қара бет?!» (Қодардың сөзі).

Әдеби талдаудың басты мақсаты-оқушылардың өзіндік қабылдауларын, пікірін әдебиеттану ғылымының талабына сай ғылыми арнаға бағыттау болып табылады.

Оқушы көркем мәтінді талдай білу арқылы нақты, дәлелді сөйлеуге дағдыланады, сөз құдіреті мен қасиетін ұғынады. Сол себептен, ең алдымен көркем тілмен сөйлеуге талаптандыру керек. Әр сөйлемнің негізінде нақты ой, сол ойды анық, айқын кестелейтін сөз оралымдары болу керек. Күнделікті пайдаланатын тілді жақсы меңгерген баланы оны кестелеп, әдемілеп қолдануға дағдыландыру керек. Мағынасыз сөздер, шұбалаңқы сөйлемдер, айтатын ойын нақтылап беруге шорқақтық көркемдеп сөйлеуге зиянын тигізеді. Сондықтан көркемдеп сөйлеуді әр сабақта жүйелі түрде жүргізген тиімді болмақ. Көркем сөйлеу оқып отырған көркем шығармаға да тікелей байланысты. Оқушыларды әңгімелеу, мазмұндау кезінде жиі мәтінге үңілдіріп, кейбір негізгі мәселелерді мәтінге жуық айтуды талап ету-осы көркемдеп сөйлеуге баулудың басты жолы. Көркем сөйлеудің негізгі белгілері топтар, фигуралар түрін меңгерту, теңеулер мен баламаларды сөйлемде жиі қолдану болмақ. Көркем мәтінді оқу барысында керекті дәйектемелерді ала білуге, бейнелі оралымдарды теріп алуға баулу. Көркем шығарма тілін талдауда жазушының суреткерлік шеберлігін, эстетикалық мүмкіндігі, тілдік құралдарды поэтикалық деңгейге сай қолданылуы, сөздің, фразаның құдіретін дұрыс танытады.



«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ НЕГІЗДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Салық Гүлдана Асанбайқызы

Ақтөбе қаласы «Ақбота» сөйлеу тілінде күрделі бұзылыстары бар және көру қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы балабақша» КММ тәрбиешісі

Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығында өзін – өзі тануға ұмтылуға, іздену. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу, оның рухани күшін нығайтып, өмірден өз орнын табуға көмектеседі. Өйткені адам туынды ғана емес, жаратушы да. Баланың шығармашылық қабілеттерін дамытудың жолдарын, құралдарын анықтау психология мен педагогика ғылымдарына өте ертеден зерттеліп келеді. Шығармашылық әлемдік мәдениеттің барлық дәуіріндегі ойшылардың назарына болғандығын байқауға болады. Бұл әрекеттер өзінің логикалық шегіне жеткен деп айтуға болмайды. Сондықтан, шығармашылық педагогикасының негізгі сақсаты – бүгінгі күнгі талаптарынан туындаған, озық қоғамға лайықты жаңа сана, рухани сапа қалыптастыру және тың жолдар мен соны шешімдер іздестіру болып табылады.

Шығармашылық – бұл нақты іс-әрекет барысында жүзеге асырылатын өз бастауы, өту барысы және нәтижесі болатын үрдіс. Бұл үрдіс 3 кезеңнен өтеді: дайындық, ізденіс, орындау. Осы деңгейлерге сәйкес шығармашылық қабілеттерінің құрылымын анықтайды, өз бойынан оларды талдайды, бағыттай отырып дамытады және жетілдіреді. Қазіргі жағдайда мемлекеттердің даму деңгейі табиғи ресурстардың байлығымен ғана емес, сонымен қатар интеллектуалдық және шығармашылық әлеуметімен, ғылым мен өндірісте жаңа технологияларды игеру мен енгізу табыстарымен анықталады. Шығармашылық — бұл өте күрделі психологиялық прцесс. Ол іс-әрекеттің түрі болғандықтан, тек адамға ғана тән деп көрсетіледі. Бірақ біз осы айтылғанның: Шығармашылық барлық адамға бірдей тән бе? Шығармашылық кезкелген адамның бойында кездесеме? деген сұрақтар туындайтының аңғарамыз. Ия, біз ұзақ жылдар бойы шығармашылық барлық адамның қолынан келе бермейді – деп қарастырып келдік.

Дж.Гильфорд, шығармашылық-әр түрлі бағытта жүретін ой түрі, - деп қарастырады. Ол шығармашылықтың төмендегідей параметрлерін белгілеген: мәселені көре білуі қабілеті; идеяны талдай білуі қабілеті; идеядан негізгі өнімді ала білу қабілеті; түпнұсқалық: идеяны жетілдіре білу қабілеті; талдай және жинақтай білу қабілеті.

Е.П.Торранс шығармашылық деп қабылдаудағы кемшіліктерді көру қабілеті, деп түсіндіре отырып, құрамын төмендегідей сипаттайды: 1.Мәселені шешуге жауапкершіліктің пайда болу процесі; 2. Мәселені шешу жолдарын қарастырып, болжам жасау; 3. Тексеру, болжам дұрыстығын тексеру; 4. Орындалған тапсырманың нәтижесін тауып, хабарлауы.

Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығында өзін – өзі тануға ұмтылуға, іздену. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет.

Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу, оның рухани күшін нығайтып, өмірден өз орнын табуға көмектеседі. Өйткені адам туынды ғана емес, жаратушы да. Баланың шығармашылық қабілеттерін дамытудың жолдарын, құралдарын анықтау психология мен педагогика ғылымдарына өте ертеден зерттеліп келеді. Шығармашылық әлемдік мәдениеттің барлық дәуіріндегі ойшылардың назарына болғандығын байқауға болады. Бұл әрекеттер өзінің логикалық шегіне жеткен деп айтуға болмайды. Сондықтан, шығармашылық педагогикасының негізгі сақсаты – бүгінгі күнгі талаптарынан туындаған, озық қоғамға лайықты жаңа сана, рухани сапа қалыптастыру және тың жолдар мен соны шешімдер іздестіру болып табылады.

Ерте және мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс істейтін тәрбиешілерге қойылатын жалпы талаптар: эстетикалық талғамы бар, оны балаларға жеткізуге қабілетті; педагогикалық үрдісті Қазақстан Республикасы халықтарының этномәдени негізінде құрады; өзінің шығармашылық қабілетін қандай да бір іс – әрекет аясында көрсетеді; әр баланың шығармашылық әлеуетін оның өсуі үшін пайдаланады.

Отбасы тәрбиесін ұйымдастыруға қойылатын жалпы талаптар: баланың өзінің шығармашылық ойын еркін білдіруге мүмкіндік беру; баланы нәтижелі, бейнелеу іс – әрекеттеріне жағдай жасау; баланың қызығушылығын, бейімделігін зерттеу және оларды дамытуға ынталандыру; табиғат құбылыстарын бақылау, эстетикалық талғамы мен өнер туындыларына қызығушылығын тәрбиелеу; қазақ және басқа да халықтардың әдеби, музыкалық және халық ауыз әдебиеті шығармаларын тыңдау; жетістікке жету жағдайын жасау; баланың қабілеті мен бейімін зерделей отырып, шығармашылық өсуі үшін мүмкіндіктер жасау.

Олай болса, мектепке дейінгі кезеңнен шығармашыл тұлғаны қалыптастыруда бейнелеу өнері әрекетінің орны ерекше.

Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылығының бірінші белгісі қоршаған орта заттары мен объектісімен таныстыруда тәрбиеші оның негізгі пішініне, салыстыруға, ұқсастығын ажыратуға үйретіледі. Сол себептен бала бір заттың түрліше пішінін суретін салуда, мүсіндеуде және жапсыруда басқаша бейнелеудің амалын меңгереді. Балалар еркін түрде сурет салуда, басқа заттың ұқсас пішінін беруде қолданады. Сурет салуда түзу, қисық, үзік, жіңішке, қалың сызықтың түрлі амалын бала өзінің ойымен заттар мен құбылыстардың бейнесін беруде пайдаланады. Мысалы: бала құстың аузын ашып қояды, бұл оның ойынша ән айтып тұр дегенді білдіреді. Осындай жолдар арқылы бала бейнелеу әрекетінде еркін шығармашылық мүмкіндігін көрсетеді.

Мектепке дейінгі балаларда болатын шығармашылықтың екінші белгісі — затқа жаңа қызмет беруі. Баланың затпен әрекетінде байқалатын құбылыс, бір затты екінші заттың орынбасары ретінде қолданып, қиялында таза образынжасап алуы. Сол сияқты бейнелеу әрекетінде де көз алдына елестету арқылы жаңа бейнелер құрастырады. Бала сурет салуда бейнелеу іс-әрекеті арқылы жас ерекшелігіне сай, қоршаған ортаны өзінің бейнелеу тәсілдерімен суреттеуге талпынады. Бала қоршаған ортаға деген саналы қарым-қатынасын, адамдар арасындағы қатынастарға, табиғатқа, жануарлар әлеміне қатысты өз ойларын сөзбен немесе сурет түрімен бейнелеуге тырысады. Мысалы: сабақта балаларды қоршаған ортаның әсемдігін, пішіні мен түсін, заттардың әдемілігін бағалай білу тәсілдерін қолданған жөн. Әсемдікті көру, түстердің ғажап әлемін ашу, әрбір қимылды музыкалық үзінділерден есту-бейнелеу өнерінен сабақ берудің негізгі мақсаты шығармашылықты қалыптастыру.

Сонымен қатар әдемілік, әсемдік туралы әңгімелеп, оқыту, тәрбие жұмыстарында ойын тәсілдерін қолдану

керек. Баланың алғашқы қадамы олардың эстетикалық қабылдауымен, есінде қалғанын елестете сурет салуымен эмоциялық түсінгіштігімен байланысты. Сурет салу кезінде баланың құрылым, көлем, затты кеңістікте дұрыс орналастыру, түстерді таба алу дағдыларымен бекітіледі. Ең маңыздысы, баланың сурет салуда алғашқы біліктілігі қалыптасады. Сурет салу барысында салыстыру, жалпылау, абстракциялау т.б үрдістер қатар жүріп жатады. Сонымен бейнелеу өнері ойлаудың, байқаудың сенсорлық сезгіштігін дамытып, қалыптастырады. Бейнелеу өнерінің әр кезде де эмоциялық өңделуі жоғары болады. Эмоциялық бастауды дамытпай, талғампаздықты, қиялдауды, көз алдына елестетуді, армандай білуді, шығармашылықты қалыптастыру мүмкін емес. Бейнелеудің мазмұндық ерекшеліктері оның елестету, қиялдау, көру, кеңістікке, түске, пішінге деген сезгіштік сезімді дамытуға бағытталуында. Шығармашылық тұлғаны қалыптастыру — қазіргі кезеңде педагогикалық теория мен іс-тәжірибеде маңызды міндеттердің бірі.

Балалар шығармашылық үшін материалдар ретінде түрлі жеміс, тұқым, тастар, құс қауырсыны, ағаш бұтағы, гүлдер т.б. қызмет етеді. Балалар өзінің жұмысы үшін алдын-ала материалды қарап, ұстап, түрін, түсін, қасиетін таниды. Мысалы: жаңғақ — домалақ, қатты, қоңыр т.б. Шығармашылық ықпал кез келген міндеттерді шешуде педагогтық бейнелеу техникасының ерекше, дәстүрден тыс жолдарын, шешімнің көптеген нұсқалары мен тәсілдерін көрсеткен кезде ғана туындайды.

Қорыта келе, қазіргі заман талабына орай мектепке дейінгі мекемеде баланың жас ерекшелігін ескере отырып, оны шығармашылыққа баулып, бар мүмкіндіктерін аша отырып, қиялын, ой-өрісін дамытуды басты жолға қоя білу керек.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы.

2. Қайролдаева А.Н. «Мектепке дейінгі ұйым әдіскерінің инновациялық педагогикалық әрекетін ұйымдастырудың жаңа амалдара/ Білім көкжиегі. 2015. -№9

3. Меңжанова А. «Мектеп жасына дейінгі балалар көркем әдебиет арқылы тәрбиелеу/ методикалық құрал/ Алматы: Мектеп 1987. -119б.

4. Ниязбекова Ф., Сансызбайқызы М. «Балабақшада баланы мектепке дайындау» Алматы «Шартарап» 2000 жыл.



«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ТӘСІЛІ НЕГІЗІНДЕ ҒЫЛЫМИ БІЛІМ БЕРУ

Тәжібаева Әсемгүл Оразалықызы

Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы, Қияқты ауылы, Қыналы негізгі орта білім беретін мектебі, математика пәні мұғалімі

Қазақстан Республикасының әлемдік өркениетке кіруіне қатысты білім беру саласына қойылатып отырған заман талабы шығармашылықпен жұмыс істей алатын, басекеге қабілетті тұлға тәрбиелеп қалыптастыру. Білім берудегі негізгі мақсат тек білімді, кәсіби мамандырылған адам дайындау ғана емес, рухани дүниесі бай және адамгершілігі зор, қоғамдық өмірдің барлық аясында ұлттық құндылықтарды бағалауға және дамытуға қабілетті тұлғаны қалыптастыру екенін, білім мазмұнын таңдауда қатаң ескертілетін мәселе екенін баса айтқан жөн.

«Тұлға» - адамның келешек өмірінің қалыптасу жобасының келбеті. Адам тәрбие негізінде жетіліп, қалыптасады. Адам болашағын шешетін да тәрбие екендігі ежелден белгілі, көңілде жатталған ұлы түсінік болғанымен, оны педагогикалық-психологиялық тұрғыдан келгенде «қалай жүргізу керек, қалай ұйымдастыру керек?» деген мәселе күн тәртібінен түспейтіні ақиқат.

Ал «құзірет» - оқушының жеке және қоғам талаптарын қанағаттандыру мақсатындағы табысты іс-әрекеттеріне қажетті білім дайындығына әлеуметтік сұраныс. «Құзыреттілік»- сәйкес құзыретке ие болу негізінде іс-әрекетті жүзеге асыру қабілетінде байқалатын тұлғалық қасиет (немесе тұлғаның өзара байланысқан қасиеттернің жиынтығы). Оқушылардың негізгі құзыреттілігі ретінде: құндылық-бағдарлық, жалпы-мәдени, оқу танымдық, ақпаратты технологиялық, әлеуметтік, еңбек, коммуникативтік, өзін-өзі тұлғалық дамыту құзыреттіліктері белгіленген, яғни, мектепте алған терең білімдерін болашақта пайдалана білуге бағытталған іс-әрекеттерді жүзеге асыру қабілеттерін дамытуға күш салысуымыз керектігі баса айтылған. Демек, бүгінгі таңда құзыреттілік тұрғысынан білім мазмұнын таңдау, білім берудің мақсат пен міндетін, нәтижесін айқындауда дәстүрлі бағыттар мен тікелей байланыста бола отырып, білім берудің жетекші парадигмасына айналуда.

Құзыретті білім беруде білім беру жүйесі нәтижелі- мақсатты бағыттаушылыққа негізделеді. Сонымен қатар ол жеке тұлғалық және әрекеттік аспектілерімен сипатталып, тәжірибелік, прагматикалық, ізгілік бағыттаушылығымен ерекшеленеді. Құзыретті білім берудің тәжірибелік бағыттаушылығы Еуропа Кеңесі симпозиумының материалдарында берілген.

Құзыретті білім берудің басты мақсаты - әр түлектің бойында болуға тиіс сапаларды анықтау. Бұл құзыретті білім берудің идеялары білім берудің ұстанымдары ретінде А.Аронов, А.Баронников, А. Бермус, А.Болотов, И.Зимняя, А.Хуторский, М.Чошанов, Ю.Татур, П.Щедровицкий т.б ғалымдар еңбектерінде кеңінен зерттелген.

Құзыретті білім берудің идеяларын Л.Филатова былайша жіктейді:

- құзыреттілік білім берудің интеллектуалдық және дағдылық ерекшеліктерін біріктіреді;
- құзыреттілікке білім мен білік, құндылық бағдарлар, түрлі әдеттер кіреді.

Құзыретті білім берудің мақсатын анықтаудың жалпы ұстанымдары білім берудің мазмұнын іріктеуді, білім беру үрдісін ұйымдастыруды және олардың нәтижелерін болжайды.

Құзыретті білім берудің теориясында екі базалық ұғым бар: құзырет және құзыреттілік. Ғалымдар құзыреттіліктерге түрлі анықтамалар беруде, бірақ нақты анықтама жоқтың қасы. 1996 жылы Бернде «Европа үшін тірек құзыреттіліктер» деп аталған В.Хутмахердің баяндамасында «... само понятие компетенция, входя в ряд таких понятий, как умение, компетентность, способность, мастерство, содержательно до сих пор не опеделено» дегені мәлім.

Құзырет дегеніміз – білім, білік және сапаларды қолдануға тырысу және оған дайындық деп қарауға болады. Ал құзыреттілік деп кәсіби сауатты пайымдаулар, бағалаулар, пікірлерді меңгеру үшін қажет білім мен біліктерді және кәсіби қызметін атқару қабілеттіліктерін айтамыз. Құзыреттіліктің төмендегідей сипаттамалары бар:

- адам білімділігін көрсетпейді;
- құзыреттілік адамның өз бетімен жауапты түрде әрекет етуге мүмкіндік туғызатын жеке қасиеттерінің үйлесімділігін көрсетеді;
- адамның құзырлылығын пайымдаудың негізіне бағалау және әрекеттің соңғы нәтижесін ойлау жатады;
- құзыреттілік жеке адамның мінездемесі болып есептеледі және ол оның іс -әрекеттерінің нәтижесінен көрінеді.

Қазіргі кезде білім беруді дамыту негізінде құзыреттілік тәсілге сүйену ұсынылып отыр. Құзыреттілік тәсілі басты назар білім нәтижесіне аударылады әрі оқытудан күтілетін нәтиже ретінде оқушы игерген ақпараттар жиынтығы емес, оның түрлі проблемалық жағдаяттар әрекет ету қабілеттілігі қарастырылады. Мұнда өзекті ұғым ретінде «түйінді құзыреттер» термині енгізілген, яғни құзыреттілік тәсілі тұрғысынан білім беру қызметінің негізгі тікелей нәтижесі түйіндің құзыреттерді қалыптастыруға келіп саяды.

Құзыреттілік оқу нәтижелерімен қатар оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттері және құндылық бағдарының жүйесінде көрсетеді әрі ол оқушының алған білімі мен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде қандай да бір тәжірибелік және теориялық проблемаларды шешу үшін қолдана алу қабілеттілігін сипаттайды. Бұл, ең әуелі, мектепте оқыту үрдісі кезінде қалыптасады. Оқушылардың құзыреттілдігі – оқу үрдісінің негізгі сапа көрсеткіші, оның жетістігі қойылған педагогикалық мақсатқа жету болып табылады. Демек, оқытудың сапасын күтілетін нәтижелер тұрғысынан жетілдіруді оқытудағы құзыреттілік тәсіл қамтамасыз ететін болғандықтан, оны жүзеге асыру үшін білім мазмұнынан білім, біліктілік, дағдыға, шығармашылық іс-әрекеттер тәсілі мен эмоционалдық-құндылық қатынастар тәжірибесіне негізделген түйінді құзыреттерді ажыратып алу қажет.

Аталған проблеманы зертеуші ғалымдар оқушылардың құзыреттілігінің мынадай үш деңгейлі иерархиясын ұсынады және оларды былайша ажыратады:

- базалық құзыреттілік (метапәндік, яғни жалпы білім беру мазмұнына қатысты):
- түйінді құзыреттілік (белгілі бір пәндер аясында және білім саласына қатысты):
- пәндік құзыреттілік (оқу пәні шеңберінде қалыптасады және нақты сипатталады).

Мұндағы базалық құзыреттілік білім салалары мен оқу пәндері деңгейінде оқытудың әрбір сатысы үшін нақтыланады. Базалық және түйінді құзыреттілік құндылық- бағдарланған, пәндік –ақпараттық, іс-әрекеттік – коммуникативтік сияқты тұлғалық маңызды іс-әрекетте көрініс табады.

Түйінді құзыреттіліктің интегративті сипаты бар, өйткені олар мәдениет пен іс - әрекеттің (ақпараттық, құқықтық және т.б)

кең ауқымына жататын бір текті немесе іргелес білімдер мен біліктіліктер қатарын қамтиды. Осыған орай, соңғы кезде мектептегі білім беру жүйесінде білім берудің мақсаттары мен мазмұнын қалыптастырудың әлеуметтік- мәдени және жаратылыстану ғылыми негіздерін кіріктіру тенденциясы күшейе түсуде. Өйткені мектеп оқушыларының әлемге, ондағы адамныңорны мен рөліне деген біртұтас көзқарасын қарастырмай, тек арнайы білімдер беру арқылы жалпы адамзаттық мәдениетті игерту мүмкін емес. Мұндай көзқарасты қалыптастыруда кіріктірілген курстарды құру тиімді. Дәстүрлі қалыптасқан оқу пәндерін кіріктіру, яғни білім салалары бойынша кіріктіру оқу жоспарының инвариантты бөлігіндегі жүктемені азайтып, оқу үрдісінің вариативтілігін арттыруға және сол арқылы оқушылардың білімге түрлі сұраныстарын қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Сонымен мектептік білім берудің тәжірибелік бағыттылығын күшейту, оқушылардың ойлау қызметін дамыту және тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру, шығармашылық, ізденушілік, зерттеушілік және эксперименттік сипаттағы өзіндік жұмыстар үлесін арттыру арқылы оқыту үрдісінде құзыреттілік іс-әрекеттілік тәсілді жүзеге асыру бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр.

Демек, оқытудың күтілетін нәтижелері ретіндегі құзыреттіліктерді айқындау, соларды ескере отырып іс-әрекеттік түрде оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауға арналған бақылау-өлшеу жүйесін жасау, оқытудан күтілетін нәтижелер ретіндегі құзыреттіліктерді қалыптастыратындай оқыту технологияларын таңдап, іс-әрекеттілік-құзыреттілік тұрғысынан жетілдіру бағытында жұмыстар жүргізілуі қажет.

Мектептік жаратылыстану ғылыми білім мазмұнын кіріктіру тұжырымдамасына сүйене отырып, іс-әрекеттілік-құзыреттлік тәсілі негізінде құрылған жағдайда қазіргі өмірдің өзгермелі жағдайларында еркін бағдарлай алатын, өзінің алған білімін іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және адамгершілік тұрғыдан өз бетінше дұрыс, жауапты шешім қабылдауға қабілетті тұлға қалыптастыруға және олардың дүниеге біртұтас көзқарассын, ғылыми дүниетанымын қалыптастыруға септігін тигізеді.

«Құзыреттілік» анықтамасы әдебиетте білім мен мүмкіндіктің бірігуін, зерттеу еңбегін нәтижесін, жеке тұлғаның сапасын, жалпы мәдениет пен істің күрделі мәдени жиынтық түрлерін іске асыра алуын, адамның өзгелермен қажетті байланыс құрып, оны сақтай алуын, т.б білдіреді. Жас зертеушілердің құзыреттілігін нәтижелі ғылыми зерттеу ісін іске асыру және оның сапасын жауап беру жолындағы тұлғаның психологиялық теориялық, әдіснамалық, технологиялық дайындығының бірігуі бағытында қарастырамыз.

Одан өзге құзыреттілік когнитивті (ойды қолдану және түсіну), әдіснамалық (уақытты ұйымдастыру, шешім қабылдау), өзін-өзі дамыту мен өз бетінше жетістікке жетуге ұмтылу мүмкіндіктерін болжайды.

Жас зерттеушінің құзыреттілігінің қалыптасуы кез келегн теоретикалық, әдіснамалық және технологиялық өзара бағыттары негізінде жүзеге асырылады.

Білім беруді жаңарту – үнемі алға қарай ұмтылу мен дамыту үрдісі, білім беруде кезең-кезеңмен өтетін және алынған нәтижелерге сәйкес түзетулер енгізіліп, талданатын өзгерістер.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Ұлағат» журналы. 2009 ж №5
2. «Қазақстан мектебі» журналы 2010 ж №4
3. Г.Ахметова, З.Исаева. Педагогика. Оқулық. Алматы. 2006 ж.
4. Т.Садықова, А.Әбілқасымова. Жоғары мектепте білім берудің дидактикалық негіздері.
5. «Қазақстан мектебі» журналы 2011 ж №4

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

Оспанов Әнуарбек Бақтыбайұлы

Ақтөбе облысы, Ембі қалалық мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББО мектебінің дене шынықтыру пәні мұғалімі

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Дене тәрбиесі жүйесі-өзара қарым-қатынастағы жеке дене тәрбиесі жүйесі және әртүрлі қоғамдық топ өкілдерінің ерекшеліктеріне қарай сипатталады (балалар дене тәрбиесі жүйесі, мектеп оқушылары дене тәрбиесі жүйесі т.б.) Балалар дене тәрбиесі жүйесі-әртүрлі жастағы топтардың денсаулығына жан-жақты бағытта қызмет жасайтын қоғамдық ұйым.

Дене тәрбиесінің әр жүйесі дене тәрбиесіне тиянақты-тарихи түрін бейнелейтіндіктен қойылған мақсаттқа жету үшін осы немесе басқа ұйымдардан құралады. Жүйе айқын салалар құрылымымен олардың қызметі басқа да жүйелерінің қарым-қатынас ерекшеліктерімен айқындалады. Жүйенің ең басты *қызметі* — адамдардың дене мәдениетін жоғары сатыға көтеру үшін барлық осыған тікелей қатысты құрылады.

Дене тәрбиесі жүйесінің басты талаптары:

- дене тәрбиесі негізі мен әдісі сауықтыру жағдайында тек заңды негізге сүйену керек.
- дене жүктемелері оқушылардың мүмкіншіліктеріне байланысты берілуі керек.
- 3.дәрігерлік педагогикалық бақылау мұғалімнің кез-келген оқу-тәрбие жұмысында болуы міндетті.
- Санитарлық-гигиеналық қалыпты, күнді, ауа мен суды пайдалану-барлығы әрбір дене жаттығулары кезінде қолданылуы кажет.

Дене тәрбиесі,спорт ілімі мен әдістемесі жеке пән бола отырып жекелей ұғымдары бар. Олар бір-бірімен өте тығыз байланыста, мақсаттары оқу жүйесін жүйелеу, ағзаны шынықтыру, қоғамға дене сапалары жан-жақты тұлға дайындау.

Дене тәрбиесі - жеке тұлғаны жан-жақты және үйлесімді дамытуға, оның денсаулығын нығайтуға, еңбек ету мен әскери қызметті атқаруға даярлауға бағытталған қоғам мен жалпы мәдениетінің бір бөлігі.

Қызметі дене дамуын оңтайландыру, білімдік, ақыл-ой және қызметтің өзге де түрлерімен өзара бірге әрекет ету, таңдап алған мамандықты меңгеруге себепкер болу, тәрбиелік, жалпы мәдени, эстетикалық, адамгершілікті, әлеуметтік-экономикалық салауатты өмір салтын қалыптастыратын дене дайындығы.

Дене шынықтыру - дене жаттығуларын, табиғаттың сыртқы күштнерін (күн, ауа, су) пайдалана отырып ағзаны шынықтыру. Яғни мәдениеттің ажырамас бөлігі адамның дене бітімін дамыту, оның денсаулығын нығайту, рухани және материалдық құндылықтар жиынтығы болып табылатын әлеуметтік кызмет саласы.

Қызметі қозғалыс қажеттілігін канағаттандыру, фукнционалды рахаттану, бос уақытты оңтайды пайдалану. қызметі төмендеген дене мүшелерін қалыпқа келтіру, жолы, яғни дене дамуына әсер етуші факторлар; тұқым қуалаушылық, өксн орта, спорт түрі.

Дене дамуы - ағзаның табиғи морфофункционалдық ерекшеліктерін өзгерту жолы, яғни дене дамуына әсер

етуші факторлар; тұқым қуалаушылық, өскен орта, спорт түрі.

Қызметі жеке тұлғаның даму ерекшелігі, айырмашылығы және әсер етуші факторлардың нәтижесінде дене мүшелерінің өзеріске ұшырау қалпы.

Дене тәрбиесінің барлық сабақтар бағытына қарай мынадай міндеттерді жүзеге асыруы тиіс.

Олар: тәрбие, білім, сауықтыру.

а) Білім беру міндетінің мақсаты - оқушылардың білімін шыңдай түсу**.** Жаттығуларды ептілікпен және дағдымен орындату. Оларды өмірде қолдана алуға үйрету**.**

б) Сауықтыру міндеттерінің мақсаты - дене тәрбиесі жаттығуларының сабақ кезінде ағзаға сауықтыру әсерін тигізуіне тиімді жағдай жасау.

в) Тәрбиелеу міндеттерінің мақсаты – сабақ жүргізу жүйесінде оқушының адамгершілік қасиеттерін арттыру.

Дене тәрбиесі сабағында төмендегідей міндеттер жүзеге асырылуы керек.

Қойылған міндеттерді орындау жолдарын таңдау. Әдістемелік ұйымдастыру шараларын белгілеу. Мұнда мұғалім оқушылардың әрекеттерін тиімді ұйымдастыру түрлері мен әдістерін таңдайды. Олардың тұратын, отыратын орындарын қозғалыс жолдарын анықтайды Снарядтарды жинау жолдарын көрсетеді. Қимыл-қозғалыс дайындығын мұғалім мектеп бағдарламасында кездесетін барлық жаттығуларды көрсете алуы керек. Сондықтан да мұғалім сабақта үйренетін жаттығуды қайталап өз мүмкіншілігін әрдайым тексеріп отыруы қажет. Теориялық жәнс сөйлеу дайындығы мұғалім өтілетін сабақты жақсы білумен қатар-шешен сөйлей алуы да керек. (әңгімені дұрыс жүргізу, баяндау команда беру, таңдау жасау т.б.) Сабақты материалдық жағынан қамтамасыз ету. (керек құрал жабдықтарды дайындау және спорттық снарядтарды табу т.б.).

Дене тәрбиесі мен еңбек байланысының мақсаты.

Жеткіншектерді енбекке тәбиелеу дене тәрбиесі мақсаттарының бірі болып табылады. Дене тәрбиесі еңбекке ерікті түрде тәрбиелеудің негізін қалайды. Денені шынықтыру тұрақты дағды тәртібін, ерік-жігерді, қалыптасқан мінез-құлықты талап етеді. Еріншектікке жол бермейді. Өйткені, күнде таңертеңгі гимнастикалық, спорттық жаттығулармен айналысатын оқушының еңбекке деген ынтасы оянады. Еңбекке деген адамгершілік көзқарастарын қалыптастыруда дене тәрбиесі пәнінің мүмкіндіктері ете көп. Мысалы, «Өзің үшін, өз мақсатың үшін еңбек еткенің жақсы. Ал өзгелер үшін еңбск етуге калай қарайсың?» деген сұрақты қоя отырып, жаттығу жұмыстарын жүргізудің тәрбиелік маңызына назар аудару

Дене тәрбиесіндегі эстетикалық білімнің мақсаты.

Дене тәрбиесі сабағындағы эстетикалық тәрбиенің маңызы өте зор. Адамның жан дүниесі қандай сұлу, таза болса, дене мүшесі де сондай сымбатты болуы керек. Бұл ретте окушыларға берілген тапсырманы мәнерлеп түсіндіру**, ә**деп сақтауға үйрету, музыкалық сүйемелдеу кезінде әуенге сай үйлесімді қимылдауға дағдыландыру игі нәтижеге жеткізеді. Мысалы, әдетте жаттығу барысында «жақсы», «дұрыс емес» деген сөздер жиі айтылады. Ал «Жарайсың, міне қандай әдемі!» деген жылы лебізді сирек естисің. Окушылардың қозғалыс қимылдарын орындау техникасына назар сала отырып, оның ынта-ықыласын сол жаттығулардың таза әрі үйлесімді, сұлу орындалуына аудара білген жөн. Жан сұлулығы мен тән сұлулығын кимыл-жаттығу кезіндегі іс-қимылдың әсемдігіне ұштастыруды басты мақсат етіп алу қажет. Ұстамдылық, қандай жағдайда да өз еркін билей алу, өзгелердің жүйкесіне кері әсер етпеу, кашанда көмекке дайын тұру, бәсекелесіне құрметпен карау, төзімділік сияқты ізгі касиеттер эстетикалық тәрбиелеудің нәтижесінде жүзеге асатын адамгершілік сипаттар болып табылады.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ПРОКАРИОТ ЖӘНЕ ЭУКАРИОТ ЖАСУШАЛАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ТАҚЫРЫБЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Отаралин Мейрамбек Жаксылыкович

Ақтөбе облысы, Ембі қалалық мектеп жанындағы интернаты бар №7 жалпы білім беретін орта мектептің биология пәні мұғалімі

Жасуша — тірі организмдердің (вирустардан басқа) құрылымының ең қарапайым бөлігі, құрылысы мен тіршілігінің негізі; жеке тіршілік ете алатын қарапайым тірі жүйе. Жасуша өз алдына жеке организм ретінде (бактерияда, қарапайымдарда, кейбір балдырлар мен саңырауқұлақтарда) немесе көп жасушалы жануарлар, өсімдіктер және саңырауқұлақтардың тіндері мен ұлпаларының құрамында кездеседі. Тек вирустардың тіршілігі жасушасыз формада өтеді.

«Жасуша» терминін ғылымға 1665 жылы ағылшын жаратылыстанушысы Р.Гук (1635 – 1703) енгізген. Тіршілікті Жасуша тұрғысынан зерттеу – қазіргі заманғы биологиялық зерттеулердің негізі.

Жасушаның диаметрі 0,1 – 0,25 мкм-ден (кейбір бактерияларда) 155 мм-ге (түйеқұстың жұмыртқасы) дейін жетеді. Көпшілік эукариотты организмдер Жасушасының диаметрі 10 – 100 мкм шамасында. Жаңа туған жас сәбилерде – 2×1012 Жасуша, ал ересек адамның организмінде – 1014. Жасуша болса, организмнің кейбір тіндерінде Жасуша саны өмір бойына тұрақты болады. Жасушаның тірі заты – протоплазма. Ол биол. мембраналармен (жарғақтармен) шектелген биополимерлердің тәртіптелген құрылымдық жүйелері – цитоплазма және ядродан тұрады.

Жасуша ядросының құрамындағы әмбебап органоидты хромосома, ал цитоплазма құрамындағыларды –

- рибосома,
- митохондрия,
- эндоплазмалық тор,
- Гольджи кешені,
- лизосома,
- клеткалық мембрана деп атайды.

Рибосома Жасушадағы ақуыздың түзілуін қамтамасыз етеді, ақуыз синтезі орт. деп қаралады. Оның диаметрі 20 – 25 нм. Рибосома цитоплазмада бос күйінде де, жалғасқан түрде де, сондай-ақ барлық тірі организмдердің Жасушасында кездеседі.

Цитоплазма – ядроны қоршап жатқан Жасуша бөлігі. Оның құрамындағы химиялық макро және микроэлементтерден күрделі органикалық қосылыстар (ақуыздар, көмірсулар, липидтер, нуклеин қышқылдары, гормондар, ферменттер, витаминдер, тағы басқа) және минералдық заттар түзіледі. Митохондрия – Жасушаның тыныс алу процесін қамтамасыз ететін органоид.

Митохондрияның ұзындығы 10 мкм-дей, диаметрі 0,2 – 1 мкм, саны 1-ден 100 мыңға дейін болады. Жасушадағы негізгі энергия тасушы зат – аденозин үш фосфор қышқылы. Бактерия, көк-жасыл балдырлар, т.б. тыныс алу процесін Жасуша мембранасы атқаратын организмдерде митохондрия болмайды.

Ядро – организмдегі ақуыздық алмасуды реттеу арқылы тұқым қуалаушылық қасиеттерді ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін жасушаның негізгі бөлігі.

Эндоплазмалық тор – цитоплазмадағы көпіршіктердің, жалпақ қапшықтардың және түтікше құрылымдардың торлы жүйесі. Бұл әртүрлі иондарды, қоректік заттарды тасымалдайды, липидтер мен көмірсулардың (полисахаридтер) алмасуына және улы заттарды залалсыздандыруға қатысады.

Гольджи кешені – бір-бірімен қабаттаса тығыз орналасқан жалпақ жарғақты 5 – 10 «цистернадан» және олардың шетіндегі ұсақ көпіршіктерден құралған органоид. Мұнда өндірілген өнімдер жинақталып, пісіп жетіліп, сыртқа шығарылады, Жасуша лизосомаларының түзілуіне қатысады.

Лизосома – қабырғасы мембранамен шектелген, қуысында ас қорыту ферменттері (протеиназа, нуклеаза, глюкозида, фосфатаза, липаза, тағы басқа) бар ұсақ көпіршіктер. Көпіршіктердің диаметрі 0,2 – 0,8 мкм. Лизосома ферменттерінің (20-дан астам) көмегімен Жасуша ішіндегі ас қорытуға және Жасуша құрамындағы жарамсыз құрылымдарды ыдыратуға қатысады.

Жасушалық мембрана – Жасуша цитоплазмасын сыртқы ортадан немесе Жасуша қабықшасынан (өсімдіктерде) бөліп тұратын Жасуша органоиды. Оның қалыңдығы 7 – 10 нм. Негізінен Жасуша мен оны қоршаған сыртқы орта арасындағы метаболизмге (зат алмасуға) қатысады, сондайақ, Жасушаның қозғалуы мен бір-біріне жалғануында үлкен рөл атқарады. Жасушаның жалпы құрылысы жануарларға да, өсімдіктерге де тән. Бірақ өсімдік Жасушасының құрылымы мен метаболизмінде жануарлар Жасушасына қарағанда біраз айырмашылық бар. Өсімдіктер Жасушасының біріншілік плазмолеммасы күрделі полисахарид негізінде (матрикс) орналасқан целлюлозды микрожіпшелерден құралған. Микрожіпшелер өсімдік Жасушасы қабырғасының тіректік қаңқасын түзеді. Көп өсімдіктер беріктік қасиет беретін – екіншілік Жасуша қабықшасын (целлюлозадан) түзеді. Өсімдік Жасушаның целлюлоза талшықтары күрделі полимерлі зат – лигнинді сіңіріп, қатаяды да Жасуша қабықшасы беріктенеді. Өсімдік Жасушасының цитоплазмасында арнайы органоид-пластидтер – хлоропласт, хромопласт, лейкопласт бар.

Жасуша теориясы - тіршіліктің негізін құрайтын жасушалардың құрылымы, көбеюі және көпжасушалы организмдерді қалыптастырудағы қызметі туралы жинақталған ұғым. Жасуша теориясының даму тарихы 300 жылға созылды. Оны зерттеуде әртүрлі оптикалық әдістердің дамуы микроскоптың жетілдірілуіне негізделді. Алғашқы микроскопты 17 ғасырда ағылшын физигі Роберт Гук (1635-1703ж.) жасаған. Ол микроскоппен 1662 жылдан бастап түрлі объектілерді:тығын шұрықтарын (пораларын), қымыздық, қамыс және басқалардың ішкі қуыстарын көрді. Гуктің микроскопы қаралатын затты жүз еседен астам ғана үлкейтіп көрсететін болған. Роберт Гук өсімдіктерді микроскоп арқылы қарап отырып,олардың ұлпаларынан ара ұясы тәрізденген құрылысты тапқан.Ол осы ұяларды грек сөзімен “целлюлла“- “жасуша” деп атады. Бұл жерде Роберт Гук тіршілігін жойған жасушалардың ұяшығын ғана көрген еді. 17 ғасырдың 70-жылдарынан бастап голландық Антони Ван Левенгук объектіні үш есе үлкейтетін микроскоп жасап, оның көмегімен судағы біржасушалы организм-кірпікшелі кебісшені тұңғыш рет көрді. Тірі жасушаны алғаш рет 1839 жылы чех ғалымы Ян Пуркинье көрген еді. Ол жасушаның ішіндегі сұйықты протоплазма немесе алғышқы плазма деп атады.Қазір протоплазма тек тарихи дерек ретінде ғана пайдаланылады, оны ғылыми тілде цитоплазма дейді.

Жасуша органоидтары – жасушалардың тұрақты арнаулы бөлігі. Жасушаның қызметі тек органоидтардың көмегімен ғана орындалады.

1.**Эндоплазмалық тор** (ЭПТ) - (гр. *эндо* - ішкі, гр. *плазма* - жапсырылған) - жасушаның ішін түгелдей бірімен-бірі тығыз байланысқан түтікшелермен торлап жататын 2 жарғақшалы түзіліс. Сыртқы жарғақшаларына рибосомалар бекінсе - түйіршікті ЭПТ, бекінбесе, тегіс жарғақшалы ЭПТ дейді. Тегіс жарғақшалы ЭПТ майлар мен полисахаридтердің алмасуына қатысады. Түйіршікті жарғақшалы ЭПТ рибосомаларында нәруыздар синтезделеді. ЭПТ торланған түтікшелері жасуша ішіндегі басқа органоидтардың қатынас жасауына көмектеседі.

2.**Рибосома** (рибонуклеин қышқылы, лат. *soma* - дене) - цитоплазмада бос күйінде, жарғақшаға (ЭПТ) бекінген күйінде

болатын нәруызды дөнек тәрізді өте ұсақ органоид. Ол нәруыз синтезіне қатысады

3.**Митохондрия** (гр. *mitos* -жіпше, гр. *chondrion* - дәнек) - барлық тірі жасушаларда болады. Пішіні таяқша, жіпше, дәнек тәрізді түзіліс. Жасушада ондаған, мыңдаған митохондриялар кездеседі. Сыртын 2 қабатты жарғақша қаптайды. Сыртқы жарғақшасы тегіс, ішкі жарғақшасы қатпарлы. Митохондриялар - май қышқылдарьш синтездеп, жасушаларды энергиямен қамтамасыз ететін энергия жинақтаушы құрылым. ішкі жарғақшадағы ферменттер глюкоза мен аминқышқылдарды ыдыратып, май қышқылдарын тотықтырады.

4.**Лизосома** (гр. *mitos* - еріту, гр. *soma* - төн) - домалақ немесе сопақша пішінді, бір қабатты жарғақшалы түзіліс. Құрамындағы ферменттердің әсерінен нәруыз молекулаларымен полисахаридтерді ыдыратады. Жасушаға түскен бөгде заттарды ерітеді.

5.**Гольджи жиынтығы** - ядроға жақын, жасуша орталығын (центриоль) айнала қоршап жататын көпіршік, түтікше тәрізді түзіліс. Жасушада заттардың тасымалдануына, қажетсіз соңғы өнімдердің жасушадан шығарылуына қатысады.

6.**Жасуша орталығы** - центриоль (лат. *centrum* - орталық нүкте, орталық) Гольджи жиынтығына жақын орналасқан цилиндр пішінді 2 денешік. Жасуша бөлінуінің алғашқы кезеңінде 2 центриоль бірінен-бірі екі полюске карай ажырайды. Ортасында ұршықша жіпшелер пайда болады. Жасушалардың бөлінуіне қатысады.

Прокариот және эукариот жасушалардың құрылысы тақырыбына арналған тапсырмалар

1 тапсырма

Төмендегі жасуша суреттерінен қызметі ұқсас жасуша оргонойдтарын анықтаңыз.





_____


_____

_____

2 тапсырма

Жасуша органойдтерін тізбектеңіз

ЖАСУША ОРГАНОИДТЕРІ



3 тапсырма

Кестені толтырыңыз

Бактерия жасушасының құрылысы	Өсімдік жасушасының құрылысы	Жануар жасушасының құрылысы

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Салық Рысжан Жұмағұлқызы

Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы №42 бастауыш мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Математикалық сауаттылықтың әдістемесі мазмұнын кіші жастағы оқушыларға математиканы оқытудың әдістемелік ерекшеліктерін сипаттайтын ережелер, сондай-ақ оқытуда дамытушылық және тұлғалық-іскерлік тұрғыдан қарау әрекеті құрайды.

Математикалық сауаттылықтың мақсаты бүгінгі күн талабына сай, жан-жақты дамыған, белсенді, өмірге талпынысы, тұрақты қызығушылығы бар, алған білімді іс- әрекетте еркін қолдану дағдысы қалыптасқан тұлға.

Математика білім мазмұнының ең алғашқы бастамасы бастауыш буында жүзеге асатыны белгілі. Себебі, бастауыш буында жоғары сыныптарда оқылатын бүкіл пәннің іргетасы қаланып қана қоймайды, сонымен қатар білім алуға талпынушылық, яғни балалардың оқу әрекеті, танымдық белсенділік, жеке бастың адами қасиеттерінің негізі осы кезеңде қаланады. Сонымен қатар, осы кезеңде баланың белсенділігі, оның рухани және дене күші де дами бастайды. Осы жасқа лайықты мазмұн мен оны оқытудың әдісін саралау, бала жанына жақын қарым-қатынас арқылы оларды дамыту мәселесін ғылыми жолға қою оңай мәселе емес.

Бастауыш баласы үшін жаңа рөл - оқушы, жаңа әрекет - оқу болса, осы мәселелерге олардың шаршамай, жалықпай, қызығушылықпен араласып кетуіне, маңайы мен қарым-қатынасының күшеюіне жағдай жасау мұғалімнің шеберлігін және осы жастағы оқушының психологиялық ерекшелігін жете білуін керек етеді.

Бастауыш сыныптардағы математикалық сауаттылық оқыту материалының мазмұны кіші жастағы оқушылардың математикалық дайындығына, білім, білік және дағдылар деңгейіне қойылатын талаптардың өзгеруімен байланысты дәстүрлі модельге елеулі түзетулер енгізген жаңа мектеп бағдарламасымен анықталады. Ал функционалдық сауаттылық пәндік сауаттылыққа қарағанда кіші ұғым, немесе оның саласы болып есептелінеді. Осыған орай функционалдық математикалық сауаттылық дегеніміз - пәнде игерген білімді іс-әрекетте, тұрмыс- тіршілікте қолдана білуі.

Оқушыда функционалдық математикалық сауаттылық қалыптастыру үшін ең алдымен пәндік сауаттылық қалыптасуы керек.

Математиканы оқыту мен математика пәнінен сауаттылықты қалыптастырудың негізгі мақсаттарына тоқталайық:

1) Математика –барлық ғылымдардың логикалық негізі – күре тамыры ретінде қарастырылады;

2) Математика, ең алдымен оқушылардың дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады, дамытады және оны шыңдай түседі;

3) «Математикалық сауаттылық» (ауызша және жазбаша) қабілетін қалыптастыру арқылы оқушының «математикалық сауаттылықты» меңгере білу қабілетінің болуы;

4) Математика әлемде болып жатқан түрлі құбылыстарды, жаңалықтарды дұрыс қабылдап, түсінуге көмектеседі;

5) Математиканың болашақ тұлғаны моральдық, эстетикалық және этикалық тұрғыдан да тәрбиелік мәні бар.

Математика дүниетанымды қалыптастыруда, математикалық модельдеу идеяларын ұсынады, математикалық сауаттылық жалпы функционалдық сауаттылықты меңгеруде математикалық білім мен біліктіліктің алар орны ерекше. Математикалық сауаттылық математикалық сөйлеу және жазу мәдениетіне қоршаған ортаны және олардың заңдылықтарын баяндау, оны оқып үйренудің оқушылардың дүниенің ғылыми бейнесін меңгерудегі басты құралы ретінде ерекше көңіл бөлу қажет. Математикалық сауаттылық оқушылардың математикалық текстi оқуына, жазуына және қайта айтып беруіне, жазылғандар мен айтылғандарды түсіне білуіне ең төмен талап ретінде қарау қажет. Сонымен математикалық біліктіліктердің негізгі құрамдас, толыққанды тіршілік жасауға қажеттілік ретінде оны арнай, бағдарлы түрде дамытып, қалыптастыру керек.


Математика пәнін игеру барысында оқушыларды математика ұғымдарын оқумен бірге өзінің ойын жеткізе білуге, оқыған математикалық ұғымдарды дұрыс тани біліп, қолдана алуға баулудың маңызды айрықша екендігі белгілі. Математикалық ұғымдарды біліп қана қоймай, оның қолдану ерекшеліктерін ұғуға, оларды іс- тәжірибеде қолдана алуға үйрету қажеттігі туындайды.

Математикалық ұғымдарды оқытуда, келесі мәселелерге көңіл бөлу қажет:

а) математиканы, қарапайым ұғымдарды мектепте оқытуда теориялық жақтарын таныстырумен бірге, іс-тәжірибеде қолдана алу бағытында жұмыс жүргізу;

ә) математикалық ұғымдарды үйретуді олардың жас ерекшеліктеріне байланысты күнделендіріп, алған білімді тұрмыс- тіршілікте қолдана білуге үйрету;

б) математикалық ұғымдарды қалыптастыруды сабақта, сыныптан тыс жұмыстарда жүргізу.



Шакибаева Салтанат Абубакировна

Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы Ембі қалалық №4 ЖББО мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуына байланысты, заманауи ақпараттық қоғамның талаптарына сай білім беру процесі де цифрландыру жағдайында өзгеріп келеді. Білім беру жүйесіне ықпал ете отырып, цифрландыру үдерісі оқушылардың бойында олардың ақпараттық қоғамда өмір сүруге дайын болуына, осы қоғамда өз орнын табуына бағытталған құзыреттері мен дағдыларының қалыптасуы тұрғысындағы оқытудың белгілі бір нәтижелерінің болуын қажет етеді.

Цифрландыру дәуірінде Интернет желісін пайдалану, мобильдік байланыс құралдарын, электрондық құрылғылар мен мобильдік қосымшаларды қолдану оқушылар үшін бастауыш мектептен бастап-ақ қажеттілікке айналып отыр және бұл нормативтік құжаттарда қажетті талап ретінде қарастырылып отыр. Қазіргі балалардың компьютерлік сауаттылық негіздерін құлшыныспен меңгеретіні туралы қазақстандық зерттеушілер А.Бактыбековаңың, М.С.Муқановаңың және Ш.Т.Ержановаңың пікірлерімен келісеміз. Олар киберкеңістіктерде өздерін өте еркін сезінеді, жаңа технологиялар мен мүмкіндіктер туралы олар пайда болған сәттен бастап біліп отырады. Заман талаптарына және мектеп оқушыларының қазіргі буынының ерекшеліктеріне байланысты Қазақстан Республикасының бастауыш жалпы білім беру мемлекеттік стандартынан туындайтын басты талаптардың бірі – бастауыш мектепте ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, оқушылардың цифрлық сауаттылық бейімділіктерін, сондай-ақ әлеуметтегі қауіпсіз мінез-құлық бейімділіктерін алуы. Кішкентай мектеп жасындағы оқушылардың цифрлық сауаттылығын қалыптастырудың маңыздылығы мен қажеттілігі даусыз, өйткені бұл замана талабы болып табылады, сонымен қатар бұл қазіргі заманауи білім беру ортасында табысты оқытуға мүмкіндік беретін, тұлғаның цифрлық қоғамда әлеуметтенуінің маңызды факторы. Цифрлық сауаттылық ұғымы отандық және шетелдік педагогикада кеңінен қолданылады. A. Martin және басқа да авторлардың пікірі бойынша, цифрлық сауаттылық әр нәрседен хабардар болу, цифрлық құралдарды және сәйкестендіруге, қол жеткізуге, басқаруға, кіріктіруге, бағалауға, цифрлық ресурстарды талдау мен синтездеуге, жаңа білімдерді құрастыруға, медиахабарламалар жасауға, басқа адамдармен өмірдегі нақты жағдайларда араласуға арналған құралдарды тиісінше, конструктивті әлеуметтік әрекетті қамтамасыз ету және осы процестер бойынша ой өрбіту үшін қолдана білу деп саналады.

Біздің ойымызша, цифрлық сауаттылықты дамыту тек оқу нәтижелеріне қол жеткізуге жағдай тудыратын ғана емес, сонымен қатар оқушылардың цифрлық дағдылар деңгейін арттыра алатын цифрлық білім ортасының жұмыс істеуі арқылы қамтамасыз етіледі. Бүгінгі таңда цифрлық сауаттылық мектептерде компьютерлік техника,

Интернет желісі, электрондық журнал, қашықтықтан оқытуды жүзеге асыратын платформа, цифрлық ресурстар және өзге де компоненттердің көмегімен іске асырылады. Осылайша, бастауыш сынып оқушыларының цифрлық білім ортасында цифрлық технологиялар, цифрлық білім беру ресурстары, араласу, педагогикалық технологиялар сияқты компоненттерді атап өтуге болады.

Бастауыш сынып оқушыларының цифрлық сауаттылығындағы ең негізгі және аса қажетті бейімділіктері:

- Ақпараттарды түсіну және пайдалана білу (цифрлық контентпен жұмыс істеу);
- Цифрлық дереккөздерді бағалау, жүйелеу және ақпараттарды бағалай білу;
- Цифрлық құралдарды пайдалана отырып ақпараттар жасай білу (гаджеттерді цифрлық ортадағы оқу құралы ретінде қолдана білу);
- Коммуникация дағдылары (цифрлық кеңістікте, әлеуметтік желілерде араласу мәдениеті);
- Цифрлық қауіпсіздік дағдылары (цифрлық технологияларды өмірде қауіпсіз қолдана білу).

Бастауыш сынып оқушыларының цифрлық сауаттылығын қалыптастыруға арналған цифрлық білім ортасының мүмкіндіктерін қарастырып көрейік. Білім ортасының мүмкіндіктері деп біз алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге арналған әлеуеттің болуын қамтамасыз ететін шарттардың, міндеттемелердің жиынтығын қарастыратын боламыз. Компонеттердің сипаттамаларын кіріктірудің негізінде біз мектептің цифрлық білім ортасы цифрлық сауаттылықты қамтамасыз етуде келесі мүмкіндіктерге ие деген қорытынды жасауға мүмкіндік аламыз.

- мағыналық – цифрлық технологияларды қолданудың мақсатын, оның оқытудағы, өзіндік білім алудағы, өзін-өзі іске асырудағы рөлін, оларды пайдаланудағы қауіпісіздік нормаларын түсіну;
- мәндік-материалдық – оқытудың нақты жағдайлары, цифрлық ортаны мәндік-материалдық тұрғыдан қамтамасыз ету;
- әлеуметтік – оқушылардың мақсат-мүдделерінің ортақтығынан, бірлескен қызметтерден туындайтын қауымдастығы;
- технологиялық – бастауыш сынып оқушыларының цифрлық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған педагогикалық әдістер, құралдар, нысандар, ақпарат жасаудағы бастама көтерушілік, жауапкершілік, дербестік.

Цифрлық білім ортасының жоғарыда көрсетілген мүмкіндіктері, егер олар сабақ беретін ұстаздың осы пәннің ерекшеліктерін, өз сыныбындағы оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеруімен әзірленген болса еселене түсетінін атап өтуіміз керек. Біздің ойымызша, мұғалім әзірлеген цифрлық білім ортасы мыналарды қамтиды: сабақтардың тақырыптарына арналған мультимедиялық таныстыруларды қамтитын цифрлық оқу ресурстары, материалдарды бекітуге арналған аудио, видеофайлдар, онлайн ойындар, тақырыптарға арналған бақылау тапсырмалары. Сонымен қатар, цифрлық оқу ортасы оқушылардың бір-бірімен араласуын, кері байланысты, мысалы араласуға арналған чаттарды қамтамасыз етуі тиіс, осы чаттарда оқушылар өзін қызықтыратын сұрақтарды мұғалімге немесе сыныптастарына жолдап, көмек сұрай алады, және т.с.с. Бастауыш сынып оқушыларының цифрлық сауаттылығының жоғары деңгейде болуы олардың бастамашылдығын, дербестігін, танымпаздығын дамытады, мұғалім қызметінің мүмкіндіктерін кеңейте түседі, өйткені бұл ретте бастауыш сынып оқушылары мен мұғалімнің арасында әріптестік өзара қарым-қатынастар нығаяды. Бастауыш сынып оқушылары үшін цифрлық сауаттылық тек мектеп аясындағы цифрлық кеңістікте ғана емес, сонымен қатар мектептен тыс ортада да барынша тиімді жұмыс нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз ететін болады. Қорытынды Бастауыш сынып оқушыларының цифрлық сауаттылығы

бастауыш сынып мұғалімдері қызметінің аса маңызды міндеттерін білдіреді. Оқыту сапасы, білім беру мүмкіндіктерінің кеңдігі бастауыш сынып оқушыларының цифрлық сауаттылық деңгейіне тікелей байланысты. Қазіргі бастауыш сынып оқушылары «Z» буынына жатады, Интернетті, гаджеттерді қолдану дағдыларын туылғаннан бастап біледі, бірақ бұл олардың цифрлық білім ортасындағы сауаттылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ете алмайды деген пікірлерде қайшылықтар бар. Цифрлық сауаттылық ақпаратпен жұмыс істеу, араласу, шығармашылық, цифрлық қауіпсіздік дағдыларын да қамтиды. Цифрлық сауаттылық оқушыларға цифрлық контенттерді жасауға және олармен алмасуға, араласуға және тиімді тұрғыдағы шығармашылық әлеуеттерді іске асыруды ұйымдастыруға мүмкіндік береді, цифрлық сауаттылық цифрлық білім ортасында қалыптасады. Бастауыш сынып оқушыларының цифрлық сауаттылығын қалыптастыру үшін цифрлық білім ортасының мүмкіншіліктерін пайдалану қажет, бұл ретте педагогтар мен ата-аналардың тараптарынан біржүйелілік, кешенділік және цифрлық бейімділіктерді алу, әсіресе ақпараттық қауіпсіздік дағдыларына үйрену үдерісіне деген бақылау қажет етіледі.



«MENTOR» ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫНАН «ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛЫНЫҢ

ТАЛАПТАР/ШАРТТАР

Авторлар қолжазбаларды мұқият тексеріп, түзетуі тиіс;

• автордың аты-жөнін (толық), ғылыми дәрежесін, атағын, қызметін, мекеменің толық атауын көрсету қажет;

• мақала авторының фотосуреті болуы шарт және өлшемі 3500*5500 пикселден (6х12 мм, 300 dpi кем емес) кем болмауы тиіс;

• мақалаға оның мәні мен идеясын айқындайтын сюжетті фотосуреттерді тіркеп жіберуге болады (сканирленген фотосуреттердің өлшемі 10х15 мм, 300 dpi кем емес);

• пайдаланған кестелер, диаграммалар, графиктерді, пайдаланылған бағдарламалардың (Word, Excel, PowerPoint және т.б.) бастапқы пішімінде материалға қоса тіркеу қажет;

• мақала көлемі атауы мен әдебиеттер тізімін қоскқанда 3 беттен аспауы қажет;

• мақаланы төмендегідей талаптарға сәйкес ресімдеу керек: Microsoft Word, кегль – 12 пункт, гарнитурасы - Times New Roman, парақ пішімі - А4, жиектері - 2 см, жоларалық интервал – жалаң, бірінші жол – 1, 25 см бос жер, азат жолға дейінгі және кейінгі интервал – 0 см;

ТРЕБОВАНИЯ/УСЛОВИЯ

Рукописи должны быть тщательно выверены и отредактированы авторами;

• необходимо указывать: фамилию, имя и отчество автора (полностью), учёную степень, звание, должность, полное название учреждения;

• фото автора статьи обязательно и должно иметь размеры не менее 3500*5500 пикселей (не менее 6х12 мм, 300 dpi), фото в статью не помещать;

• желательно сопроводить статью сюжетными фотографиями, которые будут отражать суть и идею статьи (размер отсканированных фото не менее 10х15 мм, 300 dpi);

• используемые таблицы, диаграммы, графики должны прилагаться к материалам в исходном формате используемых программ (Word, Excel, PowerPoint и др.);

• аннотация должна содержать только главную информацию статьи, не превышать объем 6 строк, выполняться на двух языках, отличающихся от языка статьи (пример: если статья написана на русском языке, то аннотация пишется на английском и казахском);

• максимальный объем статьи не более 3 страниц, включая название, список литературы;

• статью оформлять в соответствие с требованиями: Microsoft Word, кегль – 14 пунктов, гарнитура - Times New Roman, формат листа - А4, поля - 2 см, междустрочный интервал – одинарный, первая строка – отступ на 1, 25 см, интервал перед и после абзаца – 0 см;

Эл. почта: kalam2025@mail.ru